Лингвистикалық терминдерді концептуалды тұрғыда қарастыру ғылымдағы жаңа бағыттарға жол ашады. Лингвистика ғылымындағы бұғанға дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі-құрылымдық парадигмаларды жаңаша қарастырып, терминологиялық процестердің концептуалды өзегі арқылы термин табиғатын ұғынуға жаңаша ұмтылыс жасайды. Лингвистикалық терминдер көбіне көп жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланыс жасап, осы саладағы тоғыспалы ғылымдардың ауқымын кеңейтеді.

Лингвистикалық терминдер - өзіндік құрылымдық, семантикалық, деривациялық, функционал-дық ерекшеліктері бар тіл білімінің басты категориясы. Лингвистикалық терминдер тіл қызметінің әр алуан түрлерін көрсетіп, тіл білімінің ғылыми, кәсіби деңгейлерін анықтайды. Сондықтан терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби және өндірістік салалардың, ғылыми таным мен әлем көрінісінің дамуын бейнелейді. Лингвистикалық термин тіл білімінің негізгі концептуалды өзегін құрайды. Лингвистикалық терминдерсіз тіл білімі ғылымның техникалық, кәсіби, өндірістік салаларының дамуы мүмкін емес. Лингвистикалық терминдер арқылы тіл әлемі түсінігі жайлы арнайы білім, ұғым-түсініктер, сонымен

қатар, адамның ойлау қабілетінің, танымының, ақиқат шындықтың бейнеленуі мен көрінісінің ерекше бір түрдегі концептуалды негізін сипаттайды.

Лингвистикалық терминдер - тіл білімі қызметінің барлық ғылыми нәтижелерін жария етіп, ғылыми қолданысқа енгізетін негізгі канал болып табылады. Тіл білімі ғылымына қатысты терминдердің табиғатын танытатын бірден-бір сала лингвотерминология болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде лингвотерминология өзіне тән терминдер туралы ғылым санатындағы лингвистика мен тілді танып білуге ықыласты қоғамның арасын жалғайтын тілдесім қызметін атқарады деуге болады.

Лингвистикалық терминологияның қазақ тіл білімі ғылымындағы орны ерекше. Себебі, қазақ тіл білімінің терминологиялық қоры қомақты, көптеген қазақ тіл біліміне тән терминдер түпкі сөздік қорды құраушы өте көне лексикалық бірліктер болып табылады. Сондай-ақ лингвистикалық терминдер қазақ тілінің құрылымымен тығыз байланысты болып, қазақ тіл білімі терминологиясы тіл білімі ғылымының сан ғасырлық тарихымен өзара берік байланыста. Аталған лингвистикалық терминдердің (атауларының) жан-жақты сипатына қарай олардың ерекшеліктерін әр-алуан аспектіде қарастырып, ғылыми концептуалды арналарда зерделеуге болады.

Лингвистикалық терминдерді концептуалды аспектіде зерттеудің маңызы зор, себебі лингвистикалық терминдер көптеген ғылыми ұғым-түсініктердің негізгі ғылыми тірегі болып табылады. Қазақ тіл біліміне тән терминдердің ғылыми-теориялық маңызы жоғарыда көрсетілген аспектілермен шектелмейді, себебі лингвистикалық терминдердің семантикалық ауқымы өте кең, басқа тілдерді қамтитын мағыналық параллельдері айтарлықтай семантика-когнитивтік сипатта болады.

Лингвистикалық терминдердің концептуалды негізі көп жағдайда оның тіл білімі саласындағы ұғымдар жүйесіндегі орнына байланысты. Мұнда лингвистикалық терминдердің табиғатының екі жақты қасиетін көруге болады. Яғни лингвистикалық терминдер тіл білімі ғылымның логикалық жүйесінен орын алатын таңба ретінде және тіл білімінің басты терминдік бірлігі ретінде қаралады. Лингвистикалық терминдердің семантикасына олардың белгілі бір категорияға жататыны ықпал етеді. Мұндағы категорияларға негізінен ақиқат өмірдегі заттар, процестер, құбылыстар, қасиеттер және т.б. жатқызуға болады.

Лингвистикалық терминдердің концептуалды сипаты мен тілдік табиғатын қарастырып, оған жан-жақты сипаттама беруде лингвистикалық белгілеріне ерекше назар аудару қажет. Лингвистикалық терминдердің тілдік бірлік ретіндегі ерекшелігі, оның лексикалық бірлік қызметінде де айқындалады. Лингвистикалық терминдердің аталымдық қасиеті терминдік бірліктің ұғым атауының қызметін білдіреді. Ғылымдағы ұғым белгілі бір ғылым саласына жататындықтан, термин де белгілі бір саланың элементі болып табылады. Жалпы терминдердің аталымдық қасиетіне қатысты Т.Л. Канделаки: «Терминнің аталымдық сипаты, атап айтқанда зат есім немесе олардың негізінде құралған сөз тіркестері терминдердің арнаулы тілдік бірліктер ретінде қарастырылуына байланысты» дегенді айтады [1, 15 б.]. Сондай-ақ ғалым келесі бір еңбегінде термин мағынасының шектеулігі мен айқындылығына қатысты «Термин - нақты ұғымды білдіріп арнаулы сала аясындағы ұғымды белгілейтін сөз немесе сөз тіркесі» деген байлам жасайды [2, 46 б.].

Лингвистикалық терминдер семантизациясының ғылыми мәнінде метатіл функциясы ерекше көзге түседі. Мұндағы метатіл - металингвистиканың зерттейтін объектісі, ал металингвистика - тілді тұтынушы адамдардың танымдық жүйесімен, ақиқат әлеммен өзара сабақтастықта тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Металингвистика сөздің адам саңасындағы қабылдануы, әртүрлі тілдік мәнмәтіндердегі ассоциативті ситуацияларды анықтауда, семантикалық қатынастардың санадағы саралану жолы мен тілді меңгерудегі заңдылықтарын, сондай-ақ адамзат тілін қарастыратын «екінші қатардағы» тіл туралы мәселелерді қарастыратын ғылым. Аталған мәселелер металингвистикалық қызметтің негізгі концептуалды өзегін көрсетеді.

А.Н. Рацова: «Термин мағынасын ашу тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады, яғни тіл өзі туралы мәлімет бере алады. Осылайша дефиниция - тілдің метатілдік қызметін атқаратын мәтін, ерекше метамәтіндік құрылым. Метамәтінді сөйлеушінің пікірі ретінде мәтіннің түрі ретінде қарастырамыз», - дейді [3,55 б.]. Яғни, терминологиядағы дефиницияны ерекше метамәтіндік құрылым деп тануға болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылатын лингвистикалық терминдердің концептуалды негізін айқындауда лингвистикалық факторлардың маңызы ерекше. Мұндағы лингвистикалық факторды қазақ тілінің ішкі заңдылығымен қатар, өзіндік ерекшелігінен туындайтын себеп-салдарды көрсететін

көрсеткіш деп тануға болады. Лингвистикалық терминдердің теориялық негізінің беріктігі ең алдымен лингвистикалық терминдердің жасалу тәсіліне тікелей байланысты. Ш.Құрманбайұлы: «Жалпы лексика негізінен сөздің тура мағынасының метафоралануы, сөз мағынасының тарылуы, кеңеюі (яғни нақтылануы) және калькалану тәсілдері арқылы терминденеді» [4, 155 б.], - деген пікірінен терминологиядағы термин жасаушы тәсілдердің қай-қайсысы да қазақ тіл білімінің лингвистикалық терминдерінің жасалуында ерекше қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Жалпы тіл білімі тарихында орын алған ғылыми көзқарастар мен бағыттардың концептуалды өзегі мен теориялық негізі қаншалықты берік болса, соған сәйкес белгілі бір тілдік терминдер тобына жататын атаулардың қызметі де ерекше болады. Ғылыми қолданыстағы лингвистикалық терминдер тілдік ережелерге сәйкес әр алуан қызмет атқарады. Тіл дамуының нәтижесінде тілге тән лингвистикалық нормалардың да өзгеруі заңды құбылыс. Сондай-ақ тілдік ортада болатын ғылыми салалық өзгерістер де тілдік нормаларға ерекше ықпал етеді.

Лингвистикалық терминдердің басқа сөздерден айырмасы мағына ауқымының кендігінен және қолданыс аясынан көрінеді. Жалпы көпшілікке бейтаныс белгілі бір саладағы кәсіби әрекет барысында қолданылатын ғылыми ұғымды, оның атауы мен мағынасын түсіндіру қажет. Лингвистикалық терминдердің генезисі, қоғамдық әлеуметтік жағдайдың тіл біліміне ықпалы, тілді, оның табиғаты мен тегіне байланысты көзқарастарды зерттеу ғылым дамуының жалпы мәселерімен бірге қарастыруды қажет етеді. Қазіргі кезде лингвистикалық терминдер теориясы қалыптасқан, концептуалды өзегі айқын сала ретінде тануға болады.

Жалпы терминологиядағы терминдік элементтер мен терминдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндағы лингвистикалық терминдер белгілі бір ғылыми ұғым мен тұжырымды білдірсе, терминдік элемент терминге түсінік беретін ғана қызмет атқарады. Осы мәселеге қатысты Т.Л. Канделаки «Терминоэлементы - это значащие части терминов, обусловленные признаками выражаемого термином понятия» деген пікір білдіреді [2,7 б.]. Жалпы терминдік элементтер жеке өзі тұрғанда терминдік мағына бермейді, терминге жанама көмекшілік қызмет атқарады. Тіл біліміндегі терминдік элементтерден аффикс, суффикс, префикс ұғымдарынан арасында үлкен айырмашылық жоқ. Аталған ұғымдар грамматика саласындағы жалпы сөздік құрамда бар тілдік қолданыста болғанымен, терминдік элементтер тек қана терминдерге ғана қызмет атқарады. Сонымен қатар терминдік элементтер жалпытілдік қолданыстағы лексикада қолданылған кезде терминдік элемент қызметінен ажырайды.

Лингвистикалық терминдердің концептуалды сипатының тілдік құбылыстарына тілдегі ортақ терминдік белгілер, әсіресе грек, латын тілдерінің сөз тудырушы жалғаулары мен префикстерін топтастыруда лингвистикалық терминдер жүйесін қалыптастырудағы маңызы ерекше. Сондай-ақ лингвистикалық терминдер жалпы терминологиядағы терминдік символдардағы ортақ тілдік құбылыстарға да қатысты болады.

Лингвистикалық терминдердің концептуалды өзегі мен теориялық негізіне жан-жақты талдау жасау арқылы, тіл-тілдегі ортақ халықаралық терминдер арасындағы элементтер мен белгілерін концептуалды талдау негізінде жүйелеу өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тіліндегі лингвистикалық терминология жүйесінде интернационалдық терминдер мен шет тілдерден енген элементтер көптеп кездеседі. Қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдердің біраз бөлігі грек-латын тілдерінен енген, немесе осы тілдерінің негізінде жасалған. Терминолог ғалымдар грек-латын тілі терминдері византия тілі арқылы орыс тіліне енді десе, ал қазақ тіліне орыс тілі және басқа тілдегі оқулықтар мен ғылыми байланыстар арқылы енген.

Жалпы лингвистикалық терминдік анықтамаларға қойылатын өзіндік талаптары болады. Олар негізінен лингвистикалық термин анықтамасындағы уәжділіктің болуы қажет. Сондай-ақ лингвистикалық термин анықтамасында тек бір мағыналы сөздер ғана қолданылуы қажет. Сол секілді әрбір лингвистикалық термин өз саласындағы терминологиялық өрістегі терминдер арқылы анықталуы тиіс.

Терминология ғылымындағы терминдерге қойылатын талаптар бойынша бір ғылыми ұғымға тек бір ғана атаудың (сөз) сәйкес келуі керек. Дегенмен де, ғылымның дамуы ондағы ұғымдар санының артуына әкеледі. Ал олардың барлығына терминологияда атау беру мүмкін емес. Осыған байланысты терминологияның әр саласында терминдік омонимдер санының артуы заңды құбылыс. Лингвотерминология саласында омонимдес терминдер көп болмаса да терминологиялық өрісте кездеседі.

Сөйтіп, қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық терминдердің концептуалды негізін зерттеу лингвотерминологияның ғылым саласындағы тыныс-тіршілігін, қолданыс өрісін нақты дәйектеп беретін

жұмыс болып табылады. Тіл біліміндегі лингвистикалық терминдердің қызметі тіл білімі салаларының дамуынан көрінеді. Жалпы лингвотерминологиядағы ғылыми ойды жүзеге асуы лингвистикалық терминдер теориясының концептуалды өзегінен және лингвистикалық терминдердің мағыналық өрістері арқылы көрінеді.

1. *Канделаки Т.Л. Значение терминов и системы значений научно-технических терминологий // Проблемы языка науки и техники: Сб.ст. - М.: Наука, 1970. - С. 3-39.*
2. *Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. - М.: Наука, 1977. -167 с.*
3. *Ростова А.Н. Метатекст как форма экспликации метаязыкового сознания. - Томск, 2000. -194 с.*
4. *Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен термин жасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-словарь, 2005. - 237 б.*

Резюме

В статье всесторонне изучается концептуальная основа лингвистических терминов языкознания с теоретической позиции. В исследовании также рассматриваются сфера применения лингвотерминологии и семантически-когнитивное содержание лингвистических терминов.

Summary

The article comprehensively examined the conceptual basis of linguistic terms of linguistics from a theoretical position. The study also examines the scope lingvoterminologii and semantic-cognitive content of linguistic terms.

МЕКТЕП СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ОҚЫТЫЛУ ЖАЙЫНАН

Ж.М. Бектұрғанова -

пед. ғыл.к. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ

Қазақ тілі стилистикасын оқыту тарихы алғашқыда баланың тілін дамыту мәселелерімен тығыз байланыста дамыды. Тіл дамытуда ана тілінің көркемдік болмысы мен байлығын танытуды мақсат еткен А.Байтұрсынұлының зерттеу еңбектері қазақ тілі стилистикасын оқытудың алғашқы лингводидактикалық мәселелерін алға тартқан еңбек болды деп айта аламыз. Ғалымның әдістемелік талдаулары мен теориялық зерттеулері стилистиканы мектепте оқытудың теориялық мәні мен практикалық мақсат- міндеттерін айқындауға негіз болады. А.Байтұрсынұлы «келісті сөздің» кестесін, мәтіннің көп қырлы сырлары мен әлеуетін терең байқап, оны дидактикалық мақсатта тиімді пайдалана алған ғалым. Оның жарқын үлгісін А. Байтұрсынұлының ТШонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралынан» көруге болады [2]. Мұнда зоология, биология, география, тарих, физика секілді ғылымдар туралы жан-жақты мәлімет беретін танымдық мәтіндер оқушылардың ойлау, қабылдау, ұғым-түсішктеріне сай жүйелі жинақталып берілген. «Мәселе білімді беруде емес, оны қабылдауға ыңғайлы етіп жүйелеуде. Бұл әрекеттер оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге бағышталған. Өйткені, басты мақсат - оқушыны білімді оймен қабылдауға, оны қорыта білуге үйрету» [2,19 б.]. Оқу құралы мақсаты жағынан айқын, дидактикалық жағынан мазмұны бай, әдістемелік мүмкіншілігі мол еңбек болып табылады. Ол ондағы мәтіндердің жинақталу тәжірибесінен анық көрінеді. Қазақ тілі стилистикасын оқытуда бұл еңбектегі мәтіндердің 1) тақырыптық жағынан ұтымды топтастырылып, жинақталуы; 2) мәтін мазмұнының бай, түсінуге ыңғайлылығы, жоғары эстетикалық талғаммен; 3) мәтін жанрларының түрлі дидактикалық мақсатпен (мысалы, мәнді жұмбақ түрінде, әңгіме, өлең, мысал, ертегі, хикая, т.б. жанрларда, бір ойды әр түрлі түйіндеу арқылы берілуі); 4) мәтіндердің арнайы реттік жүйемен (логикалық және мазмұндық байланысы бар); 5) берілген мәтіндердің энциклопедиялық мазмұнда берілуі оқушының көркемдік талғамы мен дүниетанымын қалыптастырып жетілдіруде, оқушыларды оқыта отырып рухани тазалыққа, сауаттылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алынады.

А.Байтұрсынұлы әсіресе қазақ тілі стилистикасының теориясы мен лингводидактикасын үлкен үлес қосты. Н.Сауранбаев пен Ә.Әбілқаев бұл мәселенің практикалық шешімін табуға тырысты. Олар

мәтін және стилистика ұғымдарын мектеп бағдарламасына арнайы енгізуге ұсыныс жасады.

Н.Сауранбаев 1941 жылы жазған «Ана тілін оқыту туралы» атты мақаласында стилистиканы мектепте оқытудың практикалық маңыздылығын айта келіп, оның әдістемелік міндеттерді нақты көрсетеді. Ғалымның стилистиканы бастауыштан бастап оқыту және оны оқытудың арнайы бағдарламасы мен оқулығын жазу туралы идеясы сол кез үшін қаншалықты маңызды болса, қазіргі таңда да ол өзінің өзектілігін жойған жоқ.

1965 жылы бұл мәселені Ә.Әбілқаев та көтерген болатын. Ол «... әдеби тілмен дұрыс сөйлеп, жазып үйренуде сөз байлығын өз қалауынша еркін таңдап ала білуде» стилистиканың әбден қажет екендігіне ерекше назар аударады. Сондай-ақ, оқушылардың «өмірлік қажеттіліктерін жақсы сезінуіне» жағдай туғызудағы стилистиканың әлеуетін жақсы көрсеткен. Сол себепті әдіскер «стиль жөнінен толық мағлұмат беріп, жазу, сөйлеу стилін қалыптастыруды» 7-сыныптың негізгі программалық материалына қосуды ұсынады [4].

Орта мектепте стилистиканы оқыту әдістемесі және қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негіздері А.Жапбаровтың зерттеулерінде жан-жақты сөз болды. Ғалымның «Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері» атты 1991 жылы шыққан зерттеу жұмысы стилистиканы оқытудың әдістемесін ғылыми тұрғыдан арнайы қарастырады. Автор бұл еңбегінде бағдарлама, оқулықтарға байланысты жалпы білім беретін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқушыларға стилистика, тіл стильдері туралы практикалық білім, дағды беретін жаттығулар мен материалдар жүйесі жасалынбағанын алға тартады. Сөйтіп, стилистика мен тіл стильдері туралы білімдерді орта мектепте мынадай 3 бағытта беруді ұсынады: 1. 5-6 сыныптарда функционалдық стилистика туралы алғашқы түсінік беру. 2. 7-8 сыныптарда стиль түрлерінің, әсіресе, кітаби жазба стиль түрлерінің ерекшелігін, тілдік құралдарды пайдаланудағы бір-бірінен айырмашылықтарын таныту. 3. 9-сыныпта *стилистика, функционалды стильдер мен практикалық стилистика* туралы білім мен дағды беру арқылы стильдерді іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру. Көріп отырғанымыздай, ғалым мектепте стилистикалық білімді ұсынудың екі бағытын ұстанады: 1) *тілдік құралдардың және көркемдегіш-бейнелегіш құралдардың стилистикасы*; 2) *қазақ әдеби тілінің функционалды стильдері*. [5,84 б.].

Стилистиканы дамыта оқытуда теориялық ұғым маңызды рөл атқарады. Дамыта оқытуда оқушыларға қажетті стилистикалық ұғымдарды стилистика ғылымының қол жеткен табыстарына сүйене отырып ұсыну, әдістемелік мақсатта тиімді пайдалану оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамытудың басты шарты болмақ. Әдістеме теориясыз жайдақ сипат алады, оның қолданбалы қасиеті де осында. Бүгінде қазақ стилистикасының теориясы көптеген іргелі зерттеулермен толықты. Дегенмен 1974 жылы М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілінің стилистикасы» күні бүгінге дейін бірден-бір басты оқулық болып қалып отыр. Одан бергі кезеңде А. Байтұрсынұлының шығармалар жинағы жарыққа шығып, ғылыми көпшіліктің игілігіне ұсынылды (1989 жылы). М. Серғалиевтің синтаксистік синонимдер, Ф.Мұсабекованың практикалық стилистика, Р.Сыздықтың Абай тілінің өрнегі, Х.Кәрімовтің, Е.Жанпейісовтің, Б.Хасанұлы мен Т.Қоңыровтың, Б.Шалабай т.б. көптеген ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектері дүниеге келді. Оның үстіне қазақ стилистикасы бүгінде антропоцентрилік бағыттағы жаңа зерттеулерге бет бұра бастады. Қазақ стилистикасының ішкі салалары да сараланып, жігі айқындала бастады. Осы орайда қазақ тілі стилистикасының жаңа оқулығына деген сұраныс та айқын байқалады.

А.Жапбаровтың «Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негіздері» атты келесі еңбегінде стилистика тіл дамытудың аясында қарастырылады. Бұл зерттеуде стилистика оқушылардың сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудың бір жолы ретінде қарастырылады және оны ұйымдастырудың мынадай ұстанымдары мен жүйесі көрсетіледі: 1) *сөйлеу мен ойлауды бірлікте қарау ұстанымы*; 2) *қатысымдық ұстанымы*; 3) *жағдайға, ахуалға ыңғайлылық ұстанымы*; 4) *сөйлеу әрекетін кешенді жүргізу ұстанымы*; 5) *әдеби тіл нормасын есепке алу ұстанымы*. Осы ұстанымдарға сәйкес тіл дамытудың да әдістерін жүйелейді [6,107 б.]. Бұл әдістердің барлығы сөздің қолданылу ерекшеліктері мен мағыналарын түсіндіруде, тілдің грамматикалық құбылысын меңгертуде, ауызекі сөйлеу тілінің сөздік қорын үйретуде бір мақсатқа бірігеді деп көрсетеді. Ғалым С.Рахметова тіл дамытуға «балалардың сөздігін байытуға, мағынаны түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазуша дұрыс білдіруге, яғни, «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге үйрету жұмысын айтамыз» [7,163 б.] деген

анықтама бере келіп, бастауыш мектепте үйретілетін тіл дамыту жұмыстарының мақсаттарын атап көрсетеді. Ғалым бастауыш мектепте тілді үйретуде оның стилистикалық, қолданымдық ерекшеліктерін басты назарда ұстайды. Тіл дамытудың: 1) оқушылардың сөздік қорын дамыту; 2) сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс жүргізу; 3) байланыстырып сөйлеуге үйрету жолдарын ұсынады. Бұл бағыттарда тіл дамыту жұмыстарын жүзеге асыруда мәтіннің ерекше жанрларын (газет мақала, пікір жазу, хат жазу, іс қағаздары, арыз, хабарландыру, құттықтау, телеграмма т.б.) пайдаланудың әдістемесін жасайды.

Стилистиканы оқытудың мәселелері шешендікке үйретудің әдістемесі аясында да зерттеу нысаны болды. Бұл ретге А.С. Қыдыршаев «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық диссертациясында шешендіктанудағы стильді қалтарысы мол, арнайы білімді қажет ететін күрделі мәселе екенін айта келіп, оны білудің болашақ шешен үшін маңызды жақтарын атап өтеді [8,120 б.].

Стилистиканы оқыту мәселелері тіл дамытумен байланысты қырғыз ғалымдары А.О. Османкуловтың, Қ.Д. Добаевтың еңбектерінде қарастырылды. Онда «...сөйлеу барысында тіл деңгейлеріндегі барлық бірліктердің өзектілігі кешенді түрде көрінетін болғандықтан, оларды оқыту да тұтас, кешенді жүргізілуі тиіс» тіл дамытудың мәселелері айтылады.

Тіл үйренушілерді сөйлеуге дағдылаудыруда тілдің қарым-қатынас құралы болудағы қатысымдық қызметін орыс ортада болсын немесе қазақ аудиторияларында болсын ескеру және соған сәйкес қатысымдық әдісті қолдану маңызды болмақ [9,127 б.]. Стилистиканы оқытуда қатысым әдісін қолдану оқушылардың оқу әрекетін белсендіру мақсатына қызмет етеді.

Тіл дамыту әдістемесінде стилистикалық білімнің мүмкіндіктерін пайдалану, сол арқылы оқушылардың стилистикалық біліктіліктеріне, оқушылардың ойлауын дамытуға қол жеткізудің теориялық және әдістемелік жолдары Н.Ж. Құрманованың зерттеулерінде жан-жақты талданды. Сын есімді оқыту арқылы оқушылардың тілін дамытуда стилистикалық білімнің маңызы туралы «стилистика мен тіл мәдениеті жетістіктерін мектеп методикасына лайықтап беріп отыру - ғалымдармен бірге және, әсіресе, методистердің міндеті» екенін ерекше атап өтеді [10,25 б.]. Ғалым тіл дамыту мақсатында *тіл құралдарының стилистикалық синонимиясын меңгертудің әдістемесін* жасайды. Осы бағыттағы стилистикалық жаттығулардың үлгілерін, синонимдерді меңгертуге арналған жаттығу түрлерін ұсынады.

Стилистикалық ұғымдардың мектеп оқулықтарында тіл дамыту, тіл ұстарту аясынан тыс арнайы тақырып ретінде беріле бастағанына көп болған жоқ. Қазіргі кезде стилистиканы арнайы тарау, жеке теориялық ұғым ретінде оқыту Р.С. Әмір, Ж.Т. Дәулетбекова, Ғ.Қ. Қалиев, Г.С. Қосымова 5-11 сыныптар үшін жасаған “Қазақ тілі” оқу пәнінен жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында және бағдарламаларында көрсетілген. Бұл құжаттарда стилистикадан берілетін білімнің мінцеггі деңгейі көрсетіліп, оқушы меңгеруге тиіс стилистикалық біліктіліктер нақты белгіленген. Бұған дейінгі мектеп бағдарламалары мен оқулықтарында, оқушыларға стилистикалық білім беру емес, нақты қалыптасқан мәтін жанрларын үйрету алдышы орында болып келді. Қалыптасқан мәтін түрлерін оқытудың практикалық тиімділігі шамалы, себебі баланың стилистикалық білімі тек сол мәтіндермен шектеледі. Басты мақсат стандартты мәтіндерді жазып, не толтырып, оқуға үйретуде емес, барлық тілдік жағдаятта жұмсауға болатын стилистикалық білімдерді бере отырып, тілдік-стилистикалық икемділікті, талғамды, сарабал саналы тілдік тұлғаны қалыптастыруда. Қалыптасқан, стандартты мәтіндерді беру баланың мүмкіншілігін де, стилистика ғылымының да мүмкіншілігін шектеу болып табылады. Сол себепті те оқу процесі өзінің дамытушылық сапасынан айырылады немесе мүлдем жоғалтып алады.

Н.Ж. Құрманованың мектеп бағдарламаларына жүргізген талдауларына сүйенетін болсақ, [11,18 б.] тіл дамытуға өткен ғасырдың тек 20-жылдары мен 50-жылдары ғана көбірек сағат бөлініп, қарқынды қолға алынған. Стилистиканың мәселелері бірді-екілі көтеріліп отырған. Стилистиканы оқыту жаттығулары мен теориялық мәліметтердің жетіспеуі, тіл құралдарының лексика-грамматикалық мағынасымен бірге стилистикалық мағынасының қатар алынбауы, стилистикалық жаттығулар мен тапсырмалардың аз болуы, қалыптасқан үлгі мәтіндер мен жаттығулардың басым болуы, стилистикалық талдау, мәтіннің тіліне стилистикалық баға беру, оған тәжірибе жасау, жеке авторлардың тілдік лабораториясына баға беру жұмыстарының аздығы қазақ тілі оқулығының жетіспей жатқан тұстарының көптігін білдіреді.

Қазақ тілімен салыстырғанда, ресейлік мектептерде стилистиканы оқыту іс-тәжірибесі өте ертеден басталады. Т.И. Чижова орыс тілі стилистикасын оқыту әдістемесінің тарихы ХҮІІІ ғасырдан басталатындығын атап көрсетеді. Оның ғылыми мәселелері Л.П. Федоренко, Н.А. Пленкин, С.Н. Иконников, М.Т. Воронин, Н.Е. Сулименконың, Т.И. Чижованың т.б. орыс әдіскерлерінің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Стилистиканың орыс мектептерінде жүйелі түрде енгізу 1959 жылдың өзінде-ақ қолға алынды. Сол кездің өзінде жоғары оқу орындарына стилистика жеке пән ретінде енгізілген. 1965-1966 жылдары стилистиканы арнайы семинар, курс ретінде оқытумен бірге, «Практикалық стилистика» пәні

оқытыла бастады. Орыс тілін оқытуға арналған мектеп оқулықтарында стилистикалық ұғымдар 5-сыныптан бастап мәтін ұғымымен қатар берілді. Қазіргі уақытта ресейлік мектептерде стилистиканы 10-11 сыныптарда жеке пән, арнайы курс ретінде оқыту қолға алынған. Бұл бағытта арнайы мектеп стилистикасына арналған Г.Я. Солганиктің «Стилистика текста» (2003 ж.), «Стилистика русского языка» (2004 ж.) атты оқулықтары қолданылады.

Мәтін және стиль ұғымдарының қазақстандық мектеп оқулықтарында беріле бастауы соңғы жылдардың басты жетістігі болып табылады. Стилистика ғылымын жеке сала ретінде оқыту 9-сыныптың міндетіне жүктелген. 9-сыныпқа дейін стилистиканы игеруге қажетті лексика-грамматикалық базалық білімдер берілсе, 10,11-сыныптарда стилистика “Сөз мәдениеті және қарым-қатынас түрлері”, “Сөз мәдениеті және шешендік” аясындағы практикалық біліктіліктермен ұштастырылады. 9-сынып функционалдық стиль түрлерін меңгертуге бағытталған, сол себепті мәтін жаттығулар көптеп ұсынылады. Бұл ретте оқушыға стилистикалық біліммен қатар мәтін туралы білімдерінің де қажеттілігі аса байқалады. Сол себепті 5,6,7,8-сынып оқулықтарында лексика-грамматикалық біліммен қатар мәтін туралы ұғым-түсініктерді сабақтастықта, үзбей беріп отыру аса қажет.

5-8-сыныптарда мәтін негізінен басқа тілдік тұлға-бірліктерді таныту мақсатында алынған.

Осыған байланысты оқулықтардағы мәтіндердің берілуін қамтамасыз етуде мынадай екі нәрсені ескеру қажеттілігі байқалады:

1. Мәтін өзінен кіші тіл бірліктері үшін тілдік контекст, тілдік орта болып табылады. 2. Мәтін өзіндік семастикалық-синтаксистік тұлға-бірліктерден құралатын сөйлеудің негізгі бірлігі.

Қорыта келе, қазақ тілі стилистикасын оқытудың бүгінгі мәселелері стилистика ғылымының теориялық базасын басшылыққа алуды және әдістемелік дұрыс жүйелеуді, жоспарлауды қажет етеді.

1. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1989. - 319 б.

2. Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. 2-т. - Алматы: Алаш, 2004. - 480 б.

3. Сауранбаев Н. Ана тілін оқыту туралы. Халық мұзалімі. -1941 ж. - №11. - 6-8 б.

4. Әбілқабеев Ә. Қазақ тілі программасы мен оқулықтары жайында ойлар. - Қазақстан мектебі. - 1965.

- №6. - 75-80 бб.

5. Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. - Алматы, 1991. - 160 б.

6. Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық, әдістемелік негізі. 13.00.02. - Алматы: ҚазМҚПИ, 2004. - 376 б.

7. Рахметова С. Бастауыш класта оқушылардың тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 13.00.02. - Алматы: АлМУ, 1994. - 434 б.

8. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.докторы ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. 13.00.02. - Алматы: АлМУ, 2001. - 317 б.

9. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. - Алматы: Білім, 2000. -208 б.

10. Құрманова Н.Ж. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. - Ақтөбе,1999. - 125 б.

11. Құрманова Н.Ж. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері: п.ғ.д-ры. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 13.00.02. - Алматы: ҚазМҚПИ, 2004. - 57 б.

Резюме

В статье рассматривается проблема постановки вопроса преподавания стилистики казахского языка в школе.

Summary

This article is devoted linguistic and didactic problems of teaching Kazakh Language stylistic.

1990 ЖЫЛДАН БЕРГІ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ МӘТІНІНДЕГІ
ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Е.С. Қасенов - филол.ғыл.к.,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Айтыс өнерінің жан-дүниемізге рухани нәр беріп, әсерлі де әсем сезім ұялататын сиқырлы сыры ондағы алуан сөздердің шынайы шеберлікпен орынды қолданылуында да жатса керек. Айтыскер ақын үшін ең міндетті де ерекше талап - сөзді дұрыс қолдану. Осы ретте ақындар айтыстың мақсатына, мүддесіне байланысты қолданатын сөздерін, сөз тіркестерін өзінің шығармашылық ой елегінен өткізіп, өз талғамына лайық сұрыптап, таңдап алатыны белгілі. Ақындар тыңнан сөз жасау барысында ұлт тіліндегі өзінен бұрын қолданылып келген бейнелі сөздерді пайдаланады, ондағы ұлттық, халықтық ерекшелікті сақтап отырады.

Ойды көркем жеткізуде қолданылатын құрамы мен құрылымы тұрақты тілдік единица - фразеологизмдер ақындар айтысы тілінде ертеден көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі жеке сөздер сияқты ұзақ дәуір туғызған фразеологиялық тіркестер қыры мен сыры мол айтыс өнерінде бұрыннан кездеседі. Белгілі ғалым, профессор Р.Сыздықтың сөзімен айтқанда, «сөз құдіретінің арқасында іске асатын құбылыс» [1, 29].

«Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты сөз тіркестері ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Бейнелі сөз орамдары дөп тигізіп айтар дәлдігімен, ерекше көркемдігімен кімді де болса әрдайым баурап алады» - [2, 39] дейді ғалым Нұргелді Уәлиұлы. «Көркем тіл кестесіне түскен фразеологизмдер сөзді бейнелі, өтімді және нанымды етудің стильдік құралына айналады» [2, 56]. Демек, фразеологизмдер - ақындар өлеңдерінде сан құбылып, түрленіп қолданылатын әсем де әсерлі, көркем де бейнелі сөз өрнегі.

Фразеологизмдерге тән ерекшеліктердің бірі: олардың құрамдық, тұлғалық және ішкі орын тәртібі тұрақты болуы есептеледі. Фразеологизмдер сөйлем ішінде қолданылғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады. Фразеологизмдердің табиғатына тән осы бір қасиеті өлең тілінде өзгеріске түседі деуге болады. Өлең құрылысындағы поэтикалық үйлесімділік, дыбыстық үндестік пен ұйқастың фразеологизмдердің «қамырша иленіп», сан алуан өзгерістерге ұшырауына әсерін тигізеді. Фразеологизмдердің поэзия тілінде мұндай өзгерістерге түсуі ақын шеберлігіне және сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты. Айтыс тілінде экспрессиялықты білдірудің ең бір ұтымды тәсілі - фразеологизмдердің қолданысы болып табылады.

Фразеологизмдерді зерттеуші Р.Сыздық «поэтикалық фразеологизмдер» деп атап, мынадай анықтама ұсынады: «олар әдетте бір нәрсені затты, сынды, қимылды, қимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, «мадақтап» не «балағаттап» атайды, яғни айтушының (жазушының, ақынның сол нәрсеге - объектіге «пейілін» - көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі - олардың образды (бейнелі) болатындығы» - дейді [3, 94].

Ақындар айтыс үстінде ойды айшықты да көркем жеткізу үшін фразеологизмдерді түрліше құбылып қолданылғаны белгілі. Осы орайда ақындар ғасырлар бойы қалыптасқан жалпыхалықтық фразеологизмдерді тура күйінде де қолданылды, өзіндік ізденісі нәтижесінде жетілдірді. Жалпыхалықтық фразеологизмдерді көркемдік мақсатына орай өзгертіп, өңдеп, жетілдіріп қолданғанын ақындар айтысының тілдік деректері айқындайды. Ақындардың халықтық тілдің фразеология қорын көркемдік мақсатқа орай жүйелі пайдаланғандығын мына мысалдардан көруге болады.

Ә.Қалыбековамен айтысқан Е.Асқаровтың:

*Шырылдап отқа түскен халық үшін,
Ақыннан арылмайды-ау бәрібір сын.*

*Бірлік деп қайран елге сайрап жүрем,
Құлжа ғып әр адамды сайлап жүрем.*

*Бәрін де жақсы көрем өздерінің,
Бастары піспей қойды, қайдан білем?! - [5, 24]*

деген жолдарында «отқа түсу», «бастары қосылмау» сынды жалпыхалықтық фразеологизмдер өз қалпын сақтап қолданылса, оның қарсыласы Әселхан Қалыбекова:

*Тұрардай азаматтан айрылғанда,
Қи басты, қиқым терді, төмендеді.*

*Қырық жыл қара киіп жоқтау айтсам,
Шіркіндер, қайта айналып келер ме еді?! - [5, 26]*

деген шумағында өлең ырғағын сақтау мақсатында тіліміздегі «қара жамылу» фразеологизмін «қара кию»

тіркесімен алмастырып қолданады. Сонымен қатар «қи басу», «қиқым теру» тәрізді авторлық фразеологизмдерді орынды қолданған. Қ.Әбілеппен айтысқан Ш.Ділдебаев:

*Қақ жарар қара қылды, Қарағанды,
Мен бүгін барлығыңа сүйенемін.
Әділ жұрт, әділ қазы білсін бүгін,
Өлеңге кімнің жақын, кім өгейін. [5, 29]*
*Бірысы тасып елімнің,
Миллиард болды органы.
Қой үстіне бозторғай,
Жұмыртқалап қонғаны - [5,37]*

деп «ырысы тасу», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалау» сынды жалпыхалықтық фразеологизмдердің лексикалық құрамын өзгертпей сол қалпында қолданған. Ал, Қ.Әбілеп:

*Бір ауыз жылы сөзден қанаттанып,
Бір ауыз салқын сөзден жараландым [5, 29].*
*Арзанға әлдекімдей бой алдырмай,
Қаймағын қалқып сөздің көріп едім. [5, 30]*
*Арзан сөзбен сағымды,
Сындырмас деп сенемін. [5, 31]*
*Жүз шайысып қайтеміз,
Мына тұтам тірлікке,
Азгана күн мейманбыз - [5, 39]*

деп келетін өлең жолдарында «жаралы болу», «қаймағын қалқу», «сағы сыну», «жүз шайысу», «мейман болу» сынды жалпыхалықтық фразеологизмдерді өңдеуден өткізе отырып қолдана алған.

«Тілдік қолданыста, әсіресе поэзияда, кейбір тұрақты сөз сыңарларының арасына сыналап сөз ендіру баяғыдан бар құбылыс» [4, 54]. Сол себепті, біз қарастырған айтыстардың қай-қайсысы болмасын жалпыхалықтық фразеологизмдердің тұлғалық құрылымын өзгертіп жұмсау тәсілі, тыннан образды жана фразеологизмдер жасау, жалпыхалықтық фразеологизмдерді ықшамдау, арасына сөз енгізу молынан кездеседі.

М.Тазабековпен айтысқан М.Қосымбаевтың:

*Көк бөрінің емгесін көкірегін,
Әуелден уызыма жарығанмын.
Мысалы, қан жұқпайтын қара алмастай,
Қараған дұшпан көзін қарығаным.
Әулиедей кейтіңнен, айналайын,
Наннан емес, намыстан арығаным.
Ағайынның таңдайын ағартатын
Төрт түлік толып өрсін ауылыма [5, 3-4]*

Қашанда айтысқанда өр тұрғайсың,
Кеңесіп қабырғаңмен кең тұрғайсың - [5,12] деген жолдарынан «уызға жару», «дұшпан көзін қару», «намыстан ару», «таңдайы азару», «жамырасып келу», «қабырғамен кеңесу» тәрізді жалпыхалықтық фразеологизмдерді кездестіреміз. Ал оның:

*Намазға жызылмады деп айыптама,
Қағазға жығылғаным аз ба менің - [5, 7]*

деген жолындағы «қағазға жығылу» — бейнелілікті көрсету мақсатында шебер қолданыс тапқан авторлық фразеологизм. Оның қарсыласы М.Тазабеков:

Бодан боп қалсаң кеше не етер едің?

*Арманыңды айта алмай адамзатқа,
Бармағыңды шайнаумен өтер едің.
Сібірдегі жоғалған тайпалардай,
Сіңіріліп «сарыға» кетер едің.
Салмақтап Ақжайықтан шақырып ед,
Сақталған сары майдай қарындағы
Ол рас, түспесін деп көпке бағаң,
Азырақ інің болып ептеп алам.
Тарихтан тамырыңды тартқаннан соң,
Таралғыңды тарылтпас текке балаң, [5, 7] -*

деп келетін жолдарында «бармақ шайнау», «сары майдай сақтау», «таралқы тарылту» сияқты жалпыхалықтық фразеологизмдерді қолдануда талғампаздық танытады. «Саусағының арасы ашылу», «сарыға» сіңірілу» сынды фразеологизмдер ақынның ұлттық ойлау деңгейіне сай туындаған авторлық фразеологизмдер болып табылады.

Айтыс өнерін жаңа бір белеске көтеруде өзіндік қомақты үлесі бар ақын Мұхамеджан Тазабековтің жыр жолдары жалпыхалықтық фразеологизмдердің өңдеуінен өткен тың фразеологизмдерге толы. Мәселен, оның Д.Кәпұлымен айтысы осы сөзіміздің толық дәлелі. Мұхамеджан Тазабековтің:

*Тоң майға тойып алған тоқ мысықтай,
Үндеместер бірдеңе бүлдіреді.
Екеуміз есті сөзге бас иейік,
Ер-тоқымы жылқының тулағандай.
Кесек-кесек боп түссін кестелі сөз,
Жапырақтап жал-жая турағандай -*

деген жолдарындағы «тоқ мысыққай тойыну», «бас ию» тәрізді жалпыхалықтық фразеологизмдер ақын тілінде өзіндік құрылымын өзгертіп, адамның психологиялық жай-күйін әсерлі етіп беруде шебер қолданылған. Ал халық тіліндегі «ақ көбік болу», «тарыдай шашылу», «өкпеге тебу», «алқымза жармасу», «сыр алу» тәрізді фразеологизмдер:

*Мен сені ақ көбік қып көрейінші,
Езуіңді ауыздық сулағандай. [5,15]*

*Ағаңның алқымына жармастың-ау,
Аталы сөздің ұқпай мағынасын.*

*Жүректің түбіндегі сөзді айтайық,
Сыпайының тісінен сыр алғандай - [5, 20]* деп келген жолдарда өте шебер қолданыс тапқан. Фразеологизмдерді сөз саптауына орай дұрыс қолдана білу автордың дара шеберлігінде жатса керек. Осы айтыста оның қарсыласы Д.Кәпұлының:

*Сөйлесем өлеңімді үстеп алып,
Шабыттың оты жатыр іште жанып.
Ағасы, сен оқыған ұлы ордаға*

Мен-дағы құдай қолдап түскем анық. [5,1]

*Бүгінгі бәйгедегі бөлек есім,
Ұйқасын шама келсе шегелесін. [5,1]*

*Қызды айтқаным әзілім аузымдағы,
Шоқпарым жоқ қолымда тобыққа ұрар. [5,19]*

*Жел жағыңа шығармас тірі жанды,
Басын имес кішіге шетенсің-ау?!
Құлқынның құлы болған қазақ аз ба,
Кәбірден асып түсер құлап ішкен?*

*Досыңмын деген пендеге,
Азыңнан жарыл, ақтарыл - [5,21]*

деген шумақтарында халық таным-туашгше сай фразеологизмдер ұтымды қолданылған. Мұндағы жалпыхалықтық «іші өртену», «тобыққа ұру», «ағынан жарылу», «жел жаққа шығармау», «бас имеу», «құлқынның құлы болу» секілді фразеологизмдермен қоса «ұйқасын шегелеу» сияқты соны фразеологизм де ақын тіліне бейнелілік үстеп, ұтымды қолданыс тауып тұр. Осындағы «жел жаққа шығармау», «бас имеу» сынды фразеологизмдер қарсыласының мінезін танытуда үйлесімді қолданылып, эмоционалды-экспрессивті бояу үстемелеп тұр.

О.Досбосыновпен айтысында Д.Кәпұлы:

*Қызымның қашып қылығы,
Бетіне шығып былығы,
Бабарухын былғаптын. [5,78]
Сарыарқа - жұмақ сары алтын,
Төсіңді келіп алғанда,
Ақиқатыңды айтқызбай,
Аузыңа құлып салғанда,
Жалбарынып па ең Жаппарға?! [5,79] -*

деген шумақтарында «қылығы қашу», «былығы шығу», «құлып салу» тәрізді соны фразеологиялық орамдарды орнын ауыстыра отырып, ұтымды түрде пайдаланса,

*Ораз ақын көсіліп,
Алдыңда ақты бұлақтай.
Саптап бір алған сөздері,
Қолға тұрмас сынаптай - [5, 82]*

деген жолдарда ақын «сынаптай сырғу» фразеологизмінің құрамын «қолға тұрмас сынаптай» деп жаймалап [плеоназм] қолданған. «Халық тіліндегі белгілі бір фразеологизмді сәл ұлғайтып, немесе ықшамдап, өлең өлшеміне көркем тексте ұластыра өріп қолдану сәттері болып тұрады» [4, 593].

Айтыс ақындары фразеологизмдерді өлең-жырда ұзына бойы бей-берекет қолданыла бермей, кейде ойының экспрессиялық-стилистикалық әсерін күшейте түсу үшін белгілі бір сөздермен мағыналық үйлесім жасай отырып қолданады. Мысалы, Д.Кәпұлымен айтысқан О.Досбосыновтың:

*Кең көсілген, Дәулетім,
Керіп үрлеген қарындай,
Кепкен сайын тарылмай.
Сабан сөзді сапырып,
Созғылап кетпе сағыздай - [5,69]*

деген шумағындағы «сабаниа сапыру» тіркесі «сағыздай созу» фразеологизміне ұластыра өріліп жатыр. Мұндай жайтты Айтмұхамбет Исақов пен Кдйыртай Ақылбековтың айтысынан да мол ұшыратуға болады. Айтмұхамбет Исақовтың:

*Жығылмайтын ту етіп көтерейін,
Жыр сүйер пайғамбардың үмбеттерін [5,47].
Көңілге сәл қарасаң қайтер еді,
Төркіндегі кемпірді қыз дегендей.
Айналып кеп қызылға тиістің-ау,
Қасқа бастан қайызғақ іздегендей - [5, 51]*

деген шумақтарындағы «ту етіп көтеру», «сырт беру», «белді бекем буыну», «қайызғақ іздеу» тәрізді фразеологизмдерінде эмоционалды бояуы күшейтіліп берілсе, қарсыласы Қ.Ақылбеков «томаға сытыру» сынды жалпыхалықтық фразеологизмді орнын ауыстыра отырып, бейнелі түрде береді.

Фразеология қолданудағы бұл ерекшеліктерді тек бір ғана ақынның тіл өрнегіне тән деуге болмайды. Атап көрсетілген ақындар фразеологизмдерді өлең өлшеміне лайықтап, шебер пайдаланды. Ақындар фразеологизмдерді біріншіден, жалпыхалықтық тілдегі үлгісімен ұтымды пайдаланып, ойдың образдылығын тудырса, екіншіден, кәнігі тіркестерді жетілдіріп, ойдың экспрессиялығын күшейтіп, фразеологизмдердің арасына сыналап сөз енгізді. Осылайша, ақындар образды жаңа фразеологизмдер жасап, фразеология қорын молайтты.

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы, 1993. - 224 б.
2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. - 39 б.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы, 1995.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977. - 712 б.
5. «Қазіргі айтыс». - Алматы: «Күлтегін», 2004. - 1-2 кітап

Резюме

В статье рассматривается различное применение фразеологизма в айтысе акынов.

Summaru

Different using frazeologizma is considered In article in rntys poetries.

О ПРОБЛЕМЕ ОВЛАДЕНИЯ ВТОРЫМ (НЕРОДНЫМ) ЯЗЫКОМ В ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКОМ

АСПЕКТЕ А.Д. Маймакова -

к.филол.н., доцент кафедры практического русского языка КазНПУ им. Абая

Процесс овладения вторым (неродным) языком, рассматриваемый как феномен лингвистического развития в нем личности, это не только получение информации, это онтогенез личности во втором языке, интериоризация нового знания и нового опыта, преобразование и обогащение личности в нейропсихологическом, социальном и других отношениях, реализация языковой способности человека на новом уровне. Сложный и комплексный характер овладения вторым языком позволяет рассматривать его с позиций различных дисциплин - когнитивной лингвистики, социолингвистики, психолингвистики, нейролингвистики и др. Нам представляется важным в связи с задачами нашего исследования остановиться, прежде всего, на некоторых психолингвистических вопросах в обучении второму (в нашем случае - русскому) языку.

В обучении второму языку, в частности иностранному, в последние десятилетия под воздействием многих факторов сформировалась достаточно стойкая тенденция обозначать основным объектом обучения речевую деятельность (П.П. Блонский, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, И.А. Зимняя и др.). Обучение иностранному языку, по А.А. Леонтьеву и И.А. Зимней, есть не что иное как обучение речевой деятельности и речевому общению на изучаемом языке [1, с. 220]. Рассматривая в психолингвистическом плане соотношение понятий «язык» как предмет изучения и «речевая деятельность» (на изучаемом языке) как объект и цель обучения, И.А. Зимняя определяет специфику языка как учебного предмета следующим образом: 1) в отличие от других предметов - физики, математики, биологии, истории, географии и т.д. - язык не дает человеку непосредственных знаний об объективной действительности; 2) язык как учебная дисциплина «беспредметен»; он выступает инструментом, орудием, посредством которого овладевают другими учебными предметами. Язык есть «средство формирования, существования и выражения мысли об объективной действительности, свойства, закономерности которой являются предметом других дисциплин». Изучение языка удовлетворяет специфическую потребность - в общении с его помощью;

3) язык как учебный предмет «беспредделен», «безграничен» и «неоднороден». Обучающийся (школьник, студент) должен знать всю грамматику, всю лексику, необходимые для общения, но это «все», например, в лексическом и стилистическом планах практически не имеет границ. Язык в широком смысле слова включает ряд явлений, например, «языковую систему» и «языковую способность» (по В.Куриловичу); «*language - langue - parole*» (речевую деятельность говорящего коллектива и отдельного индивида - знаковую систему - речь) (по Ф.де Соссюру); «речевую деятельность» - «языковую систему» - «языковой материал» (по Л.В. Щербе); характеризуется специфическим соотношением языковых знаний и практических речевых умений [2, с. 20-22].

Главной особенностью языка как учебного предмета и речевой деятельности как объекта и цели

обучения является то, что общие принципы этой деятельности знакомы обучающимся [3, с.133]. Поэтому оптимальным путем обучения второму (неродному) языку будет такой, при котором происходит «осознание грамматической структуры родного языка, который в дальнейшем мог быть автоматизирован и перенесен на иностранный (неродной)» [4, с.252-253]. Исходя из этого, приобретает актуальность вопрос о роли родного языка в обучении второму (неродному) языку, а также выявление общих для овладения родным и вторым (неродным) языками закономерностей и специфических для каждого из этих случаев особенностей.

Язык, как известно, есть средство формирования, выражения мысли человека. При этом существенным является то, что мысль, понятия человека формируются, «отливаются» (Л.В. Щерба) средствами родного языка, и что само «овладение родным языком есть стихийный процесс, которым человек овладевает не в силу его сознательного стремления знать язык, а в силу стихийного процесса развития мышления в онтогенезе» [5, с.7].

Мышление, безусловно, носит в своей основе универсальный характер, что неопровержимо доказано всей практикой существования человеческого общения. Выдвигая универсальность работы человеческого мозга в обработке информации о внешнем мире как основу языковых универсалий,

Н.И. Жинкин разработал концепцию о комплексном изучении языка, речи и интеллекта, ядром которой является понятие универсально-предметного кода (УПК). Предметный код является универсальным потому, что свойствен человеческому мозгу и обладает такими качествами, которые присущи различным человеческим языкам. В УПК отсутствуют материальные признаки слов натурального языка, а есть изображения (образы, схемы и т.п.), которые могут образовывать или цепь или какую-то группировку. В этом коде обозначаемое других языков является вместе с тем и знаком [6, с. 158].

УПК - язык, на котором происходит формирование замысла речи, первичная запись личностного смысла. Динамика порождения высказывания во внутренней речи в этом случае может быть представлена как переход содержания будущего речевого произведения с кода образов и схем на натуральный (вербальный) язык.

«Язык» мыслительных процессов имеет смешанный характер, который, с позиций Н.И.Жинкина, предопределен прежде всего его статусом посредника между языком и интеллектом. Поскольку мышление - это общественное, а не индивидуальное явление, поскольку мысли вырабатываются в совместной деятельности людей, а язык есть средство общения, постольку «взаимодействия внутреннего, субъективного языка и натурального, объективного образует процесс мышления... Понимание - это перевод с натурального языка на внутренний. Обратный перевод - «высказывание» [6, с.161].

Теоретические поиски Н.И. Жинкина позволили уточнить классическую формулу перехода мысли в речь. Мысль, существуя в пределах возможностей УПК, в процессе ее вербализации трансформируется, обрастает значениями, которые несут в себе единицы конкретного национального языка.

Сущность процесса речемышления студента, изучающего второй язык, в этом случае может быть представлена не как непосредственный переход с родного языка к неродному, а переход с лексико-грамматической структуры на родном языке к структуре содержания этой единицы, базирующейся на УПК, и от нее к лексико-грамматической структуре на неродном языке.

Подобно тому, как реально существует не язык «вообще», а конкретные национальные языки (имеющие как всеобщие или общие черты, так и специфические особенности в своей семантике и структуре), так и универсальное мышление в сознании отдельного человека облечено в формы конкретного - родного языка. Любой другой (второй) язык, к изучению которого приступает человек или которым он владеет в совершенстве, «накладывается на формы уже готового, закрепленного

мышления, уложенного в материю того языка, на котором у данного индивида произошло обучение мышлению и шире - началось познание мира и национально-культурная социализация» [7, с. 12].

Процесс усвоения второго языка в этом случае вряд ли может быть представлен как процесс усвоения новой системы мышления [8, с. 175].

При рассмотрении процесса обучения второму языку с позиций лингвистического развития в нем человека возникает необходимость его психологической, интеллектуальной и личностной характеристики в связи с функционированием языка. И.А. Зимняя предложила интересные линии сопоставления функциональных характеристик родного и второго (изучаемого в разных условиях) языков, условно разбив их на три группы: социальные, интеллектуальные и личностные. Второй язык даже в условиях языкового вуза не

реализует всего объема функций (например, функцию осознания собственного «Я», рефлексии, самовыражения и саморегуляций). Такое положение, по мысли ученого, может быть объяснено тем, что в указанных функциях язык выступает в процессе самого раннего речевого онтогенеза. Только длительное, специально направленное изучение второго языка может привести к выполнению им этих функций [2, с.13-19]. В отношении Казахстана с его социально-демографическими особенностями указанное положение будет справедливым для большей части населения.

Наиболее тонкий анализ сходств и различий, возникающих в психологическом плане между обучением родному и неродному языкам, дал выдающийся психолог Л.С.Выготский. «Усвоение иностранного языка, - подчеркивал ученый, - идет путем, прямо противоположным тому, которым идет развитие родного языка. Ребенок усваивает родной язык неосознанно и ненамеренно, а иностранный - начиная с осознания и намеренности. Поэтому можно сказать, что развитие родного языка идет снизу вверх, в то время как развитие иностранного языка идет сверху вниз» [9, с. 26].

Родной язык парадоксально растворен в мировидении ученика. Он воспринимает мир сквозь сито, призму многочисленных понятийно-речевых форм родного языка. Говоря о феномене родного языка, известный философ М.Мамардашвили писал: «Ведь материя, о которой я говорю (т.е. язык), обладает свойством непрерывности, бесконечности: куда бы мы ни шли, мы не можем отступить от своего бытия в ней, там невозможно внешнее сравнение предметов. И куда бы мы ни пришли, мы остаемся внутри этой бесконечности» [10]. Родной язык входит в младенца, ребенка, подростка путем природных шагов, отступая при этом от биогенетического закона повторения индивидуальным (онтогенезом) исторического (филогенетического) развития человека. Начальный этап «научения» языку осуществляется в результате влияния родителей, особенно матери, методом «глаза в глаза» и не имеет аналога в филогенезе.

Ребенок овладевает родным языком путем простейшего подражания в детстве и лишь значительно позже при обучении грамматике в школе, эти операции становятся актуально осознанными и контролируруемыми.

Совсем по-иному происходит процесс обучения второму языку. Ребенок начинает этот путь с изучения азбуки, с чтения и письма, с сознательного и намеренного построения фразы, с словесного определения значения слова, с изучения грамматики [9, с.26]. Применительно к языковому вузу обучение второму языку предполагает глубокое теоретическое, предваряющее использование на практике, осознание формы выражения собственной мысли на изучаемом языке, осмысление теории языка [2, с.20]. Данное положение не является противоречием тому, что в процессе непосредственного учебного общения на изучаемом языке сознанием студентов контролируется прежде всего план содержания высказывания.

Поскольку родной язык является «коренным обитателем» сознания обучающегося, то вполне естественной будет организация процесса обучения второму языку в тесной взаимосвязи с родным языком. Так или иначе, каждый студент, осознав и обобщив грамматическую систему родного языка, воспринимает второй (неродной) язык сквозь призму этого своего знания. Другой путь психологически невозможен: грамматическая система неродного языка не может быть самостоятельно «выстроена» студентами рядом с грамматической системой родного языка - они непременно вступают в контакт. Мы можем исключить родной язык из процесса обучения второму языку, но изгнать его из голов обучающихся (учеников, студентов) становится невозможным: «ученики после всех объяснений учителя, стремящегося согласно правилам прямистской методики объяснить смысл того или иного слова или языкового явления без помощи родного языка, все же только тогда вполне понимают этот смысл, когда находят для него эквивалент на родном языке» [11, с. 56-57].

В нашем случае усвоение второго (русского) языка происходит в аудиторных условиях при наличии русскоязычной среды за пределами аудитории и при наличии у студентов сформированного на базе казахского языка речевого механизма. Студенты, которые начинают изучать второй (русский) язык уже не являются «*tabula rasa*», по выражению Б.А. Лапидуса [12, с.62]. Они владеют родным (казахским) языком как средством общения и мышления, т.е. осмыслив и обобщив грамматическую систему родного языка, воспринимают второй (русский) язык через призму этого своего знания.

Усвоение второго языка, таким образом, происходит в условиях взаимодействия родного языка и второго (неродного) языка. Только в результате преодоления этого неизбежного взаимодействия, связанного со значительным протяжением во времени, второй язык может превратиться в «самодостаточное средство

общения».

Не лишенным интереса, на наш взгляд, является положение о том, что при усвоении второго языка формируется некая «промежуточная» языковая система, своего рода особый язык, особая система знаний второго языка, некоторый континуум, по которому продвигается обучающийся второму языку. Этот феномен обозначается также как переходная, «сближающаяся (аппроксимативная)» система (У.Немзер), «переходная компетенция» (С.Кордер), «интеръязык» (Р.Т. Белл, Л.Селинкер) и др. Указанные термины отражают различные особенности системы второго языка, которая формируется у обучающегося. Так, например, первые два термина отмечают незавершенность этой системы, то, что она находится в динамике, постоянно совершенствуется. Третий термин «интеръязык» обращает внимание на характер и статус системы второго языка, которая формируется у обучающегося. На вопрос: «Являются ли высказывания на “переходном” языке высказываниями в полном смысле слова и принадлежат ли они второму языку?» большинство исследователей отвечает, что здесь действуют универсальные правила, проявляющиеся при обучении второму языку и формирующие уникальную и автономную систему интеръязыка, который не основывается полностью ни на первом, ни на втором языке. Эту систему, которую можно наблюдать в любой точке изучения второго языка, Р.Т. Белл характеризует следующим образом: 1. Высказывания индивида, говорящего на некотором втором языке, не являются ни высказываниями на втором языке, ни высказываниями на первом языке, а представляют собой поверхностные манифестации «интеръязыка», языковой системы, формальные характеристики которой помещают ее в некоторой точке между первым и вторым языками. 2. Это система, частично изоморфная системе второго языка, подчиняется определенным правилам и образует знание о втором языке, которым говорящий располагает в момент регистрации данных, т.е. его компетенцию во втором языке, это «аппроксимативная система», отражающая его “переходную компетенцию”. 3. Поскольку формы, изоморфные формам второго языка, могут появиться случайно, ошибки, допускаемые говорящим, являются наиболее отчетливым показателем его системы. 4. Отклоняющиеся формы следует разделять на случайные лягусы и закономерные погрешности и ошибки. Только эти погрешности и ошибки считаются индикаторами базисной системы. 5. Система индивида, изучающего язык, может быть или не быть в состоянии изменения; одни изменяются быстро, другие претерпевают «окоственение», третьи же оказываются относительно «фиксированными» в форме пиджина, креольского языка, местного разговорного варианта и прочих разновидностей второго языка [13, с. 169].

Следует также заметить, что отдельные ученые (С.Крашен) пытаются связать особенности усвоения второго языка с формальными и естественными методами обучения. В первом случае уместно говорить об обучении, во втором - об усвоении второго языка. По мнению С.Крашена, усвоение языка происходит, когда обучаемый вовлечен в естественную коммуникацию. Подчеркивая различия между обучением и усвоением второго языка, ученый приходит к выводу, что в мозгу билингва могут абсолютно раздельно храниться две грамматики - выученная и усвоенная [14].

Идеи С.Крашена не лишены смысла и требуют серьезного внимания, поскольку основываются на различных видах знания, формируемых в зависимости от условий их получения.

Для нас, в частности, они представляют интерес в связи с особенностями обучения неродному (русскому) языку в нашей республике. В Казахстане (в силу различных причин) сложилась и продолжает сохраняться уникальная языковая среда, которая создает неограниченные возможности для естественного общения на русском языке. Такие условия могут быть рассмотрены как приближение к естественности общения, свободной и полной реализации способностей и умений на втором (неродном) языке.

1. Леонтьев А.А. *Основы психолингвистики*. - М.: Смысл, 1997. - 287 с.
2. Зимняя И.А. *Психология обучения неродному языку*. - М.: Русский язык, 1989. - 229 с.
3. Негневицкая Е.И. *К проблеме психолингвистических оснований методики обучения второму языку // Проблемы психолингвистики /Отв. ред. Ю.А.Сорокин и А.М.Шахнарович. - М.: Ин-т языкознания, 1975. - С. 131-138.*
4. Леонтьев А.А. *Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания*. - М.: Наука, 1969. - 307 с.
5. Колианский Г.В. *Проблемы владения и овладения языком в лингвистическом аспекте*. - М.: Высшая школа, 1975.

6. *Жинкин Н.И. О кодовых переходах во внутренней речи // Язык - речь - творчество (Избр. труды). - М. : Лабиринт, 1998. - С.146-162.*
7. *Костомаров В.Г. Еще раз о понятии "родной язык" // Русский язык в СССР. - М.: Педагогика, 1991. - № 1. - С. 9-15.*
8. *Колианский Г.В. Теоретические проблемы билингвизма // Лингвистика и методика в высшей школе: Сб. науч. тр. 1-го МГПИИЯ им. М.Тореза. - Вып. 4. - М., 1967. - С. 165-178.*
9. *Выготский Л.С. Мышление и речь // Собр. соч.: В 6 т. - Т.2: Проблемы общей психологии. - М.: Педагогика, 1982. - 504 с.*
10. *Мамардашвили М. Законы инакомыслия // Здесь и теперь. - М., 1992. - № 1. - С. 85-93.*
11. *Щерба Л.В. Преподавание иностранных языков в средней школе: Общие вопросы методики. - М.-Л.: АПН СССР, 1947. - 96 с.*
12. *Ланидус Б.А. Некоторые теоретические вопросы методики обучения неродному языку // Общая методика обучения иностранным языкам: Хрестоматия / Сост. Леонтьев А.А. - М.: Русский язык. 1991. - С. 61-69.*
13. *Белл Р.Т. Социолингвистика. Цели, методы и проблемы: Пер. с англ. - М.: Международные отношения, 1980. - 318 с.*
14. *Krasen S.D. Individual variation in the use of the monitor. In W.C.Ritchie (Ed). Second language acquisition reseach. - New York: Academic Press, 1978.*

Түйін

Мақалада екінші (өзге) тілді меңгерудің мәселесі психолінгвистикалық тұрғыдан зерттеледі. Қазақстан Республикасында Екінші (орыс) тілді меңгерудің ерекшеліктері қарастырылады.

Summary

In this paper a learning of second (non-native) language is stated as a problem and studied from psycholinguistical aspect of view. Learning of the second (Russian) language in Republic of Kazakhstan in this context is considered.

МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ В СОВРЕМЕННОМ РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Ли Ин -

преподаватель института иностранных языков Северо-Восточного университета (Китай)

В последние десятилетия проблематика речевого общения является одной из наиболее привлекательных областей исследования языка. Высокая степень распространенности диалогического вида речи в условиях современной коммуникации обуславливает актуальность изучения единиц речи. Явления речевого этикета различаются в зависимости от социального статуса участников коммуникации. Эти различия проявляются в нескольких планах. Прежде всего, различные единицы речевого этикета употребляются в зависимости от социальных ролей, которые принимают на себя участники коммуникации. При общении между двумя студентами; между студентом и преподавателем; между начальником и подчиненным; между супругами; между родителями и детьми - в каждом отдельном случае этикетные требования могут быть очень разными. Одни единицы сменяются другими, функционально однородными, но противопоставленными стилистически. Другие единицы речевого этикета в одних случаях являются обязательными, в других - факультативными. Например, при звонке по телефону в неурочное время необходимо извиниться за беспокойство, просто при звонке по телефону извиняться не следует, однако, если к телефону подходит не адресат звонка, а посторонний человек, особенно если он старше, будет также уместным извиниться за беспокойство и т.д.

Вся лексика того или иного языка делится на литературную и нелитературную. К литературной лексике относятся: 1) книжные слова; 2) стандартные разговорные слова; 3) нейтральные слова.

Существует также нелитературная лексика, которую можно разделить на: 1) профессионализмы; 2) вульгаризмы; 3) жаргонизмы; 4) сленг.

Эта часть лексики отличается своим разговорным и неофициальным характером.

Профессионализмы - это слова, используемые небольшими группами людей, объединенных определенной профессией.

Вульгаризмы - это грубые слова, обычно не употребляемые образованными людьми в обществе, специальный лексикон, используемый людьми низшего социального статуса: заключенными, торговцами наркотиками, бездомными и т.п.

Жаргонизмы - это слова, используемые определенными социальными или объединенными общими интересами группами, которые несут тайный, непонятный для всех смысл.

Сленг - это слова, которые часто рассматриваются как нарушение норм стандартного языка. Это очень выразительные, ироничные слова, служащие для обозначения предметов, о которых говорят в повседневной жизни.

Необходимо отметить, что некоторые ученые жаргонизмы относят к сленгу, таким образом, не выделяя их как самостоятельную группу, и сленг определяют как особую лексику, используемую для общения группы людей с общими интересами. Так, в Большом энциклопедическом словаре дается следующее определение: «Сленг - то же, что жаргон. Жаргон - социальная разновидность речи, отличающаяся от общенародного языка специфической лексикой и фразеологией. Иногда термин «жаргон» применяется для обозначения искаженной, неправильной речи».

На проблему выделения или не выделения сленга из ряда других и как понятия и как термина у российских языковедов существует несколько точек зрения. И.Р. Гальперин в своей статье «О термине «сленг», ссылаясь на неопределенность этой категории, вообще отрицает ее существование. Ученый не допускает существования сленга в качестве отдельной самостоятельной категории, предлагая термин «сленг» использовать в качестве синонима, английского эквивалента жаргон. О тождестве двух понятий (сленга и жаргона) говорят и Е.Г. Борисова-Лукашинец, А.Н. Мазурова, Л.А. Радзиховский. Академик А.А. Шахматов предлагал обращать внимание на подобное явление, а не увлекаться пропагандой отрицания сленга и указанием как надо говорить.

Однако не следует подходить к сленгу исключительно с позиции исследователя-лингвиста, так как язык - явление не статичное, но многогранное, и в первую очередь, по способу выражения (сленг присутствует, преимущественно, в устной речи). С точки зрения стилистики - жаргон, сленг - это не вредный паразитический нарост на теле языка, который вульгаризирует устную речь говорящего, а органическая и в какой-то мере необходимая часть этой системы.

Огромный интерес представляют словари сленга. Они интересны как документ времени, определенное свидетельство и языкового вкуса эпохи, и социально-психологических процессов, порожденных внеязыковыми обстоятельствами. Русский молодежный сленг представляет собой интереснейший лингвистический феномен, бытование которого ограничено не только определенными возрастными рамками, как это ясно из самой его номинации, но и социальными, временными пространственными рамками. Он бытует в среде городской учащейся молодежи - и отдельных более или менее замкнутых группах.

Формирование словаря так называемого «системного» сленга происходит за счет тех же источников и средств, которые свойственны языку вообще и русскому в частности. Разница только в пропорциях и сочетаниях.

№ первом месте по продуктивности стоят иноязычные заимствования, причем почти исключительно англоязычные. Этот способ органично сочетается с аффиксацией, так что слово сразу приходит в русифицированной форме.

Молодежный сленг обходится самыми стандартными суффиксами и префиксами. Например, большинство прилагательных, происходящих от английских корней, образованы с ударным суффиксом -ов-: брендовый "совершенно новый", олдовый "старый", янговый "молодой", лотовый "длинный", френдовый "принадлежащий другу", прайсовый "денежный", еловый "желтый", хитовый "популярный", файновый "хороший", френчовый "французский" и т.п.

Следующим мощным источником формирования лексического состава сленга является метафорика. Здесь и собственно метафоры, и метонимии. В метафорике часто присутствует юмористическая трактовка означаемого, например: лысый - лохматый, баскетболист - человек маленького роста.

Удельный вес остальных источников формирования лексического фонда молодежного сленга незначителен. Это: 1) заимствование блатных арготизмов; б) развитие полисемии; в) антономасия (имя собственное как нарицательное); г) синонимическая или антонимическая деривация (один из компонентой фразеологизма заменяется близким или противоположным по значению словом общенационального языка или сленга); д) усечение корней (апокопа); е) сложение корней; ж) аббревиация; з) метатеза; и) энентеза (вставка звука или слога).

Сводный словарь уже зафиксированный в различных публикациях сленгизмов насчитывает около 1000 единиц. Исследователи, занимающиеся молодежным сленгом, включают в сферу изучения возраст с 14-15 до 24-25 лет. Сравнение показывает, что лексикон разных референтных групп совпадает лишь отчасти. Отошли в прошлое "телки", "чувихи", "герлы". Теперь молодые люди называют девушек "тетки" или "пчелы". Если девушка странная или нетрезвая, то о ней могут сказать "отъехавшая". Молодых людей; девушки соответственно называют "дядьки". Если молодой человек состоятельный, хорошо одетый ("упакованный", "прикинутый"), имеет машину ("тачку"), то о нем они говорят: "Ну, ты просто туз", а также "крутой" или "нешуточный". Молодые люди бывают "повышенной крутизны", но попадают и "подкрученные", т.е. не очень "крутые". Говоря друг о друге, молодые люди называют себя "чудаками". Это небивное слово, синоним бывшего "чувака". Если собирается компания, то это называется "тусовка" или "сейшн". "Тусовка" может оказаться "парашливой" - неудачной или "чумовой" - удачной.

Надо четко представлять себе, что во всех случаях, когда мы встречаемся со сленгизмами не в словаре, а в живой речи, это речь не жаргонная, а лишь жаргонизированная - отдельные включения сленгизмов на фоне нейтральной или фамильярной лексики. В сленге отражается образ жизни речевого коллектива, который его породил. Сленгизмы очень интенсивно просачиваются в язык прессы. Почти во всех материалах, где речь идет о жизни молодых, содержатся сленгизмы в большей или меньшей концентрации. Распространенная сленговая лексика попадает в них очень быстро, и мы получаем возможность объективно судить об ее частотности.

Молодежный сленг попадает в городской фольклор. Как экспрессивный элемент, образующий "стилистический слом" (термин Ю.М. Лотмана), сленг эффективно используется в микродозах и в прозе, и в поэзии. Такое использование молодежного сленга в стилистических целях является, как заметала Д. Франсуаза, способом превратить его из достояния корпоративной группы во всеобщее достояние.

Изучение и сравнение системы функциональных стилей разных языков приводит к выводу, что арго (жаргон, сленг или социолект) - это не вредный паразитический нарост на теле языка, который

"иссушает, загрязняет и вульгаризирует устную речь" того, кто им пользуется, а органическая и в какой-то мере, по-видимому, необходимая часть этой системы. Она очень интересна для лингвиста: это та лаборатория, в которой все свойственные естественному языку процессы, не сдерживаемые давлением нормы, происходят во много раз быстрее и доступны непосредственному наблюдению. Что же до "иссушающего" влияния молодежного жаргона, то надо заметить, что все социальные диалекты, в отличие от территориальных диалектов, никогда не бывают первым и единственным способом коммуникации для тех, кто ими пользуется. Молодежный сленг - это один из функциональных стилей, к которому прибегают носители языка с относительно высоким уровнем образования только в определенной ситуации общения. В других ситуациях они пользуются другими стратами шкалы стилей. Пока молодежный сленг используется молодыми, когда они общаются между собой в непринужденной, неофициальной обстановке, никакого «загрязнения» не происходит. То же касается и языка художественной литературы: когда сленгизмы входят в него как элементы речевой маски персонажа, это не вызывает никакого протеста, если делается с тактом и эстетически мотивированно.

Главную же роль в языке сленга с нашей точки зрения играют специальные слова или словосочетания-маркеры. Эти слова являлись своего рода универсальными сообщениями, заменявшими длинную последовательность предложений, которые, наверное, было просто лень произносить. Но в чем же отличие молодежного сленга от сленгов других типов?

Во-первых, эти слова служат для общения людей одной возрастной категории. При этом они используются в качестве синонимов к английским словам, отличаясь от них эмоциональной окраской.

Во-вторых, молодежный сленг отличается сосредоточенностью на реалиях мира молодых. Рассматриваемые сленговые названия относятся только к этому миру, таким образом, отделяя его от всего остального, и зачастую непонятны людям других возрастных категорий.

Благодаря знанию такого специального языка молодые чувствуют себя членами некой замкнутой общности.

И, в-третьих, в числе этой лексики нередки и достаточно вульгарные слова.

Таким образом, эти три наблюдения не позволяют причислить молодежный сленг ни к одной отдельно взятой группе нелитературных слов и заставляют рассматривать его как явление, которому присущи черты каждой из них. Это и позволяет определить термин молодежный сленг, как слова, употребляющиеся только людьми определенной возрастной категории, заменяющие обыденную лексику и отличающиеся разговорной, а иногда и грубо-фамильярной окраской.

Сленг не остается постоянным. Со сменой одного модного явления другим, старые слова забываются, им на смену приходят другие. Этот процесс проходит очень стремительно. Если в любом другом сленге слово может существовать на протяжении десятков лет, то в молодежном сленге лишь за прошедшее десятилетие бурного мирового прогресса появилось и ушло в историю невероятное количество слов. Идет процесс смены поколений, и те слова, которые казались модными и смешными пять-семь лет назад, сейчас выглядят устаревшими.

Сленг многофункционален. Многие слова становятся "несерьезными" в результате разговорного сокращения (уши от наушники и т.п.), метонимического переноса, свойственного разговорному языку вообще (просторечное ящик - телевизор, тачка-такси или машина), метафор (упаковка - милицеевская машина, обезьянник - скамейка для задержанных в отделении милиции).

Ни одна юмористическая история не обойдется без сленга. А вот там, где речь идет о трагедии и романтике, для чистоты впечатления сленга иногда избегают. Вообще отсутствие сленговых слов - несомненный показатель серьезного отношения говорящего к тому, что он рассказывает. Примечательно, что по стилистике эти истории и без сленга продолжают оставаться молодежными, так как рамки мировидения остаются все теми же.

Итак, оценивая молодежный сленг в целом, можно сказать следующее. Как и при использовании любого языка или сколь угодно малого подъязыка, здесь также возникает подобие "лингвистической относительности". Эта "относительность" имеет чисто эмоциональный характер: сленг построен так (и для того), чтобы создать эффект "двойного отстранения" - не только описанная на сленге реальность кажется отстраненной, но и сами носители сленга отстраняют себя от окружающего мира. Первая отстраненность стремится быть иронической. Что касается "второй отстраненности", то, видимо, это уже свойство и функция не только данного сленга. Здесь, на наш взгляд, проблема переходит в разряд общекультурных.

1. *Большой энциклопедический словарь*. - М., 2005.
2. *Борисова-Лукашинец Е.Г. Лексические заимствования и их нормативная оценка (на материалах молодежного жаргона 60-70 годов)*. - М., 1992.
3. *Радзиховский Л.А., Мазурова А.И. Сленг как инструмент от^ранения //Язык и когнитивная деятельность*. - М., 1989.
4. *Словарь жаргонных слов и выражений // Мильяненко Л. По ту сторону закона. Энциклопедия преступного мира*. - СПб., 1992.

Түйш

Бұл мақалада қазіргі орыс тіліндегі тіл этикетінің формалары қарастырылады.

Summary

The article is investigated features of the modern languages of young people.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДІ АУДАРУ ІСІН ДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Ә.Н. Насыритдинова - *филол.ғыл.к.*

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті оқытушысы

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық әдебиеттердің қазақ тіліне көптеп аударылуы заман талабынан туындап отыр. Себебі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы кезеңінде осы бағытта күн санап ашылып отырған жаңалықтарды мемлекеттік тілде меңгеру бүгінгідей сала мамандарын қазақ тілінде даярлау мақсаты басты орынға қойылып отырғанда маңызды болып қала бермек. Онымен қоса, бірнеше ондаған жылдар бойы кеңес одағының құрамында болған елдерде техника сияқты нақты ғылым салалары тұрмақ, өз әдебиетін ана тілінде оқу мүмкіндігі шектелген болатын. Сондықтан да техника, медицина ғылымдарын игеруге қазақ тілінің мүмкіндігі жетпейді деп есептеліп, қазақ баласы бұл саланы меңгеруі үшін орыс тіліне жүгінуге мәжбүр болды. Сол дәуірде маман даярлайтын оқу орындары үшін жарияланған орыс тіліндегі еңбектерді еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап көптеп аударма бастадық. Бұл бағыттағы аударма еңбектер тіліндегі стилистикалық, грамматикалық қателіктер ғылыми- техникалық аударма ісінің әлі де болса толық жолға қойылмағандығын аңғартады.

Жалпы, ғылыми-техникалық еңбектердің қазақ тіліне аударылуы туралы сөз қозғағанда, алдымен, ғылыми-техникалық аударма, техникалық терминдердің қазақ тілінде жасалуы мәселелеріне тоқталу қажет. Себебі техника саласындағы оқулықтар мен оқу құралдарының аударылуындағы кемшіліктер тек ғылыми-техникалық аударманың мәселелері шешілгенде ғана жойылмақ. Ал ғылыми-техникалық аударма мәселесінде арнаулы сала мәтініне тән ерекшеліктерді ескермеуге болмайды.

Ғылыми-техникалық мәтін тілі жалпыхалықтық тілдің бір бөлігі болып табылып, оның лексикалық, грамматикалық құрылымдарын қолданады. Алайда ғылыми-техникалық әдебиет тіліне осы жанрдың мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін белгілі бір стиль, сондай-ақ терминология және грамматика саласына қатысты ерекшеліктер тән.

Ғылыми-техникалық мәтіндегі басты компонент когнитивті ақпарат болып табылады. Онда сөздік және түрлі сызбалар мен белгілерден тұратын таңбалық мәтін болады. Мәселен, мұндай мәтіндерде сызбалар, кестелер, суреттер, математикалық белгілер, формулалар кездеседі. Аудармашы үшін мұндай таңбалық мәтін соншалықты қиындық туғызбайды, себебі олар халықаралық сипатта болады. Сондықтан да ғылыми-техникалық әдебиетті аудару кезінде мұндай белгілер түпнұсқа мәтіннен аударма мәтінге еш өзгеріссіз көшіріледі. Ал тілдік мәтін туралы әңгіме бөлек.

Ғылыми-техникалық мәтінді құрайтын барлық сөздік қор арнайы және жалпы тілдік лексикаға бөлінеді. Арнайы лексиканың ғылыми мәтінде ең көп кездесетін түрі - терминдер. Термин - кез келген ғылым не тәжірибелік қызмет саласына қатысты ұғым мен түсінікті, затты бейнелейтін сөз не сөз тіркесі. Терминдер нақты когнитивті ақпаратты беруге арнайы бағытталады. Термин мәтінде стильдік тұрғыдан бейтараптанып, контекстен толықтай тәуелсіз болады. Яғни, терминді әр контекст аясында әр түрлі нұсқада аударуға болмайды.

Бұл жерде ғылыми-техникалық әдебиеттің көркем әдебиеттен басты айырмашылығы шығады. Ғылыми-техникалық әдебиет тілінде кейде жай еңбектерді былай қойғанда, арнайы сөздіктерде де кездесе бермейтін терминдер ұшырасуы мүмкін. Адамзат ілімінің, сол арқылы ғылымның кеңейе түсуіне байланысты оның бұрыннан таныс не жаңа салаларына қатысты ұғымдардың түсінігіне қажеттілік те күрделене береді. Соған сай сөздік қор да көбейеді, бұл көбею негізінен жаңа терминдермен жүзеге асырылады. Сондықтан да ғылыми-техникалық әдебиеттерді аудару барысында аудармашы алдында жаңа ұғымдарды барынша меңгеріп, оны аударма тілде дәл бере білу талабы тұрады. Аудармадағы ең басты қиындық та осында жатыр. Ақпараттық аудармаға тән басты ерекшеліктің бірі де осы. Ғылыми мәтіндегі терминдерді аударма тіліне барынша дәл, нақты аудару аудармашыдан нақтылықты, дәлдікті талап етеді. Аударма үдерісінде аудармашы алдында кез келген терминнің аударма тілдегі баламасын таңдау мәселесі туындайды.

Кейде терминді дәл аудару қиындық тудырады, өйткені түпнұсқа тілде термин ретінде бұл атаудың негізгі емес, қосымша мағынасы, яғни негізгісімен қандай да бір байланысы бар мағынасы алынуы мүмкін. Бұндай арнайы мағынаны түсіну үшін термин атауына терең үңіліп, оның түпнұсқа тілдегі барлық нұсқасындағы мағынасын білу керек. С.М. Стрелковский мен Л.К. Латышевтың ойынша, термин жасауда өзек болған сөз мағынасы бірте-бірте орнығады: «Аудармашыға термин ретінде қолданылған сөздің бастапқы мағынасын білу маңызды. Себебі сөздің бастапқы мағынасы терминнің нақты мағынасын қалыптастырып, қалыптасқан термин мәнінен байқалып тұрады. Терминнің нақты мағынасы кейде «сөздің ішкі формасы» деп аталады. Сөздің ішкі формасын барлау кейде терминнің мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді және аударма тілінде оған сәйкес келетін балама табу жолдарын көрсетеді» дейді [1, 60].

Сондықтан да ғылыми-техникалық әдебиетті аударушының алдында кездесетін ең қиын да күрделі жұмыс - ғылыми терминдерді дәл, нақты бере білу. Аударма жұмысындағы, оның ішінде ақпараттық аударма жұмысындағы осындай ауыртпалықты ескергендіктен болар, тіл білімінде терминологиялық аударма мәселесін жеке сөз қылып жүрген ғалымдар да жоқ емес. Атап айтар болсақ, зерттеуші Ш.Құрманбайұлы аударманың бір түрі ретінде терминологиялық аудармаға мынадай анықтама береді: «Терминологиялық аударма - шет тілдері терминдерінің ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады.

Жаңа терминдер мен аударма сөздіктерге еңбеген терминдерді аударуға қажетті деңгейдегі білім мен машық керек болады. Сондықтан да терминологиялық аударма кезінде жаңа терминдерді жиі жасауға тура келеді» [2, 56].

Автордың бұл пікірі орыстың тілші ғалымдары С.Влахов пен С.Флорин тұжырымдарымен сәйкес келеді. Аталған ғалымдар өздерінің «Непереводимое в переводе» атты монографияларында терминді аудару мәселесінде үш қағидат ұсынады: «1. Терминологиялық аудармадағы негізгі қағидат — термин терминмен беріледі. 2. Аударманың басты қағидатына ауытқу тек берілген мәтінде термин терминологиялық мәнде болмаса, өзіне маңызды семантикалық жүк артпаса және сәйкесінше термин жүйесінен ажыратылса ғана рұқсат беріледі. 3. Аударма тілде балама термин болмаса ғылыми мәтінде оны түпнұсқа күйінде қабылдайды немесе жаңа термин жасайды не жалпы әдеби бірлікке терминологиялық мағына үстейді» [3, 285]. Яғни, ғылыми-техникалық мәтіндерді аударушы тұлға техникалық сала маманы болуымен қатар, аударма тілдің заңдылықтарын да жетік игерген болуы керек. Себебі техника саласындағы аударма мәтіндердің тілінде кездесетін кемшіліктердің басым бөлігі осы қазақ тіліндегі сөйлем құрылымының сақталмауынан болады.

Мәселен, *«С жүзінде жұдырықшалы механизмді жетекші звеноға қажетті цоззалыс заңын туызу үшін қолданады*

- өндірістік процестер мен қндырзылардың жұмыс режимін басқару мен баздарлау (жобалау), таратқыш біліктер, светофорлар және т.б.»

Берілген мәтіннің сөйлем құрылымы дұрыс болмауына байланысты, мәтін мазмұны оқырман үшін түсініксіз болып отыр. Сөйлемнің мағынасын жетік түсіну үшін, орыс тілді мәтінге жүгінуге тура келеді. Аталған автордың осы аттас орыс тіліндегі оқулығында бұл мәтін былай берілген:

Кулачковые механизмы на практике применяют для:

- получения необходимого закона движения ведомого звена (механизмы газораспределения в двигателях внутреннего сгорания, вязального аппарата, подборщика и т.д.);

- программирования производственных процессор и управления режимом работы установок (распревалы, копиры, светофоры) и т.д.

Біздіңше, мәтіннің қазақ тіліндегі баламасы былай болуы керек:

Жұдырықшалы механизм, іс жүзінде, жетекші звеноза қажетті қозғалыс заңын туғызу (іштен жану қозғалтқыштарындағы газ таратқыш механизмде, тоқу аппаратында, жинағышта); өндірістік процестерді бағдарламалау және қондырғылардың (таратқыш біліктер, көшіргіштер, бағдаршамдардың) жұмыс режимін басқару т. б. үшін қолданылады.

Сондай-ақ, осы еңбектен тағы бір мысал ретінде «Кинематикалық жұптың ылғи тұйық болуы серіппемен (күштік тұйықтау) немесе профилді наз түрінде жасау (геометриялық тұйықтау) қамтамасыз етіледі» деген сөйлемді алуға болады. Құрылымындағы сөздердің қосымшалары дұрыс жалғанбағандықтан, немесе түсірілгендіктен, сөйлем мағынасы күдік тудырады. Берілген мысалдың орыс тіліндегі нұсқасы: «Постоянное замыкание кинематической пары достигается пружиной (силовое замыкание) или изготовлением профиля в виде паза (геометрическое замыкание)». Яғни, біздіңше, мәтінді «Кинематикалық жұптың ылғи тұйық болуы серіппемен (күштік тұйықтау) немесе профилдің наз түрінде жасалуымен (геометриялық тұйықтау) қамтамасыз етіледі» деп қазақшалаған дұрыс секілді.

«Геометрическим местом мгновенных центров скоростей звеньев - аксоид, вращающихся вокруг осей, пересекающихся под углом S являются конусы» деген мәтіннің қазақ тіліндегі «S бұрышымен қиылысатын кіндіктерді айналатын звенолардың лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны

- конустар болып табылады» нұсқасы да дұрыс аударылғандығына күмән туғызады. Бұл мысалдағы «лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны - конустар болып табылады» деген тіркестің құрылымында қателік орын алған. Негізінен «орталар геометриялық орны» емес, «орталығының геометриялық орны» болуы керек сияқты. Сөйлемнің стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылмауы - техникалық аударма мәтіндерде көптеп кездесетін кемшілік. Бұл кемшіліктер қазақ тіліндегі ғылыми- техникалық мәтінді түсінуге кедергі жасап, оны оқушылардың бойында мемлекеттік тілде жазылған техникалық оқулықтарға күмәнмен қарау түсінігін тудырады. Осыдан барып, орыс тілді мамандар арасында техникалық ғылым тілін жасауға қазақ тілінің мүмкіндігі жетпейді деген ұғым қалыптасады. Сондықтан да техника саласының мәтінін мемлекеттік тілде аударуда немесе қазақ тілінде оқулық жазарда мамандардың тіл заңдылықтарын қатаң сақтап, сөйлем құрылымына баса назар аударғаны жөн.

Ғылыми-техникалық мәтінді аудару барысында кездесетін тағы бір қиындық - мәтін тіліндегі терминдерді аудару жұмысының ауырлығы.

Кавдай да бір ғылым саласы терминін бір тілден екінші тілге аудару жұмысы көптеген мәселені шешуді талап етеді:

1. Термин дұрыс анықталған, аударылатын мәтіндегі басқа сөздерден ерекшеленген болуы керек. Бұл нәтижеге тек қарастырылып отырған сала терминологиясымен барынша таныс болғанда ғана қол жеткізуге болады.

2. Аудармадағы термин дұрыс түсінілуі керек. Ол үшін термин бейнелейтін ұғымды айқындау қажет. Егер аудармадағы термин көп мағыналы болса, онда бұл жұмысты ол жағдайға қолайлы мағынасын таңдау әрекеті қиындатады.

3. Аударма тілде түпнұсқа тілге сәйкес келетін, аударылатын терминге мағыналық жағынан тура балама болатын термин анықталуы керек. Егер аударма тілде берілген терминнің бірнеше синонимі болатын болса, олардың арасынан ең сәйкес келетінін таңдаған жөн.

Бұл бағыттағы жұмыстарда балама аударма тәсілін қолданған маңызды. Себебі техникалық терминдерді аударуда термин қазақ тіліне өзгеріссіз қабылданады немесе басқа сала терминдері ішкі терминдену үдерісімен техника саласына өтеді не тіліміздегі жалпы халықтық сөздердің терминдену үдерісі орын алады, болмаса, терминнің ұлт тіліндегі баламасы жанадан жасалады. Сондықтан да бұл жұмыста калька арқылы аудару мен балама аударма тәсілдерін қолданған тиімді де, дұрыс та. Сонда ғана терминнің сала мамандары арасында қабылданып, актуалдану үдерісі жылдам жүргізіледі. Ал, техникаға арналған оқулықтар мен оқу құралдары тілінде терминдерді аударудағы түрлі кемшіліктер бұл бағыттағы жұмыстарды ақсатады. Техникалық мәтінде терминдердің түрлі нұсқада берілуі, аудармасы қалыптасып қалған терминдердің шет тілдік нұсқасының қолданылуы секілді мәселелер де мәтіннің меңгерілуіне өз әсерін тигізбей қоймайды.

Мәселен, жоғарыдағы «Геометрическим местом мгновенные центров скоростей звеньев - аксоид, вращающихся вокруг осей, пересекающихся под углом S являются конусы» деген мәтіндегі «ось» термині қазақ тіліне «кіндік» деп аударылса, («[^] бұрышымен қиылысатын кіндіктерді айналатын звенолардың лездік жылдамдықтар орталар геометриялық орны - конустар болып табылады»), осы

еңбектің 114-бетіндегі «Из рис. 7.1 ясно, что в случае, когда $P..$ - мгновенный центр, располагается: $P12$ — между осями вращения, $U12 < 0$ (рис.7.1,а); $P34$ — за осями вращения, $U34 > 0$ (рис.7.1, б)» мәтіндегі «ось» сөзі «өс» деп алынады: «7.1-суретте көрсетілгендей, егер P жылдамдықтың лезді центр айналу өстерінің арасында орналасқан жағдайда $U12 < 0$ (7.1,а-сурет), ал егер айналу өстерінің сыртында орналасса $U34 > 0$ ». Сондай-ақ, осы еңбек тілінде қазақ тілінде «алғышарт» деп аталып жүрген «предпосылка» термині де екі түрлі нұсқада беріледі: «Предпосылки для построения картины распределения скоростей механизма» «Жылдамдық суретін салудың кепілдері» және «Пользуясь предпосылкой 2, определяют еще одну точку картину распределения скоростей следующего звена» «2-ші себепті пайдаланып келесі звеноның жылдамдық суретінің тағы бір нүктесін анықтайды». «Предпосылка» сөзі аталған мысалдардың бірінде «кепіл» деп алынса, екіншісінде «себеп» деп аударылған. Және де, техника саласына қатысты енді бір еңбекте терминнің бір сөйлемнің ішінде екі түрлі нұсқада берілуі де кездеседі. «Из редукторов рассматриваемого типа наиболее распространены горизонтальные... Корпуса чаще выполняют литыми чугунами, реже - сварными стальными. При серийном производстве целесообразно применять литые корпуса» «Бір сатылы цилиндрлі редукторлар горизонтальды және вертикальды болып келеді. Көп таразаны - біліктері горизонтальды орналасқан редукторлар. Олардың корпусары көбінесе шойыннан құйылып жасалады, өйткені өндірісте құйма қорапты қолданған ыңғайлы». Қазақ тіліндегі мәтіннің соңғы сөйлемінде «корпус» термині өзгеріссіз де, «қорап» деп те алынған. Бұндай жағдайлар екі еңбекті қатар оқыған адамда түсінбеушілік туғызуы мүмкін.

«Основным фактором, определяющим выбор закона движения, является назначение - требование технологического процесса, выполняемого механизмом. Так даже незначительные изменения профиля кулачка из-за износа в механизме газораспределения вызывает отклонение в законе движения клапана, и как следствие - ухудшение параметров двигателя» мәтіндегі «двигатель» сөзі де қазақ тіліндегі аудармасында екі түрлі нұсқада (бірде шет тілдік нұсқасында, бірде қазақ тіліндегі баламасы) берілген. «Қозғалыс заңы механизм атқаратын міндеті, яғни технологияға, сөзсіз байланысты. Мысалы двигательдің жұдырықша профиінің желінуден, болар-болмас өзгеруі газ таратқыш механизмде клапан қозғалыс заңына ауытқу тудырады, ал бұл қозғалтқыш параметрлерін нашарлатады».

Сонымен қатар, техника саласының мәтіндерінде шет тілдік қысқарған терминдердің сол күйінде қолданылуы да кездеседі. Мәселен, «Современные ЭВМ позволяют значительно облегчить кинематический анализ даже при сложных функциях параметров» сөйлемі қазақ тіліне аударылғанда ЭВМ термині ЭЕМ (электронды есептеу машиналары) болуы керек еді. Алайда автор кірме сөздерді экзотикалық қабылдау тәсілін қолданған: «Қазіргі кездегі ЭВМ-дер күрделі функциялы параметрлерде кинематикалық анализ жасауды жеңілдетеді».

Орыс тіліндегі техникалық мәтінді аударуда көбіне-көп бірыңғай мүше ретінде қатар келіп тұрған терминдердің бір-екеуі ғана аударма тілге көшіріліп, қалғандары жазылмай кетеді. Бұл да мәтінді толық түсінуге кедергі болады деп есептейміз. Себебі «Ғылыми-ақпараттық мәтін - көп қатпарлы материал, одан маңызды емес деп қандай да бір бөлігін алып тастауға болмайды. Мәтіннен бір сөйлемді алып тастаумен, сіз оның мазмұнын жоясыз, нақтырақ айтсақ, ақпаратты бұрмалайсыз» [4, 201]. Маман- дардың бұл сөзіне құлақ түрсек, ғылыми-техникалық мәтінде басы артық сөйлем не сөз болмайды. Ғылыми ақпараттың нақты, толық берілуі үшін мәтін бойындағы барлық сөз, барлық қосымшалар маңызды. Сондықтан да аударма кезінде оларды тастап кетуге мүлде болмайды.

«Дифференцированием графика $S_2 = f(y_1)$ можно получить функции аналогов скорости и ускорения толкателя $V_2(\phi)$, $a_2(\phi)$ ». « $S_2 = f(y_1)$ графигін дифференциалдау арқылы итергіштің жылдамдығына $V_{2\phi}$ (үдеуі $a_{2\phi}$) ұқсас функцияларды табуға болады». Орыс тілді мәтіндегі «скорости и ускорения толкателя» тіркесіндегі «ускорения» сөзі қазақ тіліндегі мәтінде түсіріліп тасталған да, «итергіштің жылдамдығына ұқсас» болып шыққан. Дұрысы «итергіштің жылдамдығы мен үдеуіне ұқсас» болуы керек еді. Сондай-ақ, «Где A_1 - амплитуда аналога ускорения на участке разгона» сөйлемі де қазақ тіліне толық жеткізілмеген: «Мұндағы A_1 - үдеу аналогінің амплитудасы».

Мәтіндегі мәліметтің толық берілмеуі де қазақ тілінде техникалық сала оқулығын оқыған кезде көптеген сұрақтарды туындатып, мемлекеттік тілде маман даярлау ісіне кедергі келтіруі анық. Сол себепті де, сала маманы өз кәсібі бойынша мемлекеттік тілде әдебиет жазу немесе орыс тілінен аудару кезінде қазақ тіліндегі мәтіннің оқырманға, орыс тілдегі мәтінді оқыған адам алған әсердей, түсінікті болуын қадағалауы керек. Және де тілдің стилдік қабаттарының өзіне тән сөздері мен сөз тіркестері,

яғни тілдік қоры болатынын ескерсек, ғылыми стилге тән өзіндік материалды пайдаланған орынды. Себебі ғылыми-техникалық әдебиет тіліне ақпараттың қысқа және дәл берілуі тән. Кейбір терминдер қарапайым сөздерге жаңаша мағына үстелу арқылы жасалуы мүмкін. Бұндай терминге үстелген мағына бастапқы кезде айқын көрініп тұрғанымен, бара-бара байқалмай кетеді. Өйткені ғылым тіліне эмоционалды реңк тән емес.

Ғылыми-техникалық мәтін тіліндегі мұндай өзгешеліктер мәтінді бір тілден екінші тілге аударғанда қатаң ескерілуі керек. Сонымен бірге түпнұсқа тілдегі мәтін аударма тілдің заңдылықтарына сәйкестендірілуі қажет. Сонда ғана мәтін аударма тілді оқырмандарға түсінікті болып, оқырманның жетік меңгеруіне мүмкіндік беріледі. Мәселен, ағылшын тілді ғылыми мәтінде эмоционалды- экспрессивті реңк көрініс береді. Оны орыс не қазақ тіліне сол күйінде жеткізу бұл тілдердегі ғылыми стиль ұстанымдарына қайшы келетіндіктен, аударма барысында мұқият болған жөн.

Жалпы, Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарлама жобасында мемлекеттік тілді ғылым мен техника тілі ретінде қалыптастыру мәселесіне баса назар аударылған. Бұл болашақта техника саласында қазақ тілінде жазылатын еңбектер, ғылыми жұмыстардың саны артады деген сөз. Ал, сол жағдайда жоғарыдағыда көрсетілген кемшіліктерді болдырмай, қазақ тіліндегі техникалық әдебиеттерді түсінікті, мазмұнды ету үшін ол әдебиеттер тілін тылыми-техникалық стилге сәйкестен- діріп, қазақ тілінің заңдылығына сай жазу - сала мамандарының міндеті.

1. Стрелковский С.М., Латышев Л.К. *Научно-технический перевод.* - М.: Просвещение, 1980. -175 с.
2. Құрманбайұлы Ш. *Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық.* - Астана: Ер-Даулет, 2007. -145 б.
3. Влахов С., Флорин С. *Непереводимое в переводе.*-М.:Международное отношение, 1980. - 342 с.
4. Пиввуева Ю.В., Двойнина Е.В. *Пособие по теории перевода (на материале английского языка).* - М.: Филлолатис, 2004, - 304 с.
5. Нұрғалиев Т., Әубәкіров Б. *Механизмдер теориясы: оқу құралы.* - Алматы: Қазақ университеті, 1995. -126 б.
6. Нұрғалиев Т., Сыздықов Ж. *Краткий курс теории механизмов: учебное пособие.* - Астана: Аграрный университет. 2000. - 178 с.
7. Бессонов Л.А. *Теоретические основы электротехники.* -М.:Высшая школа, 1973. - 752 с.
8. Ахметов А.Қ., Қабақова Т.А. *Электротехниканың теориялық негіздері.* - Астана: «Ақмола Полиграфия» ЖАҚ, 2004. - 515 б.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы, возникающие при переводе научно-технического текста на казахский язык. Автор, анализируя возникающие трудности в подобных ситуациях, предлагает свои способы для облегчения в процессе технического перевода.

Summary

The problems appeared during the translation of scientific-technical texts into Kazakh are considered in this article. The author analyzing appeared difficulties in such situations offers her methods for easy technical translation in the process.

Ж.БАЛАСАҒҰННИҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ТҮБІРЛЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ-
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.С.Қоспағарова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты

«Құтты Білік» ескерткіші тіліндегі түбірлерді қазақ тілімен салыстыра отырып, қазіргі тіл тұрғысынан көнергендеріне, тіпті кейбіреулері ескіріп, тілімізден шығып қалғандарына және қаргі тілімізде мағыналық өзгерістерге ұшырай отырып жеткен түбірлер де бар екеніне көз жеткіздік. Кейбір түбірлер дами отырып қазақ тілі лексикасынан да көнерген түбір ретінде орын алса, ал енді біреулері сөздік қордан мүлдем шығып қалған. Ескерткіш тіліндегі түбірлер тілдің даму барысында қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі сипатта қалыптасқан. Бұл тарихи түбірлердің ішінде қолданыста болғанымен, бұрынғы тіркесімділік қабілетін жойып алғандары немесе дыбыстық өзгеріске ұшырағандықтан, мағынасы өзгермегенімен, сыртқы фонетикалық тұрпаты көнергендері, сол сияқты қазақ тілінде көне түркілік сыртқы дыбыстық тұрпаты сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтіндері де кездеседі. Сонымен бірге өлі жұрнақтар жалғанып, бір бүтін тілдік бірлікке айналған түбірлер де, керісінше, өлі түбірге тірі жұрнақ жалған түбірлер де бар. Ескерткіш тілінің сөздік қорын зерттеу барысында лексикалық мағынасы әбден көмескіленген, этимологиясын тұспалдауға болатын түбірлер де кездеседі. Қазақ тілі лексикасынан мүлдем шығып қалған түбірлер қазақ тілінің сөздік құрамынан ғана емес, бүкіл түркі тілдерінің сөздік құрамынан шығып қалғандары да; қазақ тілінде ұшыраспағанымен, қазіргі түркі тілдерінің белгілі бір тобында сақталып қалған түбірлер де бар. Сондықтан ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілін салыстыру арқылы қазіргі тілдерде қалыптасқан әрбір түбір өзіне тән даму мен қалыптасу жолдарын өткеніне көз жеткіздік. Жұмыссызда солардың кейбіріне тоқтап, талдасак:

Сөздік қорымызда *құтты*, *құтсыз*, *құтаю*, *құтпан*, *құтекей*, *құтты*, *құтықта*, *құттылық*, *құтхана*, *құты қашты*, *құтты болсын*, *құтты жеріне (орнына) қондыру*, *құтты қонақ болу*, *құт- береке* деген лексикалық бірліктер бар. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынандай мағыналары берілген:

ҚҰТАЮ *тұрақтану, орнығу.*

ҚҰТ-БЕРЕКЕ *байлық, береке, ырыс: құт-береке дарыды.*

ҚҰТТЫКЕЙ *құты қонған адам (жер).*

ҚҰТПАН *құт-береке, ырыс, құт: құтпан айғыр - құтты айғыр, байлық басы.*

ҚҰТСЫЗ *құты жоқ, жолы ауыр, қырсық.*

ҚҰТТЫ *құт қонған, берекелі.*

ҚҰТТЫҚТА *біреуге құтты болсын айту.*

ҚҰТХАНА *құтты үй, игілікті мекенжай* [68, 549 б.].

Қазіргі түркі халықтары тілінде *құт* (*qut*) лексемасының жалпы семантикасы бір-бірінен алшақ кетпейді: тува тілінде *Kuwt* жан, өмір беруші күш», алтай тілінде *kuwt* «өмірлік күш-қуат мағына- сындағы жан; ұрпақ, бақыт сайлаушы рух»; хақ. *kuwt* «тірі адамның жаны» (ДТС, 253); Құтты ұстап алған адамға бақыт әкеледі (оны тек жақсы, таза, адал адам ғана ұстай алады, жаман адамның қолында нәжіске айналып кетеді); «адам мен малдың қорғаушысы»; тат., қалп., құм., башқ. Тілдерінде де *qut* лексемасы «отбасына, жеке адамға береке-бақыт әкелетін кие» мәнінде жұмсалады, көне түркі тілі сөздігінде *qut* «счастье», «благо», «удача», «успех», «счастливый удел» (ДТС, 471). *Құт* ұғымының ұшу мүмкіндігі *qut* мифонимін *qis* сөзімен байланыстыруға жетелейді. Халық танымында *қайтыс болған адамның жаны qut болып ұшып кетеді* деген ұғымның қалыптасуы да осыған саяды. *qut*, *qis* сөздерінің ілкі түбірі «ұшу, ұшу қабілеті бар» семаларын сақтаған **qi* тұлғасы болуы мүмкін, *-t*, *-s* форманттары даралаушы семалардың мәнін сақтаған.

Таңымдық-тағылымдық терең мән-мағынаны бойына сіңірген тарихи ҚҰТ сөзі қазіргі қазақ тілінің түптамырын XII ғасырға алып баратын бір ғана тілдік бірлік. Ал «Кутадғу билиг» дастанында, жалпы орта ғасыр жазба ескерткішінде қазақ тілінің тарихи тамырын тереңдете түсетін қаншама тілдік бірліктер жаңа уақыт кеңістігінде жан-жақты зерттеулерді күтіп тұр. Тілдің әрі өзгермелік, әрі тұрақтылық қасиетін сақтап қалған сөздік қорымыздағы байырғы түбірлер, тарихи тілдік бірліктер - даму жолында көп өзгерістерге ұшыраса да көне тілдік элементтерді бойына сіңіре сактай жүрген баба тілдің асыл қазыналары.

ТОН түбірі *иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім* мағынасында қолданылады. Сонымен қатар *ерлердің сырт киіміне байланысты жалпы атау* ретінде де жұмсалады.

Ескерткіш тілінде тон «киім-кешек» мағынасында жұмсалған: йәма айту турса ерат халыдин Ачы һам тоқы йа *тонын* опрақын ҚБ 191 (Және жауынгерлердің хал-жағдайын сұрап тұру қажет аш па, әлде тоқ па, киімі жаңа ма, әлде тозған ба?). Осы сөзге -шы жұрнағы жалғанғанда *киім тігуші* деген мағына береді. Ағычы битигчи йа иш тутғучи йа тончы етүкчи ҚБ 186 (Қазынашы, көшіруші, немесе іс жүргізуші, немесе киім тігуші, етікші). «Киім-кешек» ұғымын берген бұрынғы тон сөзінің мағынасы тарылғандықтан, біздің заманымызда тоншы туынды сөзі қолданыстан шыққан, ал жалпы киім атауын беретін мағынасы тарылған.

ҚАДАШ: Адаш едгү болса бу болды *қадаш* ҚБ 183 (Туысың жоқ болса, дос іздеп тап Досың ізгі болса, туыс бола алады). Қандас *шығу тегі бір, бауырлас* [71, 5 б.]. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде кездесетін өнімсіз -даш жұрнағы түбірлерге қосылып, сол жалғанған түбірлердің нақты мағыналарына сәйкес туысқандықты, жақындықты, ниеттестікті, сондай-ақ әлеуметтік тұрмыс жағдайдарының ортақтығын білдіретін түбірлер жасайды [72, 22 б.]. Қазақ тіліндегі -дас (-дес, -тас, -тес) осы жұрнақпен тектес. Қа түбірі мен қан (дененің барлық клеткаларына қорек беріп тұратын, тамырларды қуалап ағатын қызыл сұйық зат) түбірін өзара салыстырсақ, ескерткіштер тілінде н үндісінің түсіріліп айтылғанын байқау қиын емес. Сөз соңындағы н дауыссызын үнемдеу - оғыз тілдеріне тән заңдылық. Демек, н элизияға ұшыраған: қа ~ қан. Қадаш ~ қандас мағыналық жағынан алғавда «қаны бір» деген тура мағына береді. Осыдан «бірге туған туыс, бауыр, шығу тегі бір, бауырлас» деген ауыспалы мағыналар өрбіген.

УҚУҒ *ақыл, пайым, ұғым, түсінік* мағынасында жұмсалған туынды түбір. Төрүтті өзүрди сечү йаңлуқуғ Анар берди ердам билиг өг *уқуз* ҚБ 23 (Әлсіз адамды жаратты, айрықша тәрбиеледі. Оған өнер, білім, ой, ұғым берді) Қазіргі қазақ тілінде *түсіну, санаға тоқу, жадында сақтау* мағынасын беру үшін ұқ етістігі қолданылады. Ескерткіш тілінде ұқ етістігіне көне -уғ жұрнағы жалғанып, «ақыл, пайым, ұғым, түсінік» деген мағына берген. Көне -уғ жұрнағының қазақ тіліндегі сарқыншағы - у қазір қимыл есімін жасайды. Ол арқылы туындаған ұғу атауы «түсінісу, пайымдау, ойға тоқу» мағынасында жұмсалады.

ТУТУҒ. *Кепіл, кепілдік, тұтқын.* Өлүгли киши барча өдкә *тутуз* ҚБ 54 (Өлім үшін жаратылған адамдардың барлығы - тағдыр тұтқыны). К'ілычлыг күр ер көр күмүшка *тутуғ* ҚБ 175 (Байқайсың ба, қылышпен қаруланған жаужүрек ер, күміске тұтқын). Тұт. *Бір нәрсені қолмен ұстау; бір нәрсені ұстап алу, қолға түсіру, жібермей қалу*, ауыс. Мағынада жадында тұту сақтау мағынасында жұмсалады. Көне - уғ жұрнағы етістіктен етістік жасайды. Тутуғ лексикаланып, түбірге айналған. Түбірі тірі, жұрнағы өлі осы сөзге есімнің -ын жұрнағы үстемеленіп қосылғанда осы заманғы әдеби тілдегі сөзді жасайды.

ТҮТҚЫН. *Бас еркінен айрылып, қолға түскен адам, бір нәрсенің шырмауында қалған пенде.* Көне түркілік тутуғ пен осы заманғы тұтқын семантикасы жағынан жуық. Өлі жұрнаққа тірі жұрнақ қосылып күрделенгенде ғана -(у) қ + ын - бұрынғы мағына жаңғырған. Бұл етістік те лексикаланып, түбірге айналған.

ЕВЧИ. *Әйел, жұбай, зайып, үй иесі.* Болма *евчи* құлы ҚБ 324 (Әйелдің құлы болма). Ев. *Үй, киіз үй, тұрзын үй.* Евинка йавутма ушақшы кишиг ҚБ 54 (Үйіңе өсекші кісіні жуытпа). Ев тұлғасы қазақ тілінде жоқ, бірақ оғыз тобындағы тілдерде сақталып қалған. Бұл сөздің жоғарыдағы мағынасы әуелде «үйге, отауға иелік етуші әйел» деген ұғым-түсініктен туындауы мүмкін. Сол сияқты ескерткіш тілінде қарт адам, ер адам мағынасында жұмсалатын авуч сөзі де осы архи түбірдің бір корелляты ретінде дамып, кейінгі кезеңдерде, айталық орта ғасырларда түбір ретінде қалыптасуы мүмкін.

УЧУЗЛУҚ. 1. *Жек көрінушілік, кемсітушілік.* Ағырлық *учузлуқ* байаттын турур ҚБ 107 (Күрметтеу де, жек көрушілік те құдайдан). 2. *Арзандық* ДТС 605 Учуз 1. *Титтей, түкке де тұрмайтын.* Тақы ағырлық болғай мен тақы *учуз* болғай мен (ДТС 604). (Бір жағынан құрметтімін, бір жағынан түкке де тұрмаймын). 2. *Арзан* учуз нәң ДТС 604 (Арзан зат). Бұл сөздің тура мағынасы - «арзан», ауыспалы мағынасы - «титтей, түкке де тұрмайтын». Бірінен нақты мағыналы түбір жасалса, бірінен дерексіз (абстракті) мағыналы түбір жасалған.

КӨКҮЗ. *Кеуде.* Ер ат сүм телім теп *көкүз* кермагил ҚБ 375 (Жауынгерлерім, атты әскерім көп деп көкірегіңді керме). «Кутадғу билигте» ғана емес, орхон-енисей ескерткіштері тілінде, «Оғуз-наме» лексикасында - көкүз. Махмуд Кдшғари сөздігі мен «Һибат-ул хақайық» дастанында - көкс. Біздіңше, көкүз формасына тәуелдік жалғауы жалғанғанда ү дауыстысы түсіріліп айтылады да, ұяң з бұрынғы қатаң қалпына (с-ке) ауысады. Қазақ тілінде көкірек -*омырау, тұс, төс.* Сөз соңындағы -ек етістіктен түбір жасайтын жұрнақ. Сонда түбірі ортағасырлық - көкүз, қазіргі - көкір. рз ~ рс дыбыс тіркестерінен пайда болатын р ~ з, р ~ с дыбыс сәйкестіктері арқылы көкүз бен көкүр түбірлері *көкүрз түрінде қалпына келеді. Орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі көкүз - заттанған етістік. Ал қалпына келтірілген

*көкүрз екі сөздің бірігуінен жасалған: көк+үрз. Үр - ерінді қомақтап «уф» деп ауыздан күшті дем шығару, үрлеу. Көк аспан ұғымын береді. Анығырақ айтқанда, бұл сөз «көктегі ауамен дем алатын дене мүшесі» екендігін меззейді. Яғни аталған сөздің пайда болу уәжі - *тыныс алу*.

ҚЫЛЫҚ. Тарихи ескерткіште қылық сөзі кең мағынада да, тар мағынада да қатар қолданылған.

1. *Мінез-құлқы, әдет-ғұрып деген мағынада*. Бу көркілүг киши қылық көркілүг болур ҚБ 116 (Көрікті кісінің мінез-құлқы да көрікті болады); Инанчсыз турур қут көр еврар қылық ҚБ 439 (Бакыт сенімсіз, әдет-ғұрпын өзгертіп тұрады). Жанды заттарға қатысты жұмсалатын сөздер жансыз заттарға қарата айтылғавда ауыспалы мағына тудыратыны белгілі. Қылық ескерткіште жансыз заттардың атауымен тіркесіп, *негізгі қасиеті, мәні, табиғаты* сияқты қосымша мағыналарға ие болған. Инанчсыз ажун қылық ерсал йайығ ҚБ 185 (Дүние табиғаты сенімсіз, тұрақтылық жоқ, өзгеріп тұрады); Киши көркінга ич қылық еш ол йүзи көркі бирла қылынчы түш ол ҚБ 117 (Адамның сыртқы көркіне ішкі табиғаты үйлесіп тұрады, сыртқы көркіне мінезін сай болсын). Бұл қолданыстар қазіргі қазақ тілінде жоқ. Оның есесіне кейінгі кезде ескерткіштерде кездеспейтін жағымсыз мағына жамалған. *Біреу тарапынан істелген ұнамсыз іс-әрекет* деген ұғымда жұмсалады. Бұл сөз тарихи даму барысында бірде мағынасын кеңейтіп, бірде мағынасын тарылтып, кейде көне мағынасын жоғалтса, кейде жаңа мағына жамап, сан алуан құбылып отырған. Қандай өзгеріске түссе де, ортақ семасын сақтап қалған. Мұндай әр тараптылық әр сөздің өз табиғатына келіп шығады. Қылық түбірінен әрі кеңею, әрі тарылу құбылыстары анық байқалады.

Біздіңше, санамалаңға мағыналардың арасында мынадай байланыс бар. Ашық аспан тәріздес түс - көгілдір түс (голубой), енді көктеп шыққан шөптердің, өсімдіктердің түсі - жасыл түс (синий). Өсімдіктердің, шөптердің өздері көктеп шыққан негіздерімен тамырларымен байланысы бар екендігін ескерсек, жасыл түстің көк (тамыр, көктейтін дән) сөзінен шыққандығын тұспалдауға болады. Олай болса, аспан көк пен жасыл көктің этимологиялық жағынан айырмасы бар.

Ескерткіш тілінде тура мағынасында қолданылған бір буынды түбір дами келе, бірнеше ауыспалы мағынаға ие болып, жан-жақты дамыған.

Тарихи даму барысында белгілі бір тілдің лексикасындағы сандаған сөздер фонетикалық, лексикалық, семантикалық, грамматикалық жағынан әлденеше өгеріске түсіп, вариантталады. Түпкі тегі бір бола тұрса да, ондай жарыспалы сөздерде көне заман мен жаңа заманның сипатын байқататын көптеген айырмашылықтар пайда болады. Дегенмен сонымен қатар ескі мен кейінгі кездің арасындағы байланысты аңдататын кейбір дыбыстық элементтер мен ортақ семалар да сақталып қалады. Осы заңдылықтан біздің зерттеуімізге нысан болып отырған «Қутадағу билиг» ескерткіші тіліндегі түбірлер де сырт қалмаған.

1. Щербак А.М. *Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана*. -М.-Л.: Наука, 1961. - 204 с.

2. Фазылов, Э.И. *Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIVвека: В 2-х т. - Ташкент: Фан, 1971. - Т.2. - 778 с.*

3. Наджит, Э.Н. *Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык: в 2-х ч. - Алма-Ата: Наука, 1975. - Ч. 1. - 210 с.*

4. Кононов, А.Н. *Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. - Л. Наука, 1980. - 256 с.*

5. Кононов, А.Н. *Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. - Л. Наука, 1980. - 256 с.*

Резюме

В этой статье рассматриваются семантические и морфологические структуры тюркских корней в «Кутти-Билик».

Summary

This article is considered the semantic and morphological structure of participle of “Kutty- Bilik”.

«АДАМ», «ҚОҒАМ» ЖӘНЕ «ТАБИҒАТ» САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮР-ТҮСТЕР
У.Б.Серикбаева -

Каспий цомамдықуниверситеті Тілдер пәндері кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

"Адам" саласына қатысты түр-түстер

"Адам" саласына жататын тақырыптық топтар, академик Ә.Т. Қайдардың [2,160] жүйелеуі бойынша: ең алдымен кең көлемде *"Адамзат"*, *"Қазақ этносы"*, *«Мен ағзалары»*, *"Ауру-сырқау"*, *"Туыстық жақындық қатыстар"*, *"Өмір-тіршілік"* деген ірі-ірі тақырыптық топтардан және соларға қатысты тақырыпшалардан тұрады. Мәселен, *"Адам"* ұғымына, әдетте, оның сыртқы түр-түсі, сын- сипаты, дене мүшелері мен ағзалары, зиялы қасиеттері мен мінез-құлқы, адам есімдері, адамға тән ауру- сырқаулар, адам ішетін тамақ-тағамдар, киетін киім-кешек, тұратын орын-жай, үй жиындары мен тұрмыстық заттар т.б. жатқызылады. Бұлардың біразы нақтылы заттық ұғымдар да, біразы абстрактылы ұғымдар. Қавдай болғанда да, түр-түс атаулары бұл ұғымдарды білдіруші сөздермен тіркесе келіп, өзінің анықтауыштық функциясын атқарады да, өзінен кейін тұратын анықталушы атаулардың мағынасын жан-жақты суреттеп, сипаттап, әсірелеп, астарлап, бейнелеп көрсетеді.

1. Адамның жалпы өзіне тән қасиетіне байланысты қолданылатын *"ақ"*, *"қара"* түс атаулары: *ақсақал* (ақ+сақал), *ақжолтай* (бақытты, ылғи жолы болатын адам), *ақсары* (қыз), *қара адам*, *қара халық*, *қара кемпір*, *қара торы* (жігіт), *қара шал*, *қара тоқал*, *ақ бәйбіше*.

2. Адамға, оның мүшелері мен ағзаларына қатысы бар *"ақ"*, *"қара"* түс атаулары: *ақ білек*, *ақ жүрек*, *ақ маңдай*, *ақ құба*, *ақ саусақ*, *ақ сүйек*, *ақ сары бет*, *ақ құлақ*(ұлты орыс адам), *қара көздер* (түркі тектестер), *ақ қас* (көп жасаған адам), *қара мұрт*, *қара азу*, *қара сирақ*, *қара басы*, *қара бауыр*, *қара жауырын*, *қара бет*, *жүзі қара*, *қара жүрек*, *қара қабақ*, *қара мойын* т.б.

3. Адамның зиялы табиғи мінез-құлқы, қалып-күйі т.б. қасиеттеріне қатысты қолданылатын түр-түс атаулары: *ақ ниет*, *ақ пейіл*, *ақ көңіл*, *ақ өлім*, *ақ жарқын*, *ақ тілек*, *қара ақыл*, *қара ниет*, *қара дүрсін*, *қара көңіл*, *қара құл*, *қара өлім*, *қара пигыл*, *қара тілек*, *қарауайым* т.б.

4. Адамға тән ауру-сырқауларға қатысты қолданылатын *"ақ"*, *"қара"* түс атаулары: *ақ таңдай* (ауру), *қара тышқақ*, *ақ тышқақ*, *ақауыз* (ауру), *қара түйнек*, *қара шешек*, *қара қотыр* т.б.

5. Адам жейтін тамақ-тағам, сусын-ішімдіктерге қатысты қолданылатын атаулары: *ақ нан*, *қара нан*, *ақ сүт*, *ақ сорпа*, *қара азық*, *қара саба*, *қара сорпа*, *қара шай*, *қара бұрыш*, *ақ шалам*, *ақ құман*, *ақ дастархан*, *қара қазан*, *қара көже*, *қара талқан* т.б.

6. Адам киетін киім-кешек, сәндік бұйымдар мен маталарға қатысты қолданылатын *"ақ"*, *"қара"* атаулары: *ақ байпақ*, *ақ жаулық*, *ақ дабы*, *ақсақ* (мата), *ақ бәтес*, *ақ қалпақ*, *ақ желен*, *ақ көйлек*, *ақ шидем*, *ақ шымт*, *ақ торқа*, *ақ торғын*, *ақ шолпы*, *ақ халат*, *қара барқыт*, *қара мақпал*, *қара етік*, *қара желек*, *қара қамзол*, *қара күпі* т.б.

7. Адам тұратын үй-жай, үй жиындары мен үй жабдықтарына қатысты қолданылатын атаулары: *ақ там*, *ақ боз үй*, *қара үй*, *ақ шатыр*, *ақ орда*, *ақ сарай*, *ақ отау*, *қара шаңырақ*, *ақ жастық*, *ақ сандық*, *қара көсеу*, *ақ бесік*, *ақ киіз*, *ақ күмбез*, *ақ текемет*, *ақ көрпе*, *ақ төсек*, *ақ дастархан*, *ақ табақ*, *ақ тегеш* т.б.

8. Кісі аттарында қолданылатын *"ақ"*, *"қара"* түс атаулары: *Ақжол*, *Ақжолтай*, *Қарабек*, *Шойқара*, *Байғара*, *Қарабай*, *Қаракөз*, *Ақтолқын*, *Ақарыс*, *Қаратай* т.б.

"Қоғам" саласына қатысты түр-түстер

Қазақ тілі сөздік қорының этнолингвистикалық тұрғыдан іштей жіктеліп, ең көп тақырыптық топтардан тұратын саласы — *"Қоғам"* саласы.

Өйткені бұл сала қазақ қауымының барша қоғамдық-әлеуметтік өмірін, қазақ халқының алғаш қауым болып қалыптаса бастаған сонау көне дәуірінен бастап, дербес мемлекет болып отырған бүгінгі күніне дейінгі ұзақ тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық, рухани-мәдени кезеңдерінде *"ақ"* және *"қара"* түстеріне байланысты қалыптасқан сан алуан заттар мен құбылыстарды қамтиды. Бұл салаға қазақ халқының азаматтық тарихы мен шежіресі, қоғамдық өмір, мемлекет құрылымы, кәсіпшілік пен шаруашылық, өндіріс пен құрылыс, ұлттық дүниетаным, халықтық өлшем, рухани мәдениет, ұлттық өнер мен халықтық ойындар, салт-дәстүр, дін, аңыз-миф сияқты тақырыптық топтарға қатысты атаулар мен тіркестер жатады.

Бұл салаға қатысты тараулар мен тақырыптық топтарға жататын тілдегі *"ақ"* және *"қара"*

атауларының қатысымен жасалған тіркестердің барлығын санамалап келтірсек, көп орын алған болар еді және мұндай әрекеттің қажеті де жоқ. Бұл атау-тіркестердің толық тізімі диссертациялық жұмыстың соңында "Қосымшада" келтірілген.

"Қоғам" саласына жататын негізгі тарауларға академик Ө.Т. Қайдар ұсынған этнолингви- стикалық жүйе бойынша [28,8-29] қазақ қауымына, мемлекеттік құрылымға, ел қорғауға, материалдық және рухани мәдениетке т.б. тармақтарға қатысты 30-ға жуық тақырыптық топтар жатқызылады.

"Ақ" және "қара" атау-тіркестерін де біз осы принцип бойынша қарастырып, кейбіреулеріне мысал келтірумен ғана шектелеміз. Өйткені, біз зерттеп отырған "түр-түс әлемінің" бір ғана саласы "ақ" және "қара" атау-тіркестерінің толық тізімі диссертациялық жұмысымыздың соңындағы бірнеше "Қосымшада" беріліп отыр. Олар төмендегілер:

1. Қазақ қауымының негізін құраушы ру-тайпалар құрамында кездесетін және кейбір көрші халықтар аттарында қолданылатын "ақ" және "қара" атаулары: *ақ қаңлы, қара қаңлы, ақ қыпшақ, қара қыпшақ, қара қазақ, ақ орыс, қара орыс, ақ ноғай, қара ноғай, қара сарт* т.б.

2. Мемлекет құрылымы мен оны басқару жүйесіне (*заң, құқық, жаза, рәміз, ақша т.б.*) қатысты "ақ", "қара" атаулары: *ақ заң, қара заң, қара зындан, қара бақыр, ақша, ақ тас, қара тас* (сайлауда), *қара қағаз* (жаман хабар), *қара гүреш* (майда тиын), *ақ жалау, қара ту* т.б.

3. Материалдық (*заттық*) және рухани мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге (*әдебиет, музыка, өнер, тұрмыс-салт заттары, құрал-жабдық, діни ұғымдар* т.б.) қатысты: *ақ бесік, ақ неке, ақ отау, ақ бұйрық, ақ кебін, ақ дастархан, ақ өлім, қара тану, қара тұту, қара шаңырақ, қара домбыра, қара қобыз.*

4. Ел қорғау, қару-жарақ т.б. әскери ұғымдарға қатысты "ақ" пен "қара" атаулары: *ақ сауыт, ақ семсер, ақ найза, ақ садақ, қара мылтық, қара сойыл, ақ қаңтар, ақ тоқым, ақ жебе.*

"Табиғат" саласына қатысты түр-түстер

"Ақ" және "қара" атауларына қатысты тіркестердің басқалардан әлдеқайда көп те жиі кездесетін саласы — "Табиғат". Оның себебі де түсінікті болса керек. Өйткені ақ пен қара түстері кездеспейтін табиғат денелерінде (*қара аспан, қара жер, қара тау, қара су, ақ бұлт, ақ дала, ақ су* т.б.) мен құбылыстарында (*ақ қар, ақ жаңбыр, қара жаңбыр, ақ дауыл, қара дауыл, қара жол, ақ бұршақ* т.б.) бірде-бір көрініс, ұғым-түсінік жоқ десе де болады.

Ескерте кететін бір жай: бұл екі ("ақ" және "қара") және басқа да түр-түс атауларын үш жүйе бойынша қарастырудағы мақсатымыз олардың әр салаға тән екендігін ғана емес, сонымен қатар сол салаға қатысты қалай пайда болғандығын, табиғаттың белгілі саласына, мысалы, аспан әлеміне, жер-су болмысына, өсімдік дүниесі мен жан-жануарлар табиғатына сәйкес қалыптасып, сөздік қорда орнығып, қолданыс айналымына өтуін, небір астарлы ұғым-түсініктер мен адамдар арасындағы күрделі қарым- қатынастарды сипаттауын т.б. осы сияқты құбылыстарды танып-білудің бейнелі сипаты, қайнар бұлағы екендігін анықтау болып саналады.

Осы орайда алдын ала айта кететін тағы бір жай - ол қазақ қауымының өмір-тіршілігіне байланысты төрт түлік мал жағдайын басқа халықтарға қарағанда әлдеқайда кең де терең танып білгенін, олардың тегін тектеп, түрін түстеп, рухани, мәдени салт-дәстүрін осы ыңғайда қалыптастырып үлгергенін айтуға болады. Сонымен қатар, қазақ қауымы "табиғат перзенті" ("дети природы") атанып, ғасырлар бойы өзі жасап келе жатқан табиғи ортаны да жетік білетіндігі белгілі. Жасанды табиғатты, ұлан-байтақ жер сырын этнолингвистикалық тұрғыдан терең зерттеудің бір көзі, әрине, түр-түс әлеміне де байланысты. Осыған орай тағы бір-екі зерттеуді атап өтейік.

Географиялық объектілер (жер-су) атауларының құрамында қолданылатын түр-түс атауларына қатысты ғылыми зерттеулерде олардың әр түрлі қыры мен сыры айқындала түсетінін көруге болады. Мәселен, академик Ө. Қайдар мен профессор Е.А. Керімбаев өздерінің [23,5] географиялық апеллативтер мен жер-су және кісі аттарындағы түр-түс атауларының қолданысын былай деп сипаттайды:

"Если провести анализ смыслового объема казахской топонимической и онимической лексики в целом, то обнаружится большое количество географических апеллативов, топонимов, собственных имен, обозначающих тот или иной цвет. Это объясняется, на наш взгляд, — большим значением зрительного (визуального) восприятия кочевникам) реалий окружающей их среды и физикогеографических объектов. Примечательно, что почти все "цветовые прилагательные" (за исключением "қара") в казахской географической лексике служат для различения видов пастбищ. Это такие лексемы:

боз, көгал, көкорай, қоңыр, алатамыр, керала. Эти апеллятивы часто онимизируются и входят в состав типовых топономических основ. Так например, қоңыр "коричневый", который объяснен Г.К. Конкашпаевым *цар.* [24,14] как "Закрепленные песчаные холмы, поросшие растительностью, которые являются хорошим местом для зимних пастбищ", входит в "состав топонима *Жетиқоңыр*". В монографии "Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков" [25,76] со ссылкой на "Материалы по киргизскому землепользованию долин рек Чу и Таласа. Аулиеатинский уезд" [26,100] указывается, что *Жетиқоңыр* семь прохладных урочищ (Добусын, Кент, Котан, Талды, Барча, Джидели, Жабағалы), которые отличались мягким климатом, прекрасным травостоем, имели множество глубоких колодцев. Интересно отметить, что слова, обозначающие цвета в казахской народной географической терминологии, служат в подавляющем большинстве своем для обозначения видов пастбищ, тогда как в славянской географической терминологии названия по признаку цвета служат для различения (дифференциации) видов болот ссылка: Мокиенко В.М. [27,71-77]. Образование географических терминов к топонимов по признаку цвета с общим значением "пастбище" является продуктивным и следует полагать, древним [23,5-15].

Бұл айтылған қардаң түр-түс атаулары мен тіркестерінің тек табиғатқа қатыстылығын ғана емес, сонымен қатар барша қазақ қауымының дүниетанымын, әрбір жер-су, географиялық (отарға, жайлауға, бастауға, күздеуге, қыстауға т.б. осы сияқты) нысандарға берілген атаулардың астарында жатқан құпия-сырларды, салт-кәделік, рәміздік нышандарды аңғаруға болады.

Біз төменде жалпы "Табиғат" саласына қатысты "ақ" және "қара" атау-тіркестерінің біразын іштей жүйелеп, бірнеше тармақшаларға жіктеп көрсеткіміз келеді. "Біразын" дейтін себебіміз ол тіркестердің толық түрі жұмыс соңындағы *қосымшаларда* беріледі.

1. Аспан әлеміне қатысты "ақ", "қара" атау-тіркестері: *ақбоз ат, ақ аспан, айдың ақ жүзіндей, қара аспан, ағарып атқан таң* т.б.

2. Табиғат құбылыстарына қатысты "ақ" және "қара" атау-тіркестері: *ақ жауын, қара жауын, ақ боран, қара боран, ақ қар, ақ мұнар, ақ қырау, ақ таң, қара дауыл, ақ сәуле, ақ нұр, ақ бұршақ, ақ қанишық боран, ақ жалын, ақ қаптал боран, ақ түтек боран, қара суық* т.б.

3. Жер бедері (*тау, дала, су, ай, қыр* т.б.), жер жыныстарына қатысты "ақ" және "қара" атау-тіркестері: *ақ топырақ, қара топырақ, ақ теңіз, қара теңіз, ақ су, қара су, ақ бұлақ, қара бұлақ, ақ қайнар, ақ тау, Қара тау, Ақ кемер, Қара кемер, ақ құм, қара құм, ақ жазық, ақ күміс, ақ мәрмәр, қара мәрмәр, ақ төбе, қара төбе, ақ балшық, қара балшық, ақ қыш, ақ металл, қара металл, ақ болат, ақ адыр, қара адыр, ақ тікен тұз, қара тікен тұз, қара май, қара алтын* т.б.

4. Өсімдік дүниесіне (*ағаш, шөп, бұта, жеміс, көкөніс, гүл-шешек* т.б) қатысты "ақ" пен "қара" атау-тіркестері: *ақ шешек, ақ мақта, (ақ алтын), ақ бидай, қара бидай, ақ сұлы, қара сұлы, ақ селеу, ақ сора, қара сора, ақ тікен, қара тікен, ақ қайың, ақ жусан, қара жусан, ақ мия, қара мия, ақ жүзім, қара жүзім, ақ өлең, қара өлең, ақ андыз, қара андыз, ақ тал, қара тал, ақ құрай, қара құрай, қара бүлдірген, қарақат, қара жидек, қара қияқ, қара ағаш* т.б.

5. Жан-жануарлар әлеміне (*аң, төрт түлік мал, құс, балық, жәндік, шыбын-шіркей, мақұлық* т.б) қатысты "ақ" және "қара" атау-тіркестері: *ақ бөкен, ақ марал, қара құйрық, ақ тоты, ақ шагала, қара қарға, қара торғай, ақ айғыр, қара сиыр, ақ шелек (мал ауруы), қара сан (сиыр ауруы), қара құс, қарлығаш (қара ала құс), қара қоңыз, қара шыбын, ақ балық, ақ аю, қара аю, ақ иық бүркіт, ақ жылан, қара шұбар жылан, ақ қой, қара ешкі, ақ қоян, қара мысық, ақ ит, қара ит, ақ шайтан, қара албасты* т.б.

Бұл келтірілген атау-тіркестер ұлан-ғайыр түр-түс әлемінің біраз тақырыптық топтары ғана. Осының өзі-ақ бұл тіркестердің тіліміздегі белсенді құбылыс екендігін айқын көрсетеді.

Бұл мәселенің тек бір жағы ғана, екінші жағы - түр-түс атауларының көбіне-көп анықтауыш позициясында тұрып, өзі тіркесіп тұрған ұғымның (сөздің) түр-түстік сипатын ғана емес, сонымен қатар көп жағдайда оның өзімен сыбайлас басқа ұғымдардан (сөз атаулардан) өзіндік айырмашылығын айқындау міндетін де атқаруында.

Құрылымдық және мағыналық жағынан алып қарағанда, анықтауышты тіркес құрамындағы түр- түс атаулары бірде өзінен кейін тұрған (анықталушы) сөзбен еркін түрде тіркелуші анықтауыш компонент ретінде ғана тұрса (мыс: *қара сиыр, ақ сиыр* т.б.), енді бірде тіркестік атау (*ақбөкен, қарақұйрық*) ретінде қолданылады екен. Ал үшінші жағдайда олар тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің) құрамындағы ауыспалы мағынадағы, не астарлы, символдық мәндегі заттанған (субстантивтенген) компоненті ретінде қолданылатындығын көреміз.

Көріп отырғанымыздай, бұл тәрізді тұрақты тіркестердің (фразеологизмдер мен мақал- мәтелдердің) құрамындағы "ақ", "қара" атаулары басқа сөздермен ауыстыруға көнбейді. Міне, тіліміздегі осы атаулар әр саладағы сан алуан тақырыптық топтарға еніп, лексика-семантикалық сөзжасам мен фразеологиялық тіркес түзу процесіне еркін араласады.

1. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. *Сырға толы түр мен түс*. - Алматы, 1986. - 96 б.
2. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. *Түр-түстердің тілдегі көрінісі*. - Алматы, 1992. - 160 б.
3. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі*. - Алматы, 1974-1986. - Т. 1-10.
4. Қалиев Б. *Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары*. - Алматы: Ғылыми баспасы, 1989. - 37 б.
5. Кононов А.Н. *Семантика цветообозначений в тюркских языках // Тюркологический сборник*. - М., 1975. - 149 с.
6. Қойшыбаев Е. *Қазақстанның жер-су аттары. Сөздік*. - Алматы, 1985.
7. Рамазанов Е. *Ботаника терминдері жөнінде // Қаз ССР ҒА Хабаршысы*. №9. - 1961. - 15 б.
8. Сазынова Б.Ұ. *Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика (этнолингвистикалық зерттеу) филол. ғыл.к. авторефераты*. - Алматы, 1999. - 26 б.

Резюме

Применение цветообозначений «ақ», «қара» в следующих отраслях: природе, обществе и личности.

Summary

Application of colours "white" and "black" in nature and in society

КОНЦЕПТ 'ЕДА/ЛИЦА' КАК ОДИН ИЗ ОСНОВНЫХ ФРАГМЕНТОВ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА (На примере русских пословиц и поговорок)

Л.Смирнова -
соискатель КазНПУ им. Абая

Концепт 'еда' представляет собой сложное ментальное образование, в котором могут быть выделены определенные конституирующие признаки. Языковая концептуализация понятийной сферы 'еда' в русском языке характеризуется многообразием и множественностью лексико-фразеологических средств репрезентации, семантические компоненты которых актуализируют признаки отношения к еде. Так, в широком понимании, языковая концептуализация 'еда' подразумевает наличие культурной и лингвокультурологической компетенции как когнитивной конструкции, обобщающей знания. Она способствует глубокому пониманию природы культурного смысла, закрепляемого за определенным языковым знаком, а также всех культурных установок и традиций народа, которые широко представлены в текстах русских пословиц и поговорок.

Социокультурный концепт 'еда' имеет языковое выражение и включает в себя, помимо предметной отнесенности, всю коммуникативно-значимую информацию (парадигматические, синтагматические и деривационные связи), формируясь на основе языкового значения ключевых знаков - лексем «есть» и «пить».

Именно пословицы и поговорки, являясь ценнейшим источником сведений о культуре и менталитете русского народа, отражают воззрения народа, общественный строй страны и идеологию своей эпохи.

Настоящая статья посвящена лингвокультурологическому анализу концепта 'еда' в русской пословично-поговорочной картине мира.

В частности, обращение к лексико-семантическому полю 'еда' связано, прежде всего, с тем, что оно относится к числу базовых, универсальных концептосфер, в которых наиболее полно отражается национальная специфика, определенно характерная для русского лингвокультурного сообщества.

Так, понятие 'еда' в системе современного языка может эксплицироваться следующим образом:

1) 'еда' - «принятие пищи ртом, для насыщения и усвоения, яденье» (словарь В.И. Даля); 2) «то же, что пища (разговорное). Например, *обильная и вкусная еда*» (словарь Ожегова); 3) 'еда' как процесс, включающий «принятие, поглощение пищи» (СРЯ, 1:467) и 4) 'еда' как «собирательное понятие, которое соотносится с разнородной совокупностью предметов различного типа» (Вежбицкая,1996:123), обозначающих «то, что едят и пьют, что служит питанием» (СРЯ,111:129).

Концепт 'еда', являясь фрагментом русской языковой картины мира, эксплицирует соответствующие понятия, представления, образы, установки, приоритеты, стереотипы и оценки, отражающие специфику национального менталитета и мировосприятия, системы социокультурных отношений, традиций, обычаев и верований, характерных для русской культуры.

В доказательство вышеизложенного нами было проанализировано свыше 300 русских пословиц и поговорок, обобщенных концептом 'еда/пища'. Все тексты пословиц и поговорок при помощи метода лингвостатистического анализа в таблице 1 были классифицированы нами по части речной принадлежности с целью выявления приоритетного составляющего данного концепта.

Таблица 1. Выявление концептуальной доминанты русской пословичной картины мира из концепта 'еда/пища' методом лингво - статистического анализа

Концептуальная доминанта	Часть речи				
	Существительное	Глагол	Прилагательное	Наречие	Общее количество слов в гнезде
Хлеб	76				76
Еда, едок	7	20			27
Соль	13				13
Обед	11	2			13
Пирог	13				13
Вода	12		10		12
Сытый			12		12
Голодный			10		10
Каша	8				8
Щи	6				6
ужин	4				4

В результате проведенного нами исследования было выявлено, что концептуальной доминантой русской пословичной картины мира выступает многоаспектное понятие «хлеб», формирующее на основе паремий центральную зону концепта 'еда'.

Одним из фундаментальных концептов русской культуры и русского языка выступает уже на протяжении многих веков макроконцепт 'хлеб'. Комплексное лингвокультурологическое описание его структуры, этнокультурного и семантического планов позволяет сделать вывод о том, что концепт 'хлеб', будучи культурной и языковой константой, находится в самом центре концептосферы русского языка.

Так, в сознании русского человека с концептом 'хлеб' с древних времен прочно связываются представления о еде и жизни. Хлеб - едва ли не самое естественное понятие обыденной жизни человека. Люди едят всегда и везде. Там, где народ имеет традиции земледелия, есть нечто, что становится его «хлебом», то есть не только конкретным продуктом питания, но и символом пищи вообще.

Хлеб - это пищевой продукт, который выпекается из муки. Он бывает: *ржаной, чёрный, пшеничный, белый, пеклеванный*. Его характеризуют как *свежий, чёрствый, тёплый*. О хлебе говорят: *Отрезать ломоть, краяху хлеба; Вытекать хлеб; Сидеть на хлебе и воде* (скудно питаться); *Посадить, сажать на хлеб и воду* (наказывать, ограничивая пищу такими продуктами); *Перебиваться с хлеба на квас* (жить бедно, в нужде); *Хлебом не корми* (разговорное; ничего не надо кому-либо, только бы иметь возможность получить, осуществить желаемое).

Таким образом, в представлении русских *хлеб*, прежде всего, *чёрный*, а потом уже *ржаной и белый*. Хлебу сопутствуют различные осязательные характеристики: *горячий, тёплый, свежий, мягкий,*

чёрствый, вкусный. Его называют буханка, булка, каравай, хлеб является «нашим богатством». По словам

Ю.С. Степанова 'хлеб' относится к константам русской культуры [см. 5].

В русской духовной культуре (книжной и народной), в национальной ментальности, в повседневном быту и, соответственно, в постоянном словоупотреблении макроконцепт 'хлеб' несет в себе не только и не столько смысл естественного жизнеобеспечения, сколько целый спектр значений духовного образа жизни русского народа.

Являясь базовым компонентом мифолого-религиозного сознания, концептуальная доминанта 'хлеб' эксплицирует признаки сакральности, магический, обрядовый и ритуальный характер концептуализации, служит этнокультурным ценностным эталоном, символизируя главные аспекты духовности, божественного, человеческой судьбы и жизни в целом.

Концепт 'хлеб' как ключевой знак русской лингвокультуры характеризуется высоким прагматическим потенциалом, широким ассоциативным диапазоном функционирования, наличием системы имплицитных смыслов, образностью, экспрессивностью.

Для того чтобы проследить, как языковой знак превращается в одно из ключевых слов русской языковой картины мира, обратимся к лингвокогнитивному анализу, который в данной научной статье включает в себя классическую процедуру компонентного анализа лексического значения слова и его дальнейший анализ на наномасштабном уровне для выявления мельчайших элементов смысла, наносем [2]. В Большом Толковом словаре русского языка - 2000 представлено семь толкований концепта 'хлеб', среди них:

- 1) продукт, выпекаемый из муки;
- 2) изделие из муки определенной формы (буханка, батон, каравай и тому подобное);
- 3) зерно, которое перемалывается в муку для выпечки таких изделий;
- 4) растения на корню, из зерен которых изготавливаются мука и крупы; злаки;
- 5) 1) пропитание, пища;
- 2) содержание, иждивение (переносное значение);
- 6) 1) средства к существованию; заработок (переносное значение);
- 2) самое нужное, самое существенное для жизни;
- 7) основной пищевой продукт какой-либо страны, местности (переносное значение).

Каждая из перечисленных сем, актуализуясь в различных сочетаниях, в свою очередь, вступает в системные отношения с логически или ассоциативно связанными референтами. Например, в третьем толковании лексемы «хлеб» сема «зерно» связана с референтами «труд», «земледелие», «урожай», «засуха», «голод», «жизнь». А сема «тесто» (первое и второе значения лексемы «хлеб» связана с водой, солью (отсюда следует происхождение известного исконно русского выражения «хлеб да соль»). Все вышеизложенное служит ярким примером происхождения символизации значения слова «хлеб» от частного значения до обобщающего смысла: хлеб - это самый важный продукт для существования человека; это-символ пищи, жизни. Отсюда следует вывод: нет хлеба - нет жизни.

В текстах пословиц и поговорок русского народа широко репрезентированы смысловые оттенки концепта 'хлеб' и его дериватов, которые развиваются до обобщающих культурно-освоенных смыслов. Так, в таблице 2 нами представлен концепт 'хлеб' как в эксплицитной, так и в имплицитной форме выражения культурно-освоенного смысла говорящего/слушающего.

Таблица 2. Развитие смысловых оттенков значения концепта 'хлеб' от частного значения до обобщающих культурно-освоенных смыслов

Концепт	Пословицы и поговорки	Культурно-освоенный смысл текста пословиц и поговорок
	<i>Будет хлеб - будет и песня Плевать на обед, коли хлеба нет</i>	В первую очередь в доме должен быть хлеб; если будет хлеб, все остальное приложится
	<i>Чужие хлебы приедчивы</i>	Хлеб, которым угощают, может надоесть, а свой домашний - уже привычный и самый вкусный
	<i>Отрезанный ломоть к хлебу не приставишь</i>	Того, что сделано, уже не изменишь

'хлеб'	<i>Хлеб везде хорош - и у нас и за морем</i>	Культура каждого народа отличается своей самобытностью, правители разные, но суть человеческая и основные ценности всех народов едины
	<i>Хлеб - всему голова</i>	Хлеб - основа, самая главная еда каждого человека, именно поэтому он обязательно должен быть на столе
	<i>Говорят - хлебы варят, а щи пекут</i>	Многие из народных слухов могут быть неправдивыми
	<i>Без закваски хлеба не месят</i>	Без подготовки к делу не приступают
	<i>Хлеб засущенный</i>	Хлеб - основной продукт питания
	<i>На чужой каравай губ не надувай, а пораньше вставай да свой затирай</i>	Хлеб дается тому, кто трудится
	<i>Была бы голова на плечах, а хлеб будет</i>	
	<i>Посадить на хлеб и на воду</i>	Наказать, оставить без другой еды, - без лакомств; иметь самое малое
	<i>Перебиваться с хлеба на воду</i>	
	<i>Зарабатывать на хлеб</i>	Зарабатывать на жизнь
	<i>Чужой хлеб горек</i>	Жить за чужой счет, самому зарабатывать на жизнь
	<i>Есть чужой/свой хлеб</i>	
<i>Не брезгуйте хлебом-солью</i>	Гостеприимство; основное правило для гостей - отведать еды со стола хозяйского дома	

В русском культурном этикете, в особенности в традиции гостеприимства символом гостеприимства выступает сдвоенная лингвокультурема «хлеб-соль»: *Хлеб-соль ешь, а правду режь; Хлеб-соль кушай, а добрых людей слушай; Хлеб с солью не бранится; Без хлеба смерть, без соли смех; Без соли, без хлеба - половина обеда; От хлеба-соли не отказываются.* За этой традицией стоит вековая история русской народной этики, своего рода канон языкового и культурного поведения.

Таким образом, представление о хлебе как о символе пищи, предписывается в качестве обязательного компонента 'еды/пищи' всем носителям русского языка. Предельно ясно каждому из нас - без хлеба нет обеда, без хлеба нет жизни. При этом все изделия, которые приготовлены из теста, имеют обобщающий смысл своего наименования - пирог. Это самый главный пищевой продукт, который воспринимается в русском языковом сознании с ярко выраженной отрицательной коннотацией: *Пирог начинкой*, но лучший *пирог* - это «*пирог* с молитвой (хлеб), *Пирог до того доведут, что и хлеба не дадут, Ешь пироги, а хлеб вперед береги* (КОС: *пирог* - баловство, расточительство, следует помнить о черном дне); *Хлеб с водою, да не пирог с лихвою* (КОС: лучше в скромности, чем в сытости в излишней роскоши). Оценочные суждения фиксируются в русском сознании и на уровне языковых формантов - уменьшительно-ласкательных суффиксов: *хлебушко, хлебушек*. Например, *Счастье наше в хлебушке; Не примечать, так и хлебушка не едать; Хлебушек ржаной - отец наш родной; Хлебушко-калачу дедушка.*

Общеизвестно, что раньше *хлеб* был важнейшим продуктом, коим остается и по сей день. На Руси по количеству урожая ржи и пшеницы судили о том, насколько благоприятным будет год, не придется ли жить впроголодь: потому что из ржи и пшеницы будет мука, а из муки хлеб. Можно жить без многих продуктов, но без хлеба прожить нельзя. Хлеб в доме должен быть в первую очередь. Поэтому в русской языковой картине мира и появилась целая серия поговорок о хлебе, которые носят единый обобщающий смысл - если будет хлеб на столе, то все остальное обязательно приложится. Например: *Будет хлеб, будет и песня! Плевать на обед, коли хлеба нет; Хлеб везде хорош - и у нас и за морем; Хлеба ни куска - и в горле тоска; Хлеб - наше богатство.*

Из приведенного материала следует, что концепт 'хлеб' осмысливается в русском народном сознании как более абстрактное понятие 'пища' [3], что соотносится, в первую очередь, с символом жизни человека и понимается говорящим как самый главный продукт питания, который добывается в поте лица.

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4 т. - М.: Русский язык, 1989 -1991
2. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: Издательство "Азъ", 1992.
3. Словарь русского языка в 4-х т. / Под ред. А.Н. Евгеньевой. - М., 1981-1986.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. - М., 1996.
5. Степанов Ю. Константы: Словарь русской культуры. - М., 2004.
6. Мамардашвили М.К., Пятигорский А.М. Символ и сознание. Метафизические рассуждения о сознании, символическом и языке. - М., 1997.
7. Вежбицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. - М., 2001.
8. Даль В.И. Пословицы и поговорки русского народа. - М., 1997.

Түйін

Мақалада «Тамақ» сөзі тіл суретінің негізгі бөліктерінің бірі ретінде зерттеледі. Бұл ұғым орыс мәдениетіне көрсететін ұлттық менталитеттің ерекшелігі және таным, әлеуметтік мәдениет қатынастары, дәстүрлер, салттар және семінің жүйесін бағататын құрал ретінде қарастырылған.

Summary

This article explores the concept of 'eating / food' as one of the main fragments of linguistic world. We concluded that the concept of 'food' explicated relevant concepts, ideas, images, attitudes, priorities, attitudes and assessment, reflecting the specific national mentality and worldview, a system of socio-cultural relations, traditions, customs and beliefs characteristic of Russian culture.

ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ А.К. Рахимжанова - *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты*

Орталық Азияны мекен еткен түркі халықтары сан ғасырлар бойы біртұтас қоғамда өмір сүріп «көшпелілер мәдениетінің» жоғары сатысын қалыптастырғаны тарихтан мәлім. Түркі халықтарының мәдениеті, тілі, ділі, діні тарихи сабақтастықта дамып қалыптасқандығы философиялық, филологиялық, т.б. тұрғысынан егемендік алғаннан кейінгі жылдардан бермен қарай толассыз зерттеліп жатыр. Бұның басты себебі, Кеңестік құрсауда қалған түркі жұртшылығы «өздерінің түпкі тарихын» ашық айтуда көптеген кедергілерге ұшыраған болатын. Егемендіктің арқасында қазақ халқы да «ұлттық тарихын», «ұлттық құндылықтарын» қайтадан жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеуге бет бұрды. Осының нәтижесінде тілдік деңгейлерді де тарихи тұрғыдан бір-бірімен салыстыра, салғастыра қарастыру үрдісі қарқынды дамыды.

Қазақ және өзбек тілдерінің түп тегі түркі ортақтығына барып саятындықтан, бұл екі тілде ұқсас фразеологизмдер өте мол болып келеді. Осы тілдерде орын алатын лексикалық параллельдер, ұқсас қосымшалар мен дыбыстар сәйкестігі де қыпшақ пен қарлұқ топтарының бір текке (түркі) жататындығымен байланысты екендігі анық.

Халықтың дініне, мәдениетіне, дүниетанымына, тіршілігіне қатысты құнды дереккөздердің бірі фразеологизмдер болып табылатыны жоғарыда айтылды. Яғни, фразеологизмдер кез-келген ұлттың ұзақ ғасырлар бойы көңілге түйіп, осы күнге дейін жеткізген образдар дүниесінің тілдік элементтері. Олар - шешен өрілген, әсем өңделген бейнелі сөз оралымдары. Әр тілдің фразеологизмдері - сөздің мән мәнінің айқындала түсуіне әсер ететін, айтылатын ойды астарлап жеткізетін тілдік бірліктер және халықтың, ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің айнасы. Дәл осындай фразеологизмдерге қазақ және өзбек тілдері өте бай.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болып тұрған сөздердің көпшілігі түп төркіні түркі тіліне барып саятын элементтер болып келеді. Бұл құбылыс екі тілдің тарихи сабақтастығын ашып көрсететін, тілаларлық қарым-қатынастың тарихи сипатын танытады. Яғни біртұтас қоғамдық кезеңдерде сол элементтер фразеологизмнің алғашқы пайда болып, қалыптасу процесіне қатысқан деп пайымдауға болады. Мұндай құбылыста тұрақты сөз тіркестерінен де, мақал мәтелдер құрамынан да анық аңғаруға болады. Мысалы,

*Суз суяктан утар, таяқ этдан
Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді.
Эгилган бошни қилич кесмас
Иілген басты қылыш кеспес
Эр йигит узи учун тузилар, эли учун
улар
Ер жігіт өзі үшін туылар, елі үшін өлер*

сияқты тағы да басқа тұрақты тіркестерде тек фонетикалық өзгерістер болмаса, құрылымы мен семантикасы екі тілде де айырмашылықсыз қолданылатынын аңғаруға болады.

Бұндай ұқсастықтың тарихи сабақтастығының негізгі бір себебі, ХУ ғ. дейін түркі халықтарының бір жазба тілді пайдалануы. Яғни ортақ тілде қарым қатынаста болуы. Бұл туралы А.М. Щербак бұл туралы былай дейді: «Расхождению языков и диалектов постоянно сопутствует их схождение, взаимодействие, поэтому каждый современный язык или диалект наследует про языковое состояние не как нечто целостное и единообразное, а в виде сложного конгломерата форм и признаков, прошедших сквозь призму многократных и одновременных смещений» [2, 22 с.].

Жалпы әр түрлі тілдерде мағыналас, ұқсас фразеологизмдердің тууына адам баласының ойлау мен қабылдау жүйесінің негізінен бірдей болатындығы әсер ететіндігі ғылымда әлдеқашан мойындалды. Біз де осы қағиданы басшылыққа ала отырып, қазақ, өзбек тілдеріндегі фразеологизмдердің эквиваленттілік пен тарихи сабақтастық себептерін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардан іздестіруге талпындық. Мұндай факторларға, атап айтқанда,

- 1) Арғы тегі түркі тілдерінің ортақтастығына алып баратын қазақ және өзбек тілдерінің төркіндік сипаты;
- 2) Қазақ және өзбек тайпаларының XV ғасырға дейінгі «біртұтас қоғамдық» қарым-қатынасы.
- 3) Тарихи жазбалар мен ескерткіштер тіліндегі өзбек тілі лексикасының басым қолданыста болғандығы.

Міне осылайша, қазақ пен өзбек халықтарының өмір-тіршілік аясындағы, діні мен салт-дәстүр, әдет-ғұрып саласындағы көшпелі өмір салты тудырған ортақтықтар мен ұқсастықтар - екі тілдегі фразеологиялық эквиваленттілікті тудырған негізгі экстралингвистикалық фактор болып табылады.

Ал қазақ және өзбек тілдеріндегі тарихи сабақтастықтағы фразеологиялық эквиваленттілікті екі тілдің фразеологиялық бірліктерін бір-бірімен мағыналық, компоненттік құрамдық, құрылымдық деңгейлерде салыстырып талдау арқылы айқындауға болады. Бұл жерде ең бірінші мағыналық деңгейге басты назар аудару қажет.

Бұл жерде өзбек және қазақ фразеологиялық жүйесіндегі эквиваленттілік дегенді екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің грамматикалық-құрылымдық ерекшеліктері, стилистикасы ескеріліп, ортақ обарзға негізделген, мағынасы мен лексикалық құрамы толық не жартылай сәйкес түсетін фразеологизмдер деп түсіну керек. Фразеологиялық эквиваленттілікті анықтау арқылы ғана олардың тарихи сабақтастығына көз жеткізуге болады. Сонымен, қазақ және өзбек тілдеріндегі фразеологиялық эквиваленттілікті олардың тарихи сабақтастығын көрсетудегі бірден бір факт ретінде ала отырып:

- а) толық фразеологиялық эквиваленттер
- ә) толық емес фразеологиялық эквиваленттер деп екі топқа бөліп қарастырамыз.

Толық фразеологиялық эквиваленттер. Негізінен эквивалент фразеологизмдер қазақ пен өзбек халықтарының психологиялық, этнографиялық, шаруашылық, жаугершілік, мәдени, әлеуметтік жағдаяттарындағы ортақтыққа негізделеді. Ондай фразеологиялық бірліктердің морфологиялық және синтаксистік деңгейлерінде аздаған айырмашылықтар болғанымен, бірдей образға (бейнеге) негізделіп, беретін мағынасы екі тілде де сәйкес түсіп жатады, лексикалық құрамы толықтай немесе жартылай үйлеседі. Мұндай толық фразеологиялық эквиваленттер екі тілде де молынан ұшырасады.

Кез-келген халық тіліндегі бейнелі сөз тіркестері тұрақтылығын сақтап қалуы үшін бірнеше

ғасырларды басынан өткеретіндігі мәлім. Мұндай тіркестерге арқау болған образ олардың күнделікті өмір тіршіліктеріндегі, қоршаған табиғаттағы суреттерге негізделеді. Екі тілдегі ұқсас фразеологизмдердің сақталып қалуы олардың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, салт-дәстүріндегі өте ертеден келе жатқан тарихи ортақтықты білдіреді. Бұл туралы ғалым Қ.Калыбаева туыстас түркі халықтарының тарихы, мәдени, әлеуметтік даму жолы оның оралымдарында айна қатесіз көрініс тапқандығын айтады.

Бұған өзбек және қазақ тілдеріндегі мына тіркестерді жатқызуға болады: *мойнына міну - муйинга минбоқ, ақ жол тілеу - оқ иул тилламоқ, оқ туянинг қорни иерулмоқ - ақ түйенің қарны жарылу, хур қилмоқ - қор қылу, қуни тузди - күні туды, кузга илмаслиқ - көзге ілмеу, кузи очилди - көзі ашылу, кузи оч - аш көз, икки кузи турт булмоқ - екі көзі төрт болу, қупни курган - көпті көрген, кунгил бозламоқ - көңіл байламақ, аез тортмоқ - аяғын тарту, жим булмоқ - жым болу, жин урсин - жын ұрсын, жини қузимок - жыны қозу, жинига тегмоқ - жынына тию, ичи ачимоқ - іші ашу, ичи пишмоқ - іші пысу, кекирдак чузмоқ - кеңірдегін созу, кекса тортмоқ - кексе тарту, тилга келмоқ - тілге келу, кунгли ярим - көңілі жарым, кунгли бузилмоқ - көңілі бұзылу, челақлаб қуймоқ - шелектеп құю, чин кунгилдан - шын көңілден, цулдан чиқмоқ - жолдан шығу, ораларидан цил утмайди - араларынан қыл өтпеу, т.б. Бұлайша тізіп көрсете беруге болатын тіркестер саны өте көп.*

Бұл мысалдардан тарихи жақтан алғавда қазақ пен өзбек халқының тығыз байланыста болғандығын көреміз және сол халықтардың басынан өткен түрлі тарихи оқиғалар екі халық тілінде ортақ фразеологиялық тіркестердің қалыптасуына негіз болған.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі фразеологиялық толық эквиваленттер белгілі бір тақырыптық топтарға негізделеді. Мысалы, адамның іс-қимылы мен мінез-құлқын сипаттайтын, алғыс-қарғыс мәнді, табиғат құбылыстарына қатысты т.б.

Толық емес фразеологиялық эквиваленттер. Қазақ және өзбек тілдеріндегі толық емес фразеологиялық эквиваленттер көбінесе лексикалық құрамдары, синтаксистік құрылымдары мен грамматикалық құрылысының сәйкес келмеуімен ерекшеленеді, десек те олардың семантикасы айырмашылық болмайды. Мысалы: өзбек тіліндегі *яланзоч сувдан тоймас* деген тіркес қазақ тілінде *шешінген судан тайынбас* формасында қолданылады. Сол сияқты,

Өзбек тілінде: *пұшайман жеу.*

Қазақ тілінде: *пұшайман болу.*

Өзбек тілінде: *бир майзни қириқ булмоқ.*

Қазақ тілінде: *бір нанды бөле жеу.*

Өзбек тілінде: *бир ямлаб ютмоқ.*

Қазақ тілінде: *жалмап жұту.*

Сонымен қатар, қазақ және өзбек тілдерінің фразеологиялық қорларында әр халықтың өзінің ұлттық төл мәдени ерекшеліктеріне негізделген тіркестер бар. Бұндай фразеологизмдердің бойында тек сол ұлтқа ғана тән тұрмыс-тіршілігін бейнелейді. Мысалы өзбек халқы есек малын тұрмыстарының негізгі көзі ретінде пайдаланатындықтан, осы жануарға қатысты қазақ тілінде мүлде қолданылмайтын тіркестер мен мақал мәтелдер бар:

Эчкининг ажали етса, қассобни сузади

Ешкінің ажалы жетсе, қасапты сүзеді

Эшагидан туқими қиммат

Есегінен тоқымы қымбат

Эшаги уш танга, туқими беш танга

Есегі үш теңге, тоқымы бес теңге

Сол сияқты, өзбек тілінде қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін:

умиди пучга чиқмоқ - үміті ақталмай қалу, ойына алған ісінің іске аспай қалуы;

бир чопони икки булмади - дүниесі құралмай қою, жетіспеушілік, таршылық көре беру;

чориқ судрамоқ- бірі екі болмау, жарымау;

чох қазимоқ- араларына от салу, тату жүргендерді шағыстырып, сөз тасу;

чуви чиқмоқ - ешкімге білдірмей жүрген жасырыны сырының ашылып қалуы;

шамолга қариши тупурмоқ - жаман істерге құмар, тыйым салған нәрсені істей беретін сүйкімсіз;

кукрагина шамол тегмоқ - басына түскен бәледен құтылу, басын аман алып шығу;

қулози қизимоқ - бір нәрседен хабары бар болу, жасырын құпияны естіп қою;

қилдан қирқ ахтармоқ, қилни қирқ ермоқ - бүге-шігесіне дейін мұқият тексеру, т.б. фразеологиялық тіркестер де мольнан кездеседі.

Сонымен, екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің дәлме-дәл, толық немесе жартылай сабақтастықта болуының тарихи себептері мыналар деп табамыз:

а) Көне түркі дәуірінен бастап жеке халық болып ыдырағанға дейінгі қазақ, өзбек арасындағы біртұтас қоғамдық-мәдени, әлеуметтік-рухаңи байланыстар.

ә) Қоршаған әлем бүкіл адамзатқа ортақ болғандықтан, сыртқы дүниені қабылдау да әртүрлі халық санасында біртекті қабылданады.

Фразеолог ғалым Қ.Қалыбаева қай тілдің болмасын фразеологизмі сол халықтың басынан өткен тарихының көріністерін бойына сіңірген бірден бір қазынасы екендігін, туыстас бір топқа енетін әр халықтың мәдениетінен, салт дәстүрі мен әдет ғұрпынан хабардар ететін ақпараттық мол мағлұмат арқалаған айшықты сөз оралымдарын салыстыра қарастыру үлкен нәтижелерге қол жеткізетіндігін атап көрсетеді: “Себебі, олар сол оралымдарды қалыптастырушы халықтың ақиқат болмысты танып-білуінен жинақталған тілдік бірліктер. Ал, мұндай тілдік бірліктер сол халықтың мәдени және этникалық даму, қалыптасу тарихымен, ой санасымен бірлікте біте қайнасу нәтижесінде қалыптасқан. Демек, туыстас тілдердің өзінде олардың этникалық және мәдени құндылықтарын бойына сіңірген осындай тіл айшықтарын сол халықтардың тарихымен, танымдық іс әрекетімен тығыз сабақтастықта этнолингвисти- калық бірліктер ретінде қарастыру бүгінгі түркітану ғылымы үшін аса маңызды» [1].

Біз қазақ, өзбек тілдеріндегі тарихи сабақтастықты қарастыру барысында, түркі тілдерінің қарлұқ және қыпшақ бұтағына жататын екі тілдің түркі негізді болғандықтан, айырмашылықтан гөрі ұқсастықтарының молдығына көз жеткіздік.

Бұдан шығатын қорытынды, ұзақ ғасыр ғасырлар бойы өзбек, қазақ этностарының тығыз қарым-қатынаста болуы олардың мәдениетінде, тілінде, дүниетанымында айқын із қалдырып, тұрақты тіркестер мағынасында сақталып қалған.

1. Қалыбаева Қ. *Түркі фразеологиясы*. - Алматы, 2010.
2. Щербак А.М. *Сравнительная фонетика тюркских языков*. -Л.: Наука, 1970. -240 с.
3. Кеңесбаев І. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. - Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
4. Рахматуллаев Ш. *Узбек тилининг қисқача фразеологиклузати*. -Тошкент: «Фан» нашриети, 1964.

Резюме

В данной статье рассматривается историческое сходство узбекского и казахского фразеологизмов.

Summary

This article touches upon the historical similarities between Uzbek and Kazakh languages.

ҚЫПШАҚ-НОҒАЙ ТОБЫНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Н.Айдосова -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 3 курс студенті

Тіл - қоғамдық құбылыс, ол-халық өмірінің, тарихының айнасы. Тарихта, қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалық атаулының барлығы әуелі тілден көрініс табады, орнығады, сосын халық мұрасына айналады. Тілді зерттеу арқылы, оның түп негізін тексеру арқылы халық, ұлт өмірінің кезеңдерін, тарихын анықтауға болса, тарихы арқылы тілде болған өзгерістерді танып білуге болады. Қоғам даму кезеңдерін зерделеу арқылы тілдің эволюциялық өсу өрісін саралай, жіктей аламыз.

Қазақ тілі тарихында елеулі із қалдырған дәуірдің бірі - Ноғайлы дәуірі. Қыпшақ-ноғай тобы тілдері тарихын зерттеу үшін бұл дәуірдің маңызы зор. Тіл тарихшысының өткен ғасырлар тілінің лексикалық қазынасын, грамматикалық құрылысын зерттеу үшін жүгінері өткен дәуірдің мұралары болмақ.

Еділден Донға дейінгі Кубанның кең даласын, Арал теңізі мен Каспий ағасын, Қырым мен Кавказ арасын кең жайлаған ноғай-қыпшақ ұлыстарының тілі мен қазақ әдеби тілі арасындағы сәйкестіктер мен ортақтықтар болса, олардың арасындағы жалғастық дәстүрдің бар екенін көрсетіп, түркі тілдерін

қалыптастырудағы мұның рөлін, оған қандай дәрежеде негіз болғанын ашу маңызды. Бұл - бүгінгі күн талабынан туындап отырған қажеттілік.

XIV-XV ғғ. қазақ, ноғай, қарақалпақ тілдері Ноғай Ордасында туындап кейінгі дәуірлерде осы бірлестікте туындаған тілдік ұқсастықтары мол.

В данных примерах А) и В) примеры с обстоятельствами эксплицируют признаки действия: место - “шаардан” и обстоятельство образа действия - “мыкты”, в то время как лексема “пахтадан” выражает объект действия и является дополнением, а лексема “мыкты” в примере В) “мыкты студенттер” указывает на признак предмета и является определением. Таким образом, основы различения и разграничения обстоятельства в кыргызском языке понятийно-логическая и детерминирована всегда смысловым контекстом предложения, отличающим его как от дополнения, так и от определения.

1. Грузинская И.А., Черкасская Е.Б. *Грамматика английского языка - изд. 16 - М.: Госучпедгиз, 1956-255 с.*

2. *Иванова И. П. Бурлакова В. В. Поценцов Г.Г. Теоретическая грамматика современного английского языка: Учебник - М.: Высшая школа, 1981.-285 с.*
3. *Жигалдо В.Н., Иванова И.П., Иофик Л.Л. Современный английский язык. Теоретический курс грамматики: Учебник. - М.: Изв-во лит-ры на иностр. языках., 1956. - 350 с.*
4. *Смирницкий А.И. Синтаксис английского языка. - М.: Изд-во лит-ры на иностр. языках., 1957. - 286 с.*
5. *Жапаров А. Сопоставительная грамматика кыргызского и русского языков. Учеб. для вузов. - Бишкек: б.у.н., 2007. - 408 с.*
6. *Жакыпов Ы. Тилдердин проблемалуу маселелеринен иргелген колдонмолоруу жыйнак: Окуу куралы. - Бишкек: «Кесип», 1993. - 92 б.*
7. *Мырзакулов А. Косвенное дополнение в современном киргизском языке: автореф. дис. . канд.филол.наук. - Фрунзе, 1981. - 28 с.*

Түйін

Еңбекте ағылшын және кыргыз тілдерінің өзіндік ерекшеліктері сөз болды. Бұл екі тілде пысықтауштардың сөйлем ішіндегі атқаратын қызметтерінің алты түрлі өзгешеліктері шрсеттген. Сонымен бірге ағылшын тілінің үш топқа бөлініп берген ғылыми-теориялық өзіндік ерекшеліктері де қарастырылған.

Summary

This paper studies the nature and classification of the adverbial modifier both in English and Kyrgyz linguistics. Identified six expressions of adverbial modifier in the sentences as well as considered the three groups of scientific and theoretical grammar of English language.

ӘДЕБИЕТТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫ

Б.Әбдіғазизұлы – филол. ғыл.д., профессор

Шығыс мәдениеті - қазақ әдебиеті ежелден нәр алған түпсіз қазына. Қай заманда да қазақ әдебиетіміздің дамуына Шығыстың классикалық поэзиясының ықпалы күшті болды. Тіпті ауыз әдебиеті үлгілерінің өзінде де Шығыс әдебиетінің кейбір шығармаларымен сабақтастық байқалады. Мәселен, “Қыз Жібек” жырындағы Төлегеннің анасы айтатын мына бір жолдарға жүгінсек, халық Төлеген сияқты батырларын, Жібек сияқты аруларын Шығыс дастандарындағы ғажайып кейіпкерлермен қатар қойып жырлағанын аңғарамыз.

... Ғашықтардың пірі едің,
Ләйлі-Мәжнүн сардар-ау.
Ғашықтардың саруары
Зылиха-Жүсіп пайғамбар
Әйелдің бірі Бибі Фатима
Баламды сізге
тапсырдым.

Бұл Шығыс елдеріне кең тараған ежелгі “Ләйлі-Мәжнүн”, “Жүсіп-Зылиха”, “Атымтай жомарт”, “Фархад-Шырын” сияқты толып жатқан хисса-дастандар оқиғаларының, олардағы бас кейіпкерлер тұлғасындағы махаббат мұңлықтарының қазақ арасында да ерте замандардан белгілі болғанын айғақтайды.

Сол сияқты сонау «Авестадағы» аждаба, дию, перілер де қазақ ертегілерінде көп кездеседі.

Жалпы алғанда Шығыс елдерінің көне мұраларының қай-қайсысы да өзара сабақтасып жатыр. Арабтың әйгілі «Мың бір түніндегі» үнді, түркі, парсы ертегілері, үнді жерінде дүниеге келген «Калила мен Димна», «Тотынама» секілді туындылардың парсы жұртының төл шығармасындай болып кетуі осы сабақтастықтың ізі деп білсек керек.

Әсіресе, ырым, түсініктері, жалпы мифологиялық танымы ұқсас парсы мен түркі халықтары арасындағы байланыстың тамыры тым тереңде жатыр. Осындай байланыс нышандары қазақ әдебиетінің даму шежіресінде де аз ұшыраспайды. Қазақ жұртына шығыстың жарық жұлдыздары Сағдидің, Низамидің, Фердаусидің дастандары жақсы таныс. Абай, Шәкәрім бастаған қазақ ақындарының қай- қайсысы да оларды өздеріне ұстаз тұтқан, шығармаларынан нәр алған.

Осы тамырластық дәстүрі әдебиетіміз үшін үлкен бір үйрену, қалыптасу мектебі болды. Ұлы Абайдың ақындық мұраларына үнілсек, оның да Шығыстың дәстүрлі поэзиясына еліктегені, оның жақсы үлгілерін пайдаланғаны байқалады. Ақынның әсіресе махаббат тақырыбына жазылған лирикалық туындыларында, имандылық пен философиялық мәні салмақты поэмаларында Шығысқа тән дәстүрлі айшықтар мол. Ол өз өлеңдерінде Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули, Низами тәрізді Шығыс жырының жарық жұлдыздарының аттарын атап қана қойған жоқ, олардың шығармаларымен жақсы таныс болды, солардан үйренді. Шығыстың бірқатар дастан-хикаяларын жаттап алып, ел арасына таратты.

Қазақ әдебиетінің аса қарқынды дамыған кезеңі жиырмасыншы ғасырдың басы болды десек, бұл кезеңдегі әдеби процесс те осындай дәстүрлі ықпалдан тыс қалған жоқ. “Бұл кезеңге дейінгі байланыстың аражігін ажырату қиын болса, Шығыстан келген нәрселер байырғы дүниелермен сіңісіп кетсе, соңғы тарихи тұстағы шығармалардың кім арқылы, қашан және қай дәрежеде келгені жақсы белгілі” /1,137/. Бұл дәуірде әсіресе, “Құранның”, “Мың бір түннен”, “Шаһнамадан” тамыр тартатын шығыстық сюжеттерге құрылған хисса-дастандар көп жазылды. Күні бүгінге дейін “кітаби ақындар ” деген шартты атау иелігінде жүрген әдебиет өкілдерінің қаламымен Шығыстың әралуан оқиғалары қайта жырланды, кітап болып басылып шықты. Шығыстан алынған сюжеттерге дастан дәстүрінде көп хиссалар жазған Жүсіпбек Шайхысламов, Ақылбек Сабал, Шәді Жәңгірұлы, Әбубәкір Кердері, т.б. ақындар қазақ әдебиетінің классикалық Шығыс әдебиетімен байланысының тамырын бұрынғыдан да кеңейте түсті. Бұл топтағы ақындар “Шығыстың классикалық әдебиеті, аңызы мен қазақтың ауыз, жазба

әдебиеті аралығындағы дәнекерлік, жалғастырушы әрі көпір секілді”/2,51/. Шығыстық мәдениет пен әдебиеттің қазақ әдебиетіне дарытқан парасаты мен ғибратты ойларын жеткізуші, насихаттаушылар тәрізді қызмет атқарды. “Кітаби ақындар” ғана емес, бұл кезеңде өмір сүрген ақын-жазушылардың қай- қайсысы да осынау нәрлі бастаудан мольнан сусындады. Мәселен, М.Сералиннің “Шаһнаманың” жекелеген тарауларын аударуы, Ә.Найманбаевтың “Ағаш ат”, “Салиха-Сәмен”, “Шеризат”, “Барат қыз”, “Үш жетім қыз” поэмаларына шығыстық сюжеттерді арқау етуі, өзге де ақын-жазушылардың шығарма- ларында шығыстық элементтердің мол кездесуі осыны айғақтаса керек.

Осы тұста ХХ ғасыр әдебиетімізді классикалық Шығыс әдебиетімен жалғастырған алтын көпір іспетті әйгілі «Шаһнама» дастанының шоқтығы биік тұрғаны анық. Дастан сюжеті қазақ жұртына етене таныс. ХХ ғасырдың басында аталмыш туындыны қазақ ортасына жеткізуге талпыныстар жасалды. Жоғарыда атап кеткен М.Сералиннен өзге, дастанның жекелеген бөліктерін Ораз молда аударды. Әйтсе де, «Шаһнама» туралы сөз еткенде Тұрмағанбет Өзтілеуовтың есімі, сол сияқты Тұрмағанбет десек әйгілі «Шаһнама» ал ойымызға оралады. Өз кезіндегі Шығыстың әйгілі медреселерінде білім алған, шығыстың бірнеше тілін меңгерген парасатты тұлға, сондай-ақ ақын ретінде ұлттық әдебиетте өз бағытын қалыптастырған атақты шайыр мұрасының қадір-қасиетін мейлінше терең ұғынатын бүгінгі ұрпақ осылай ойласа керек. Көзі тірісінде тарихи кезеңнің небір тащысынан өтіп, рухани дағдарыстың сан қилы сындарын жүрегінен өткізген шайырдың

Дүниеден өмір бітіп, өлсем де өзім,
Аралап жердің бетін жүрер сөзім, -

деген сөздері бүгінде ақиқатқа айналды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті - ұлттық сөз өнеріміздің дамуындағы аса күрделі, әрі жемісті кезең. Ол дәуірдің әдебиеті - ескі мен жаңаның, кеше мен бүгіннің арасына жасанды белдеу тұрғызып, өткеннің бәрін санадан өшіруге тырысқан қоғамдық құрылыс пен ұлт жадын сақтап, рухани қазынаның қоржынын молайтуға, сол арқылы халық санасына сәуле сіңіруге ұмтылған әдебиет өкілдері арасындағы бітіспес күрес кезеңінде қабырғасы қатайып, бұғанасы бекіген әдебиет болды.

Міне, осынау әдебиеттің шыңдалып шынығуына тұғыр болған тірек дәстүрлердің бірі классикалық Шығыс әдебиетінің өлмес, өшпес үлгісі еді.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің дамуына шын мәнінде осынау шығыстық мұралардың ықпалы зор болды. Көне дәстүрді жаңырта пайдаланған қаламгерлер қатары да бұл дәуірде аз болған жоқ. Олардың барлығын қамтып шығу бір баяндама шеңберінде мүмкін де емес. Сондықтан да, теңіздің дәмін тамшысынан ажыратуға болатынын ескеріп, біз де осынау күрделі кезең әдебиетіндегі Шығыс әдеби дәстүрінің көрінісін сол дәуір әдебиеті өкілдерінің бірінің шығармашылығы мысалында ғана қысқаша түйіндеуге тырыстық.

Абайдан кейінгі жаңа үрдісті әдебиеттің көрнекті өкілі Шәкәрімнің тамыр алған нәрлі бұлағы, шығармаларына дәстүрлік, көркемдік негіз қалаған қасиетті тұғыры осы Шығыстың классикалық әдебиеті болды. Ұстазы Абай секілді, сондай-ақ, өз тұстастары тәрізді Шәкәрім де Шығыс әдебиетінің небір асыл шығармаларын, олардың көркемдік-эстетикалық айшықтары мен өрнекті үлгілерін жақсы білді. Көне мұраның күдіретін бағалай білді.

Шәкәрім шығармаларындағы шығыстық дәстүр нышавдарының көріну аясы көп арналы. Ең алдымен, ақын шығармаларына шығыстық аңыздар, сюжеттер ерекше ықпал етті. Ол шығыстық сюжеттерге ерекше талғаммен қарады. Шығысқа тән ұғым-түсініктерге сын тұрғысынан үңілді. Ол Фирдоуси, Физули, Сағди тәрізді Шығыс жұлдыздарының поэзиясынан өзіне қажетті көп оқиғаларды көркемдік талғаммен екшеп, таңдап алды, оларды өз жүрегінен өткізе қайтадан көркемдеп жырлап берді.

Осы сипатта жазылған Шәкәрімнің ең көлемді де көркем туындысы “Ләйлә-Мәжнүн” дастаны болды. Шәкәрім бұл шығармасының оқиғасын Шығыстың атақты ақыны Физулидің осы аттас дастанынан алған.

Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы,
Әне сол шын ғашықтың қылған ісі.
Бұлардың әпсанасын жазған адам -
Физули Бағдади деген кісі.

Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған.
Нақысын шын келтіріп қаза алмаған.
Кітабын Физулидің іздеп тауып,
Кез болды былтырғы жыл әзер маған.

Бұл шумақтарда дастан сюжетінің қайдан алынғаны туралы деректің өзін былай қойғанда, мұнда Шығыстың классикалық поэзиясының өкілі Физули талантына берілген аса жоғары баға бар.

Шығыс әдебиетінен алынған сюжеттер бойынша Шәкәрім “Ләйлә-Мәжнүннен” басқа да бірқатар өлеңдер, прозалық шағын-шағын миниатюралар тудырған. Атап айтқанда, ақынның “Бір ханның кеуде-сіне жара шыққан”, “Бір ханда екі ұл бопты бір туысқан”, “Наушеруан аңда жүріп киік атқан”, “Аңда жүріп шөлдеген Ашам патша” сияқты сюжетті өлеңдері ертеректегі Шығыс ақыны Мүшрифәддин Сағдидің “Гүлстан”, “Бустан” дастандарындағы оқиғалардың желісін арқау етсе, Сағдидің хикаяларында кездесетін Құжаж патша, Хатам патша, Ануширван, қызын етікшіге берген адам, Атымтай Жомарт туралы әралуан оқиғалар шағын-шағын әңгімелерден тұратын Шәкәрімнің “Бәйшешек бақшасы” атты прозалық туындысында өзіндік парасатпен қайта баяндалады.

Дегенмен, белгілі сюжеттерді пайдаланудың әртүрлі жолы бар. Шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрі бір тақырыпты әр кезеңде әртүрлі ақындардың қайталап жырлауы болып саналғанымен, онда ақындар бірін-бірі дәлме-дәл, өзгеріссіз қайталамаған. Әрбір ақын өзінің заманына қарай, көркемдік мақсатына сәйкес және ең бастысы өзінің шеберлік дәрежесіне орай өзгерістерге, толықтыруларға барып отырған. Мұндай сипат Шәкәрімде айқын көрінеді. Ләйлә-Мәжнүн хикаясын баяндауда Шәкәрім Физули нұсқасындағы тараулар мен оқиғаларды сұрыптап, қажет санамаған жерлерін қалдырып кеткен. Сағди дастандарындағы хикаяларға да солай қараған. Шәкәрімнің мұндағы нысанасы - сол оқиғалар арқылы оқырманға пайдалы ғибрат айту. Сол мақсатпен оларды қазақтың тұрмысына, ұғымына мейлінше жақындатып, қазақыландыруға тырысқан. Не болмаса ежелгі сюжеттердің бірнешеуін бірік-тіріп оқиға құрады, яки Шығыс оқиғасына өз тарапынан мазмұн қосып, содан барып өз түйінін ұсынады.

Мәселен, Сағди өзінің “Гүлстан” дастанының қырық төртінші хикаясында ерлі-зайыптылар арасындағы бір оқиғаны баяндай келіп, адамның бойына сіңген жаман әдеттің кімді де болса қор қылатыны туралы қорытынды жасайды. Шәкәрім дәл осы сюжетті өзінің “Кейде күлкілі сөзден де тәлім алуға болады” атты шағын прозалық шығармасында пайдаланады. Ол аталмыш сюжетке өз тарапынан толықтырулар жасайды. Сол арқылы «орнына жұмсалмаған еңбек, зұлымдыққа жұмсалған ақыл отқа түскен көбелекпен бір есеп» деген түйін ұсынады.

Махаббат тақырыбы - Шәкәрімнің жүрегіне ең жақын тақырыптардың бірі еді. Таза шығыстық үлгіде болмағанымен оның осы тақырыпқа жазған “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек”, “Нартайлақ-Айсұлу” поэмаларында шығыстық дастандар дәстүрінің бірқатар нышандары бой көрсетеді. Әсіресе, ақынның шығарма оқиғасын баяндау жүйесі, кейіпкерлерінің бойында кездесетін әралуан қасиеттерді бейнелеу тәсілі, өлең өрнегі, айшықты афоризмдердің қолданысы, тіпті шығарманың басталуы мен аяқталуындағы мазмұндық, құрылымдық ерекшеліктер шығыстық үлгінің Шәкәрімге етене жақын болғанын дәлелдей түседі. Мысалы, Шәкәрім поэмаларының, аудармаларының бәрі дерлік кіріспе сөзбен басталып, автордың қорытынды сөзімен тәмамдалады. Ол бөлімдерде ақын шығарма сюжетіне қатысты деректер, өзінің оны жазудағы мақсаты, ұсынатын ғибраты туралы, ал аударма туындыларында түпнұсқа авторлары жайында өзінің әділ бағасын тұжырымдап отырады. “Қалқаман-Мамыр”, “Нартайлақ-Айсұлу” поэмаларында оқиғадан кейінгі жайлар мен деректерді, сол хикаяға қатысты географиялық атауларды ұсынады. Шығарманың басы мен соңында осындай авторлық сөз жазу дәстүрін Шәкәрім Шығыстың ежелгі әдебиетінен алған.

Шәкәрім ақынның Шығыс әдебиетінен нәр алып өскенін айғақтайтын тағы бір дерек - оның шығармаларында Шығыс ойшылдарының есімдерінің үнемі аталып отыруы, Шығыс поэзиясы кейіпкерлерінің кездесуі. Фирдоуси, Сағди дастандарында әділдікпен аты шыққан Ануширван атты кейіпкердің Шәкәрімде Наушеруан болып жүруі және оның әділдік пен мейірімділіктің символы іспетті көрсетілуі бір қарағанда елеусіздеу деталь болғанмен, бұл қазақ ақынының Шығыс маржандарын жақсы білгендігін, мол игергенін аңғартады.

Жоғарыда біз “Ләйлә-Мәжнүн” поэмасының кіріспесінде Шәкәрімнің Физули есімін ерекше құрметпен атайтынын айтқан едік. Кіріспеде Физулиден басқа бірқатар Шығыс жұлдыздары да ақынның тарапынан ілтипатқа иеленеді:

Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фердаусилар.
Бәйітші елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Сөз жоқ, бұл есімдер, олардың “әлемге сөздің нұрын жайған” өнегелері Шәкәрім үшін ұлы өнер мектебі болды. Ақын осынау Шығыс жұлдыздарының жаубар жырларын талмай іздеді, тапты, оқыды, үйренді, ой түйді, байытты. “Қорқыт, Қожа Хафиз түсіме енді де...”, “Қорқыттың сарыны” атты өлеңдерінде Шығыс даналарына табына отырып, ол солардың сарынымен жыр төгеді. Өзі пір тұтқан Қожа Хафиздің бірқатар өлеңдерін тәржімалайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, бұл өлеңдерді де таза аударма деуге болмайды. Мұнда қазақ ақыны өзінің ертеде өткен ұстазымен өнер жарыстырады, нәзіралық үлгіге жүгінеді.

“Оятқан мені ерте Шығыс жыры” деп өзі айтқандай, Шәкәрім өзінің ақындық жолындағы алғашқы қадамдарын шығыстық сарында бастады. Бозбала шағында жазылған “Жастық туралы”, “Жиырма үш жасымда...” тәрізді өлеңдері классикалық Шығыс поэзиясының өрнегін танытады, дәс- түрін ұсынады. Мұндағы ғашықтық сезімді бейнелеу, сұлу қыздың портретін сомдау Шығыс поэзия- сындағы хор қыздарын, олардың ғажайып сезімдерін, ынтызар жүректердің нәзік те асау үнін жеткізер сәттегі ақындар құдіретімен үндес болып шыққан.

Жібектей қап-қара
Таралған шашың бар.
Бұдырсыз тап-таза
Жаралған басың бар.
Қардай аппақ әжімсіз маңдайың кең,
Қынаптан суырған қанжардай қасың бар.

Кірпігің тізіліп,
Миыма қадалар.
Нұр жүзің сүзіліп,
Ойыма от салар.
Сиқыр жүзің ақылды байлап алып,
Тор шашың шырмалып, басымды нокталар.

Шәкәрімнің бұл шумақтарында шын мәніндегі шығыстық айшықтар айқын. Шығыс әдебиетінде кездесетін сұлу қыздар бейнесі, классикалық Шығыс поэзиясына тән көтеріңкі теңеулер мұнда да бар. Шәкәрім суреттеп отырған ару кешегі өткен Шығыс ақындары тамсана жырлаған ғажайып арулардың сіңлісі, оларды көркімен қайталаған бойжеткен ғана емес, сұлулықты, әсемдікті жырлаудағы тамаша бір көркемдік дәстүрдің жиырмасыншы ғасыр басындағы жалғастығын көрсететін әдеби образ болып шыққан.

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы классикалық Шығыс поэзиясының тақырыптық арналарын кеңейтіп, одан әрі дамыта түсті, өз заманының ерекшеліктеріне сәйкес ой өрнектерімен әдіп-теп, терең мазмұнмен астарлап, көркем бояумен көмкере отырып алға ілгерілетті. Әсіресе Абайдан кейінгі өзге де әдебиет өкілдерінің, талантты ақындардың үлгісімен ол Шығыс поэзиясындағы дидактикалық сарынды биік ұстады. Дидактика қанша ғасырдан бері әдебиеттің тәрбиелік, тағлымдық міндетін атқарудағы негізгі тақырыптардың бірі болды десек те, Шәкәрім өмір сүрген дәуірде оның рөлі тіпті ерекше болды. Бұл кезеңдегі халықты ояту идеясы, сауатсыздықты жою, оқу мен оқыту, мәдениетті елдер қатарына қосылу, керітарпа психологиядан арылу сияқты ағартушылық, демократтық бағыттағы ақындар айрық- ша көтерген тақырыптардың түп-төркінінде дидактикалық астардың жатуы заңды еді.

Шәкәрімнің мұраларында өмір, тіршілік, адам, жақсы мен жаман, тағы басқа да құбылыстар мен түсініктер төңірегінде айтылар гибратты сөз көп. Олардың кейбіреулеріне көз жіберелік:

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан !

Адамның адал ұлы болам десең,
Алдыменен өзіңнің нәпсінді жең.

Тауып айтқан татымды сөз құтқарар,
Көз байлағыш сайтанның сағымынан.

Ақын Шығыс әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыптар қатарындағы адам, адамның өмірі, адамгершілік қасиеттер, гуманизм мәселелеріне көп көңіл аударды. Әсіресе ақын “таза адам”, “таза ақыл”, “таза дін” ұғымдарын бәрінен биік қояды.

“Таза адам”, “түзу адам” ұғымдары ертедегі Шығыстың ғұлама ойшылдары Жүсіп Баласағұн, Әбунасыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауилердің бәріне ортақ идеялар еді. Олардың шығармашылығындағы негізгі мұраттар қатарынан заманды түзеу, адамды тазарту, адамзат ұрпағын бақытты ету сияқты мәселелер молынан көрінді. Мәселен, әл-Фараби “Жетілушіліктің кез-келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі күмән жоқ, адамның қалауы. Адам талпынатын қалаулы игілік ретінде мақсаттардың саны көп болғандықтан, бақыт солардың ішіндегі ең пайдалысы болып табылады,” - деп /3,3/ адам баласының тазару жолындағы алға ұмтылуын бақытқа, игілікке теңесе, Қожа Ахмет Иассауи /4/ өзінің хикметтерінде:

Іші-сырты жалған жанға әсте сенбе.
Арың таза болса әр кез жеңіс сенде, -

деп күнделікті тіршілікте жалғандықтан, алдамшылықтан, аярлықтан сақтандырады, арды кірлетпей ұстауға шақырады. Дәл осындай түсінік Жүсіп Баласағұнда /5/ былайша өрнектеледі:

1839. Ақыл - тірлік, ақылсыз жан - бір өлік,
Ей, ақылсыз, ақыл болсын тілерің.

Шәкәрім /6/ де осыларға үндесе отырып: “Бірдей адам қайда бар іші-тысы,”- деп жақсы жандарды іздейді. Ақырында өз ұғымындағы таза адамды ақыл мен адалдықтың маңынан табады:

Ақылды сол - ынсап пен ар сақтайды,
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол - таза енбекпен күн көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Жалпы “ақыл” ұғымына Шәкәрім ерекше мән береді. Ақынның ұғымындағы ақыл - адамның қасиеттерінің ішіндегі ең ардақтысы. Бұл жерде ақын Шығыс ойшылдарымен тамаша үндестік танытады. Мәселен, оның бір өлеңіндегі “Ақылға билетпеген пенде айуан”, - деген жолдар Баласағұнның

5857. “Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі,” -

деген философиялық тұжырымымен дәлме-дәл сабақтасады.

Әлемдік сөз өнерінің қазынасына осынау “таза адам” образын жасау талпынысы қаншама жауыар дүниелер қосты десеңізші! Соның бірі Шығыстың классикалық поэзиясынан бастау алатын, одан кейінгі әдебиеттерде кең өріс алып келе жатқан мәселе - адам бойындағы асыл қасиеттерді санамалап жырға қосу. Ондай қасиеттер қатары әр кезде әр ақында әртүрлі болып келеді. Мәселен, Қожа Ахмет Иассауи “Диуани хикметінде” адамның басты парыздары, яғни қасиеттері деп адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспеншілікті санамалап берсе, Баласағұн өзінің өсиетгі ойларын былай өрнектейді:

1432. Қос жаһанға билік еткің келсе егер,
Бес нәрседен қашық жүрсең ел сенер.
Зорлық қылма, араласпа арамға,
Қанын төкпе, кек сақтама адамға.
Шарап ішпе, азғындыққа салынба,
Бұл бекті қор етеді тағында.

Ал олардан кейінгі Абай болса, өз замандастары мен ұрпақтарына

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз, -

деген өсиетті ойын қалдырды, түзу адамға тән жақсылы-жаманды қасиеттердің ара жігін ақындық шабытпен ашып берді.

Бұл дәстүр Шәкәрімнің поэзиясына ғажайып ықпалын тигізді. Өзінің “Ләйлә-Мәжнүн” дастанына жазған қорытынды түйінінде ақын сопылық әдебиеттің мақамымен:

Мен ондай қызға ғашық болмасам да,
Ғарыппын дерті қалың, шын осыным, -

деп рухани тазарудың жолын таппай шарқ ұрған жанның ғаріптық халін суреттей келіп, бұдан кейінгі шумақта бұл ауыртпалықтан құтылудың кілті әлеуметтік өмірде жатқанын айтады.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атын атап ұқсаңыздар:
Махаббат, ғаделет пен таза жүрек,
Бостандық, терең ғылым, - міне, осылар.

Ләйлә мен Мәжнүн басындағы қайғы екеуінің бір-біріне ғашық болуынан туындаса, Шәкәрімнің “ғаріптігі” әлгі өлеңде аталған бес қасиеттің өмірде үстемдік құрмай отырғандығынан өмірге келген.

Рухани тазарудың жолын аталмыш қасиеттерден іздеген ол қоғамдағы жеке адамның тұлғасына, яғни “таза адамға” келгенде нақты алты қасиетті былайша “ноқталап” береді:

Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық -
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.

Шәкәрім өмір азабының адам тіршілігінің атрибуты бола алмайтынын дәлелдейді. Өмір қанша азапты, қайғылы болса да, адам тіршілігінде оны жеңу үшін күреседі. Адам баласы ол азаптан құтылуға тиіс. Оған жетудің, адам өмірін түзеудің, сол арқылы “таза адам” қалыптастырудың ең керек құралдары жоғарыда аталған алты қасиет. Олар жоқ жерде “таза адам” да жоқ, мәнді өмір де жоқ.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан!

Тұтастай шолып қарағанда жеке адам тұлғасы, жаны таза адам, қоғамның белсенді де саналы мүшесі болатын адамның бейнесі деген категорияларға қатысты өлеңдерінде Шәкәрім поэзиясының шығыстық тамырының терең екендігі көзге түседі.

Ежелгі фольклордан, Шығыстың классикалық әдебиетінен бері жалғасып келе жатқан дәстүрлі тақырып - адам өмірінің әр түрлі кезеңдерін жырлау. Қожа Ахмет Иассауи өзінің әйгілі дастанының екінші-сегізінші хикметтерінде адамның бір жастан алпыс үшке дейінгі өмірі туралы толғайды. Мұндай үрдіс ерте кезден бері қарайғы Шығыс әдебиетіне тән. Жыраулар поэзиясының бұл саладағы орны ерекше. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті де бұл дәстүрді одан әрі дамыта түсті. Атап айтқанда, Нарманбет ақынның /7/ “Бірден онға жетуің”, “Он жасқа келдім” атты өлеңдерінің тақырып-тарының өзі аталмыш дәстүрдің нышанын сездірсе, осы ақынның “Бала қайдан” атты өлеңі сәбидің ана құрсағында пайда болған сәтінен сегіз жасқа дейінгі өмір белестерін суреттейді. Ал Шәкәрім “Мұтылғаңның өмірі” атты ұзақ өлеңінде өзінің бес жастан бастап, өмірінің соңына дейін өткен жолына философиялық шолу жасайды.

Тұтастай алғанда, Шәкәрім шығармашылығының мысалында алынып отырған осынау сабақтас-тық көріністері ХХ ғасырдың басында өмір сүріп, қалам тербеген ақындарымыздың барлығына да тән. Олардың әрқайсысын талдап айту, тереңдей пайымдау, байыпты талдау бүгінгі және ертеңгі жүйелі зерттеулердің мәртебелі міндеті болса керек.

1. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. - Алматы: Тытым, 1976. - 203 б.
2. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. - Алматы: Ғылым, 1994. - 320 б.
3. әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975. - 418 б.
4. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). - Алматы: Мұраттас, 1993. - 262 б.
5. Баласазұн Ж. Құтты білік (Құтадғу білік). - Алматы: Жазушы, 1986. - 623 б.

6. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988. -560 бет.

7. Нарманбет. Шығармалары. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1998. -356 бет.

Резюме

В статье рассматриваются художественные особенности творчества Шакарима Кудайбердиева.

Summary

This article focuses on the artistic features of creativity Shakarima Kudaiberdieva.

ШӘКӘРІМ АҚЫН АҚЫЛ ТУРАЛЫ

М.Әліпхан -

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері,
филол.ғыл.к.*

Адамгершілік іліміне қатысты ұғымдарды ақын өлеңдерін үстірт оқып тани салу мүмкін емес. Ол белгілі бір ұғымның, мысалы, ақылдың ақын өлеңдеріндегі барлық қолданысын түгел тауып, оларды жинақтап, әртүрлі мағыналық, мазмұндық, танымдық қыр-сырын анықтау арқылы танылады. Ақын ақыл сипаты туралы мәселеге әр кезеңде жазған өлеңдерінде аялдап өтеді, оны мұқият іздеп тауып, жүйесін, сабақтастықта жырлануын байқамаса болмайды. «Анық пен танық» өлеңінде ақын ақыл ісі ретінде білу, нану, ұнатуды атайды [1.58]. Ақыл ісі - білу десек, оған талас бола қоймайды. Ал нану мен ұнату жөнінде ойланып қалуымыз мүмкін. Сөйтсек нанатын, ұнататын нәрсемізді өзіміз талассыз деп санауға жеткізген «білу» арқылы анықтайды екенбіз. Демек үшеуі де, яғни білу, нану, ұнату - ақын жазғандай, ақыл ісі. Ақын жан туралы еңбектерде көп айтылатын жан қуатымен байланысты бес сезім әрекетін де назардан тыс қалдырмаған. Адамзат танымының басы - бес сезім, ғалым М.Мырзахметұлы ғылыми айналымға тартып, жемісті танытып жүрген, Абай қарасөзінде қолданыс тапқан «хауаси хамса заыри» [2.187-208]. Адамның әлеммен әуелгі әрі өмірлік байланысы да осы бес сезім арқылы жүзеге асады. Адамның тірі, өлі болуы да осы бес сезім тіршілігіне келіп тіреледі. Сөйтіп ақын жазғандай, бес сезім мәліметі түйсіктен бастап жанның ең биік қуаты - ойлауға жетеді, одан Ақыл таразысына түседі.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әрі істі сол тексермек [1. 58].

Осы өлеңінде ақынның бәріне де басшы болатын, бағыт беретін әділетті жүрек туралы жазатыны бар. Біз осы ақын қолданысындағы әділетті жүректі таза, сау ақыл деп ұғуға бейімбіз. Біз білетін жүректің физиологиялық болмысында білу, тану әрекеті жоқ.

Дәл солай қылайын деп ұнағанда,
Әділетті жүрегің бір қозғалмақ.
Бір билік сол жүректен шығарылмақ,
Денеге ол шымырлап әсер қылмақ... [1. 58]
Жүрегіңнің тілі жоқ, ымбалы сол,
Ұғып ал да бола көр соған көмек [1. 58].

«Талап пен ақыл» өлеңінде ақын ақылдың сипатын тағы да тереңдеп таныта түседі. Өлең мазмұнынан ақыл ісі қалай басталатынын байқаймыз. Сонда мынадай түйінге тап боламыз: әуелгі бастау - ындын. Ындын талапты оятады, ал талап ақылды іске қосады. Ақын айтқандай, ақылдың анық, шын, таза, сау, азат, еркін атты түрлері бар. Сөйтіп түпкі ақиқатты анық, таза, сау ақыл тапса керек.

Талап шапса ақылға мініп алып,
Жақсы, жаман бәріне бірдей салып.
Талап деген ындынмен ентелемек,

Ойға алып, қызыққанын қылсам демек...
Ол ісі орайлы ма, орайсыз ба,
Ойланып оны ақылға салса керек [1. 128].

Ақылдың міндеті - түптің түбінде ақиқатты тану. Мұны ақын «Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы» [1. 132] деп ақылдың ең басты қиетін еске салғандай болады. Ақынның «Ойлансын ұлан болса сөз ұғарлық» атты өлеңінен ақыл сипатын жаңа қырынан тани түсеміз. Ақынның бұл өлеңі Абайдың жан құмары туралы жұмбақ өлеңін ойға оралтады. Абай ізімен Шәкәрім ақын: «Ақылдың шолғыншысы - ойқұмарлық» деп жазады. «Ындынмен ентелеген талап» ақын жазғандай, «талпынып ойды айдаса, байқалар - көрнеу, таса, жоқ пен барлық», яғни ақиқатты тану жолы басталып кетеді. Ақын айтқандай, «Өкініштің үлкені - ойы тарлық». Ақыл мағынасы ақын айшандай, тапқыш ой болған соң, ізденіс, талап, ой жоқта ақыл да өз болмысын жоғалтады:

Азат ақыл ойланбай мида жатса,
Шіріп, тозып тартқызар ол бір зарлық [1. 149].

Ақын өлеңдеріндегі ақыл сипатына қатысты тағы бір мәселе - сопылық таным ізімен ақылдың араққа тенеуі. Ақын мұраты мен жалпы адамзаттың дана ұлдарының биік мақсаты - ортақ, ол - хақиқатты тану болса, осы тұрғыдан келгенде ақынның мына тенеуі көңілге қонады:

Арақ - ақыл, мастық - ой, жар - хақиқат [1. 262].

Ақылмен ойланып хақиқатқа жету қандай орынды болса, арақ ішіп тазару, пенделіктен арылу арқылы Жарын, Иесін сүю соншалық көңілге қонымды. Сопылар ұғымы бойынша, сау адам дүниешіл, пендешіл, есепшіл, ал мас адам риясыз, шынайы келеді, оның Жарын сүюде алаңсыз беріліп опалы болуы әбден мүмкін. Мастық - сопылық ұғымда дүниелік тірлікті ұмытып, Алланы сүюге бірыңғай, барынша берілумен байланыстырылады. Бұл дүниемен байланысы берік, мықты, сау адам сопылар ұғымынша, Иесін риясыз, шынайы сүйе алмайды. Мастық бір жағы бұл дүние қызығынан арылу, онымен байланысын үзу, сөйтіп сүйгеніне шынайы берілу. Плотин шынайы, терең ойлауды осындай мастыққа теңейді [3]. Сөйтіп Шәкәрім таза ақылды таза арақпен байланыста жырлайды. Арақ затының ұғымына біршама жақын көрінетін шарапты сопылар екі түрлі себеппен жақсы көрген, біріншіден, шарап кісіні шынайы қалпына түсіреді, екіншіден, оның мейірім, рақым, махаббатын арттырады. Яғни шарап ішіп мас болған адам Иесін шынайы да риясыз, жан-тәнімен беріліп сүйеді. Ал сау адамда дүниелік байланыс әлі де басым болады. Ақылмен ойлауға да шынайылық пен тереңдік керек. Ақын анық хақиқатқа қатысты ойларын «таза арақ ішкен мастарға» арнайды, яғни олар таза, анық, сау ақыл жолындағы ақиқатқа құмар жандар:

Айтамын мұны жастарға,
Таза арақ ішкен мастарға [1. 231].

Ал дүниешіл, пендешіл, есепшіл, қу, сұм, жеңіл ойлы адамдарды алдыңғы жас, яғни мастардан бөліп, ажырата айтатыны да бар.

У ішіп, қулық жинаған,
Айтпаймын қуыс бастарға
Ол ұғынбас, тыңдар да [1. 231].

Плотин еңбектерінде, яғни эннеадларында атақты үштік ұғымы бар. Ол ұғым бойынша, Ақыл Бірліктен, яғни Жаратушыдан пайда болады. Ал Ақылдан әлемдік жан туады [3]. Осы танымның шет- жағасын Шәкәрім ақыннан да байқауға болады. Ақынның Ақылды Жаратушыдан келер рухани нұрға телитіні бар. Мұндай ойды Жүсіп Баласағұн да айтқан [4]. Мәселе Абай айтатын кәсіби жолмен табылатын ақыл туралы емес, ақылды болу мүмкіндігі, яғни потенциалды, жибилі ақылда болып отыр. Адамнан өзге тіршілік иелері қанша тырысса да, кәсіби жолмен ақылды бола алмайды. Ақылды болу қабілеті тек қана адамға бұйырған. Шәкәрім ақын рухты жаннан бөлек санап, оны ақыл деп біледі.

«Рух» - деген сөзді жан дейді,
Осыдан жаман әуре жок.
Рух деген дінсіз таза ақыл,
Мінсіздің ісі шын мақұл [1. 231].

Алғашқы ақыл иесі Алланың демі, рухымен Адам ата атымен пайда болды. Адам ата жай ғана жан иесі емес, ақыл иесі. Әйтпесе жан жануар мен өсімдікте де бар. Осы орайда Шәкәрім сөзіне сенгеніміз жөн. Тән, нәпсі өзге жан иелерінде де бар, ал ақыл адамға ғана тән. Рухын жоғалтқан адам болса да, жансыз адам болмайды. Яғни ақылсыз құр жан иелері өмірде көп-ақ.

Нәпсі дер рухсыз жандарды,
Мейлі адам, мейлі аңдарды [1. 232].

Ақын бір өлеңінде ақылды жарық нұрға теңейді. Шынында да адам болмысын ақыл ғана ой- саналы, адамгершілікті етеді, яғни жарық қылады. Ал ойсыз, қайырымсыз адамды надан, бейнелеп айтқанда қараңы деуге келеді.

Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр,
Сол нұрды тән қамы үшін жан жұмсап жүр [1. 155].

Жан тән мен ақылға тірілік қабілетін дарытады. Жан тәнге тәуелді, себебі жан тән көмегінсіз әрі оны баспана етпей жүре алмайды. Жан ой бастауы - ақылсыз да адам жаны бола алмайды, себебі ақын айтқандай, жан ақылды тән қамы үшін ғана емес, оны өзіндегі қайырымдылықтарды, өзі аңсаған жақсы хәлді сақтау үшін де қажет етеді. Жан жатдайы өте қиын. Мұны Абайдың жүрек жатдайы арқылы айтатыны бар [5]. Ал Шәкәрім бұл ойды жанмен байланыстыра айтып, нақтылай түседі.

Жан тыныштық таппайды тән қамын жеп,
Тән бұзылса, тұрағым бұзылар деп... [1. 155].

Жан Ақыл секілді әлемнен тыс тұрған, тәуелсіз, бекзат болмыс емес, Ақылдың тәнмен тікелей байланысы жоқ. Ақын айтқандай, ақыл тәнге емес, жанға біршама байлаулы.

Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр [1. 155].

Осылайша ақылдың Абай жазғандай, суық атанатыны бар. Шәкәрімнің де Ақылды ноктасыз, сау, таза болса екен деп армандауы тегін емес. Адам болмысына ақын айтқан мына жағдай тән.

Адамның таза ақылы жанды қимай,
Амалсыз қиянатқа о да көнбек! [1. 136].

Ақыл қаншалық асыл, артық, бекзат болмыс болса да, оны жұмсаушы, тұтынушы - жан. Жан өз деңгейінде-ақ біршама танып біледі, себебі оның өзінде ойлау қуаты бар, ал одан әрі ақылды тұтынар болса, онда өз иесін тіпті танымал, данышпан етуге жарайды. Қдндай болғанда да адам болмысындаты жан, жан қуатына көп нәрсе байланысты, тәуелді болған соң, Шәкәрім ақын мынадай түйін жасаған екен.

Тән - терезе, қарайтын жан - иесі,
Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны [1. 139].

Ақыл - таным, даналық шыңы десек, таным басы - жан қарауындағы бес сезім мүшесі. Ақылға жеткенге дейін де жанда талай қуат бар, олар - бес сезім мүшесінің түйсінуінен туған мәліметті қабылдау, оны есте сақтау, одан естегіні пайдаланып қиялдау, ең биігі - ойлау болып Ақылға жақындай береді. Ақылға дейінгі аталған жан қуаттарының өзі-ақ адамды әжептәуір абыройлы етеді. Олай дейтініміз әр адамның ойлы, дана, кемеңгер болып кетпей-ақ өз қауымы ішінде тәрбиелі, әдепті, көргенді, қайырымды болып жүруі - осы жан деңгейіндегі хәл мен жатдайдың көрінісі. Себебі бұрынғы ойшылдар жазғандай, этикалық қайырымдылықтар жан деңгейінде қалыптасады. Сөйтіп Ақыл атты асыл, бекзат қазына, байлықты тұтынушы, пайдаланушы - жан.

Білуге құмарлық, ойлауға құштарлық - жан әрекеті. Ой мен білім жан азығы ғана емес, ақылдың да қажеті. Ақын жазғандай, «ой - ақылдың шолғыншысы». Ақын ақылдың білу, ойлау, ғылым, жалпы ізденіспен байланысы жайында жиі жазады.

Ақылды киім бермес, ғылым берер,
Ғылымын ал, өнерін ал, мұны таста [1. 180].
Жас баланы ұрғанмен шырылдатып,
Ойы толмай тұрғанда ақылы өнбес [1. 181].

Ақын ой, ойқұмарлық, ізденіс барда, бәрі де ақыл тұтқыны, ақыл меншігі дегенді айтады.

Кезсе ойым барша, барлық –
Ақылымның тұтқыны... [1. 204].
Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл... [1. 251].
Білімсіз, өнерсіз,
Болады ақыл тұл [1. 267].

Сөйтіп жан қуатымен ойлау арқылы білім, таным табылып, ақыл толысады екен. Біндын, талап, жан қуаты, ойлау мен ақыл арасында осындай байланыс бар.

Ақын өлеңдеріндегі ақыл туралы танымның тағы бір қыры - ақылдың бәріне де таразы болатын қасиеті. Ақылсыз кісінің адам атанып жүруі қиын. Адам болудың серті мен шарты - Ақылын пайдаланып ақиқатты тану. Ақылдың таразы болуы ақиқатты танумен айқындалады. Ақиқатты тану - «шын нану», «анық шын». Ақын жазғандай, «шын нану - ақылымен қабылдауы» [1. 203].

Ақ, хақ, хақиқат, шынды табушы - ақыл.
Таза ақыл ақты барлайды,
Дәлелсіз сөзді алмайды [1. 233].

Ақын өлеңдеріндегі «Жар» ұғымы хақиқатты, Жаратушыны білдіреді. Жар - Жаратушы - түпкі ақиқат. Осы түпкі ақиқатқа жеткізуші де - ақыл.

Ақылыңа ұстат қол,
Тура апарар сені сол.
Жардың жолы қиын жол:
Шытырман тоғай, қалың ну! [1. 238].

Ақылдың таразы екені оның бәріне де сыншы болуымен байқалады.

Әділ жүрек, таза ақыл мақтайтұғын,
Солар сөкпес іс қылар жолды көксе!..
Ақылыңа сынатып ойла, жаным [1. 65].
Жүректің таразысын жойма, жаным [1. 66].
Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау...
Тетігі - таза ақылмен өлшеп сынау [1. 199].
Ақылдың көзін байлама...
Ақылға сынат әр істі [1. 229].
Ақылға сынат, сабыр қыл [1. 251].

Бәрін де ақылға сынатып, ақылды темірқазық, құбыла студі ақын Алла сөзімен де бекітіп растайды:

Ақылыңа сынат деп дәлел айтқан
Құраннан табылады талай аят [1. 263].

Адам ойы мен өміріне, адамгершілігі мен әрбір ісіне ақылдың сыншы әрі ақиқатты танытушы болатынын біз ақын өлеңдеріне сүйене отырып түйіндедік. Осы арада ақылдың әрбір істе адам үшін басшы болар сипатын да атап кеткен жөн. Себебі бұған дәлел болар ойлар ақын өлеңдерінде біршама ұшырасады.

Олай қылмай, билесе бәрін ақыл...
Адамды сонда адам деген мақұл [1. 156].
Бұзық адамдарды ақ жолға салуға,
Киянатты көрге жабуға,
Мен ақыл менен ойды жұмсаушы ем,
Талай қиын істі табуға [1. 223].
Пайғамбар қыл ақылды!
Сол табады мақұлды [1. 249].

Ақынның ақылды Алланың нұры мен рухына балап жазғанын жоғарыда жазған едік. Мұның ар жағында ақыл Жаратушыдан деген ұғымда байқалып қалады. Сонда Жаратушының өзі зор Ақыл иесі

екені танылады. Ақын «Үш анығында» Жаратушыны зор ақыл мен құдірет иесі деп жазады [6]. Біз Жаратушыны тани алмаймыз. Тек Абай айтқандай, Саниғын сұңғатына қарап білеміз [7], яғни Иесін оның өзі жаратқан туындысына қарап біршама тани аламыз. Әлем мен адам - барлық байланыс, болмысымен зор Ақылдың нәтижесі мен жемісі.

Осы әлемде барша барлық –
Жанды ақылдың табысы [1. 205].
Құбылған әлем жарысы
Ақылды жанның табысы!
Басында-ақ онда ақыл мол,
Мақсатты ретпен әр ісі
Тереңнен ойла аңғар да...
Теп-тегіс қара денеге,
Ойламай-ақ қой өзгені
Мақсатсыз біткен тән бар ма?
Ойлы адамсың ғой сен де
Бар ма мақсатсыз тәртібі жоқ нәрсе әлемде? [1. 229].

Адамзаттың өздігінен жасайтын су жаңа жаңалығы болмайды. Ғылым да Абай айтқандай, жанаңаң, жоқтан жасалмайды [7]. Адамзат ойы мен әрекетінің ең биігі - даналық пен ақиқатты тану десек, оның өзі Жаратушының зор туындысын шет-жағалап қана білу. Адамзат даналыққа осылайша Жаратушыны бетке алып, Оның жаратқан туындысына таң қалып жүріп жетеді.

Жаралыстан ғибрат алсаң,
Болар едің ойқұмар [1. 265].

Шәкәрім ақыннан ой артылмаған. Адамзат тарихындағы түрлі таным төркіндерінің көбісімен таным болғаны байқалады. Адамның білгені бір тоғыз, білмегені тоқсан тоғыз деген сөз соншалық рас болса керек. Ақын мұны да ескерген. Біз Алланың құдіреті мен білімін өлшеулі ақылымыз жеткен жеріне дейін ғана білеміз. Алла өз пенделеріне несібесін шашып қойған деген ой - діннің ғана сөзі емес, ғылым таныған ақиқат та солай. Алла әлемдегі бәрінің де қамын жеп, жағдайын жасап қойған. Мұны байқарға ақыл, ой көзі керек. Алланың ақылы мен құдіретінде, жомарттығында шек жоқ.

Нұрыңды түгел жасырсаң,
Жаралыс кебін киеді.
Өлшемей шектен асырсаң,
Көз шағылып күйеді.
Өлшеп жібер нұрыңды,
Білсін асық түріңді.
Бір-бірлеп аш сырыңды,
Соныңды көңілің сүйеді [1. 247].

Әлемді адам жаратқан жоқ, адамның өзі де өз-өзінен пайда болған десек ақиқаттан алыстаймыз. Соншалық адам ақылы жетпес зор ақыл мен құдіреттің жемісі - әлем мен адам кездейсоқ өз-өзінен пайда болған деу ақын айтқандай, сау ақылға симады. Бұл мәселе адамзат даналарын талай мың жылдар мазалап, толғантып келеді [8. 15; 9. 54-55]. Сол толғанушы ойшылдардың шағын ғана тобынан Шәкәрім ақынды да көруге болады. Сөйтпін ақын әлем мен адамды - ақыл табысы мен жемісі деп біледі. Ал өлшеусіз ақыл иесі - Жаратушы, Алла.

Шәкәрім ақын ұлы Абайдың жақын туысы ғана емес, ең сенімді рухани шәкірті де. Оның ұстазы танымына түйісіп қалатын тұсы да көп. Анығы Шәкәрім ақын - Абайдың адамгершілік ілімі мен таным жолын жалғаушы. Абайдағы толық адам танымы өзіндік ерекшелігімен Шәкәрім ақында да ұшырасады. Екеуі де толықтыққа жеткізер қасиеттер қатарында ақылды атайды. Абайдың нұрлы ақылын Шәкәрім ақын таза ақыл деп қолданады.

Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса,

Әлемнің таласын [1. 186].
Ақ жүрек пен таза ақыл,

Қылсаң адал еңбек, -
Бәрінен де сол мақұл
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың түкке тұрмай
Арам ойы жойылып,
Аяғында хақиқатты
Бұл үшеуі жеңбек.
Сен бола гөр аққа хақ,
Болам десен адам.
Адал еңбек берер бақ,
Бассаң соған қадам.
Айнымайтын ақ жүрек пен Таза
ақылды адамның Таппасы жоқ бұл
өмірде,
Осынымды ұқ, балам! [1. 270]

Абай Шәкәрім ақынның адал еңбегін ыстық қайрат, ақ жүрегін жылы жүрек, таза ақылын нұрлы ақыл деп атайтын [5.198].

Аристотель де, әл-Фараби де жан деңгейіне орнығатын қайырымдылықтарды ақыл анықтап, олардың шеткі екі кемшілікке ауып кетпеуін тағы да ақыл қадағалайтынын жазған болатын. Шәкәрім ақын да ақылы бар адам ғана қайырымдылықтарды, яғни ынсап пен арды сақтай алатынын жазады:

Ақылды сол - ынсап пен арды сақтайды,
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды [1. 36].

Ақылдың ізгі қасиеттерге күзетші, қамқоршы болатынын Абай да айтқан. Демек қайырымдылықтардың ақыл арқылы сақталуы - ақиқат.

Ақыл - адамда ғана бар басты ерекшелік, рухани құндылық. Абай өзге тіршілік иелерін жан иесі десе, адамды олардан бөле қарап ақыл иесі деп атаған [7]. Себебі жаны барлар қатарындағы адамда ғана ақыл бар әрі ол ақылымен ғана адам атанады. Шәкәрім ақын ақылдың осы қырын да назардан тыс қалдырмаған.

Ең басқы зат: жаны бар, ақылды зат [1. 139].
Адамның сыртқы дене жаралысы,
Нәпсісі айуанмен анық теңдес.
Бөлектігі - жалғыз-ақ таза ақылда,
Өлің келсе, жол тап та осыны емдес! [1. 181]

Шынында да ақынның өзге бір өлеңінде жазғанындай, «ақылға билетпеген пенде айуан» [1. 263].

Шәкәрім ақын ақылды өз өлеңдерінде анық ақыл, шын ақыл, азат ақыл, ноқтасыз ақыл, еркін ақыл, сау ақыл, таза ақыл деп әртүрлі атайды. Сөйтсе де ақын бүйрегі таза ақыл мен сау ақылға көбірек бұратынын байқаймыз. Ақын таза ақылдың ақиқатты таңудағы артықша алғырлығын әр-әр тұста жиі айтады. Мысалы, таза ақылға қатысты ақын ойы мынадай:

Таза ақылды жүйрігім [1. 131].
Дәлелсіз сөз - соққан жел, ұшқан тозаң,
Таза ақылдың алдында жоқ қой құны [1. 139].
Тетігі - таза ақылмен өлшеп сынау! [1. 199]
Шын таза ақылдың таппас заты жоқ [1. 226].

Ақын таза ақылдың мықты жүйрік, таным тұлпары екенін жалпы ақиқат, нәпсіге ғана емес, дінге де қатысты айтады. М.Әуезов Абай дінін - адамгершіліктің және сыншыл ақылдың шартты діні десе [10], Шәкәрім дінін ұждан мен таза ақылдың діні десек болар. Біз бұл түйінімізді айрықша қадап, бекітіп айтамыз.

Таза ақылмен таппаған дін
Шын дін емес - жындылық [1.

204].

Біз бұл арада ақынның дін туралы танымын сөз етпейміз, ол бөлек әңгіме.

Шәкәрім ақын адам баласының періште емес, ақыл мен тәннен тұратын қоспа екенін, таза, сау, анық ақыл өзінің тәнді иесін Тәңірге қарай қанша тартқанмен, тіріде адам ақылының жаннан, ал жаны тәннен қол үзіп кете алмайтынын біледі. Сондықтан ақынның ақылды әртүрлі атап, оны таза, сау, анық, шын, ерікті ақыл деп биіктетпек болғаны шартты нәрсе. Адамзаттың қоспа болмысында ақыл ешқашан да Жаратушынікіндей өлшеусіз, кемшіліксіз бола алмайды. Себебі

Тағдырдың қиын, сырлы сиқырымен

Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр [1. 155].

Сондықтан да Шәкәрім ақынның мына түйінін ақиқат демеске лаж жоқ:

Адамның таза ақылы жанды қимай,

Амалсыз қиянатқа о да көнбек.

Сөйтіп ақыл бере алмай адал көмек,

Зұлымдықпен адамды адам жемек.

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім жоқ –

Осы болар таза ақыл өлді демек [1. 156].

Адамзат тәні топырақтан, рухы - ақылы Жаратушыдан жеткен болмыс десек, осы адам баласының басым бөлігі көбіне тән қамымен жүріп, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар санаулы тобы ғана ақылды, қайырымды бола алады. Себебі тән тілегі тәтті, ақыл жолы ауыр, азапты келеді. Адам болу мен өмірінше адам болып қалудың қиындығын әр заман ақылдылары айтып кеткен. ХІ ғасыр данышпаны Ж.Баласағұн:

Адамдарды емес, адамдықты аңсаймын,

Кісілерді емес, кісілікті қимаймын [4. 167] -

десе, Абай:

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын? [4. 168] -

деп адамдығынаң ажырағысы келмеген. Ал қазіргі заман ақыны ҚМырзалиев адам болып туу әлі де адам болып қалу емес екенін тапқыр түйіндеген.

Адам боп оңай туғанмен,

Адам боп қалу көп қиын!

Тән және құмар мен нәпсіге тәуелді адам баласына үнемі ақыл жолынан айнымай жүру өте қиын. Сөйтсе де Шәкәрім ақын жазғандай, ақыл жолынан айнымау - адам болу мен адамдықтың шарты.

Олай қылмай, билесе бәрін ақыл,

Еш қиянат қылмаса зорлық, тақыл.

Таза еңбекпен тағдырдан пайдаланса,

Адамды сонда адам деген мақұл [1. 156].

Біздіңше, ақын өлеңдерінде қолданыс тапқан анық, шын ақыл - таза ақылдың синонимі секілді. Ақылдың да тізе бүгіп, жеңіліс табатынын, оның да ала алмайтын асуы барын болжаған, білген ақын ақылға әртүрлі әйбат ат беріп, оны, яғни ақылды қамшылай түскен секілді. Адам ақылы өлшеулі болатынын Абай ақын айтып қойған. Ал Шәкәрім ақын анық, шын ақыл туралы былай дейді:

Босқа күлген күлкіні күйлемелік!

Шын ақылға мойынды бұрысалық! [1. 35]

Шын таза ақылдың таппас заты жоқ,

Ол қасиетші жойма [1. 226].

Анық ақыл адымын аштырмайды,

Еш нәрсе одан құтылмас жетпей қалып [1. 128].

Азат, еркін, ноктасыз ақылдар да бір-бірімен төркіндес әрі алдыңғы аталған ақыл түрлерімен мағыналас, мазмұндас.

Азат ақыл ойланбай мида жатса,
Шіріп, тозып тартқызар ол бір зарлық [1. 149].

Еркін ақыл тіпті адаспас,
Кезсе кірсіз жарқырап [1. 206].

Біз талдап-таныған ақыл сипатының адамгершілік іліміне қатысы мол. Өзгесін былай қойғанда, Аристотель жүйесі бойынша айтар болсақ, ақылдылық та - қайырымдылық, яғни дианоэтикалық қайырымдылық [11]. Екіншіден, ақыл өзге этикалық қайырымдылықтарды анықтап, сақтаушы. Үшіншіден, ақыл адам болмысы мен өмірінің асыл мұраты - ақиқатты тануға басшы дер едік.

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Құраст.: М.Жармұхамедов, С.Дәуітов. - Алматы:Жазушы, 1988.
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары. - Алматы: Ғылым, 1982.
3. Плотин. Эннеады. От редактора HTML - версии. - К.:«УЦИММ-ПРЕСС», 1995-1996; К.PSYLIB, 2003.
4. Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. - Түркістан: «Тұран», 2004.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. - Алматы:Жазушы, 1986.
6. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. - Алматы:«Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы, 1991.
7. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. - Алматы:Жазушы, 1986.
8. Наумкин В.В. Учение о «Касб» в произведении Газали «Ихиа» Улюм Ад-Дин // Классическая литература Востока. - М., 1972.
9. Исмаилов Б. Пантеистическая философская традиция в персидско-таджикской поэзии IX-XV вв. - Душанбе, 1986.
10. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 20- том. - Алматы:Жазушы, 1985.
11. Аристотель. Никомахова этика. Перевод: (С) Нина Брагинская (satis@glasnet.ru). Философы Греции. ЗАО Издательство «ЭКМО ПРЕСС». - М., 1997.

Резюме

В статье рассматриваются разные виды качества Разума в лирических произведениях Шакарима.

Summary

Different kinds of Mind qualities in Shakarim's lyrical works are considered in this article.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ НЕВРОТИКАЛЫҚ ДИСКУРСТЫҢ СИПАТЫ

Н.Кенжеғараев -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері,
филол.ғыл.к.

Қазіргі таңдағы әдебиеттану ғылымында жаңа арналар болып табылатын дискурстық поэтика, теоретикалық поэтика шеңберінде, көркем антропологиялық әдісте көркем шығармашылық үдерісіне байланысты невротикалық, шизофрениялық, экзистенцианалдық, психотерапевтік сынды дискурс түрлері қолданылып, зерттелініп жүр. Психологиялық дискурстың зерттеу нысаны әдеби дискурске байланысты қолданылып жүрген жоғарыда аталған дискурс түрлерінен өзгеше екендігін атап өтуіміз керек.

Поэзия, оның ішіндегі лирика жанры субъективті жан екендігі белгілі. Лирикада ақынның ой- сезімі, толғанысы ішкі жан әлемінің елегінен өгіп, тебіренісі арқылы сыртқа шығады. Ақынның психологиялық тұлға ретінде психикасы, эмоциясы, көңіл-күйі, реакциясы өлең түрінде өрнектеліп беріледі. Демек біз көркем шығармашылықты, өнерді психологиялық тұрғыдан зерттеудің негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым К.Г. Юнгтың мына пікірлерімен келісуіміз керек: «Искусство в своей художественной практике есть психологическая деятельность и в качестве таковой может и должно быть подвергнуто психологическому рассмотрению» [1, 214]. Сөз өнерінің, оның ішінде лириканың табиғатына сай, психоэмоциялық сезімдерсіз

поэзия болмайтыны да заңдылық.

Классикалық талдауда көңіл-күй лирикасы деп айдар тағылып талданатын әдістің шеңбері

дискурстық талдаудың ауқымына жете алмайды. Дискурстық талдау ауқымы өте кең және біздің лирикалық шығарманы, лирикалық шығарма табиғатын талдауды елеулі кеңінетін жағдайы бар. Невротикалық, шизофрениялық дискурстерді сөз еткенде, санада психикалық ауру түрлерінің қылаң беретіні ғажап емес. Ал одан жүйкесі ауруға ұшыраған ақын-жазушылар шығармашылығын зерттейді деген жалған түсінік қалыптаспағаны жөн. Дискурстық талдауға паталогиялық невроз бен психоз емес, шығармашылық невроз бен психоз арқау болады. Адамның күнделікті өмірдегі қуаныш, реніш, жақсы көру, жек көру, ашу, ыза, сүйіспеншілік, риза болу, наразы болу, т.б.с.с. толып жатқан психоэмоциялық күйлер субъективті өнер лирикадағы ақын шығармашылығында да орын алатын әдеби-психологиялық жағдайлар. Тек айырмашылығы психофизиологиялық реакция ғана емес, әлеуметтік интеракцияларға жауап ретінде, идея, тұжырым, көзқарас, дүниетаным, ұстаным ретінде туындайтын сезімдер болып ортаға шығады.

Ақынның өзінің ортасына, қоғамына, заманына деген қарым-қатынасы, бағасы, реакциясы өлеңдері арқылы көрініс табады. Лирикадағы ақынның көңіл-күй сезімдері оның тек жеке басының жағдайы, жеке эмоциясы ғана емес, ол оның қоғам жағдайына, қоғамдағы әлеуметтік, этикалық, саяси жағдайларға берген бағасы болып саналады.

Адамның рационалды және иррационалды әрекеттерінің барлығын басқарушы орталығы - ми десек, мидің барлық үдерістері нерв жасушалары арқылы іске асатыны дәлелденген. Ми мен жүректің белсенді әрекетінің жемісі болып саналатын сөз өнерінде ақынның интеллектуалды әлемі арқылы қабылданған объективті шындық ішкі әлемі, психикасы арқылы қордаланып, эмоциясы мен қатар әдеби- шығармашылық ұстанымы, дискурсы мәтін деңгейінде пайда болып, сыртқа шығып, әлеуметтік қатынасқа жол тартады.

Белгілі зерттеуші Б.О. Корманның мына сөздері лирикадағы эмоцияның, көңіл-күйдің өзгешелігін анықтап береді: «Настроение в лирике - это не просто настроение. Это всегда определенная идейная позиция, определенный взгляд на мир.

Основной эмоциональный тон - это определяемые мировоззрением эмоциональные реакции, лирическое самосознание самих различных людей. Этим понятием обозначается содержание лирического способа изображения человека» [2, 68].

Ақын өмір сүрген қоғамдағы жағдайға, дәлірек айтсақ оның саяси-әлеуметтік қалыбынан бастап, тұрмыстық, әкімшілік, рухани-моральдық, дши-дүниетанымдыщ, ғылым-мәдени жағдайларына дейін назарынан тыс қалдырмай, баға беретін тұстары жоқ емес. Поэзияның ерекшелігіне сай бұл қоғам мен халық тынысы туралы «салмақты», «рационалды» бағалар емес, поэтикалық санадан, поэтикалық ойлаудан туындаған эмоционалды, экспрессивті бағалар. Қоғамдағы жағдайдың, заман бейнесінің ақынға әсері, ақын психикасына әсері, өлеңдерінде ашық, өткір түрінде орын алады.

Абайдың 1886 жылы жазған «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңінен бастап бірқатар өлеңдерінде ақынның өз қоғамына, қабылдаушыларына реакциясы эмоционалды түрде көрініс алған.

Ақынның өз бейнесін сомдау барысында қоғаммен күресіп күйзелген, оның жамандық іс- әрекеттерінен жеріген, қажыған адамның бейнесі сомдалуы тегін емес. «Ішім өлген, сыртым сау» деген шығармасында өлеңнің атауы болып тұрған осы тармаққа психологиялық тұрғыдан талдау жасайтын болсақ, адамның ішін өлдіге санауы, не ішкі әлемі жалғыздықтан, түсініспеушіліктен, қабылдамаушы- лықтан, өз білгенін, түйгенін ортасына айтып одан ешқандай әрекет шыққанын көре алмау, яғни ақын өнердің «әсер етуші» қырын пайдаланғанымен, одан еш нәтиже шықпағанына қамығу сынды пікірлер ортаға шығатына анық.

«Сегіз аяқ» өлеңі эмоциялық бояуларға, тебіреністерге толы өлең.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға,
Әлі жетер заман жоқ.

Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып кара тер,
Корлықпен өткен қу өмір [3, 112],-

деген жолдарында өз өміріне, өз жағдайына баға беріп отыр. Әрине, баға жағымды емес. Ақынның қан қысымын көтеріп, басын қысып, жүрегін ауыртқан не нәрсе? Немесе, физиологиялық, терапевтік тұрғыдан адамның қандай жағдайда қан қысымы көтеріліп, басы қысып, жаны ауырады? Автор осындай тән мен жан ауруларына алып келген дерттің басы - рухани дерт, рухани түсініспеушілік екендігінен хабар беріп отыр. Рухани дертке адам қай жағдайда ұшырайды? «Духовные страдания не есть еще душевная болезнь, невроз, но может быть причиной невроза.

Духовное страдание - это когда человек переживает отсутствие каких-либо ценностей, которые могли бы делать его жизнь осмысленной, целенаправленной. Это состояние полной апатии ко всему, к жизни вообще. Человек может не осознавать причину или истоки этого своего состояния, эти истоки часто скрыты в сфере бессознательного» [4, 121], - деген ғалым ойлары айқындап отырғандай, Абай өзінің жеке басының дертінен, не өз болмысына қатысты кемшіліктерден күйзеліп отырған жоқ. Абайды дертті етіп отырған - қоғам мен түзелерлік ниет танытпаған халқы. Халқын түзетудің жолындағы қару етіп өнерді тандап алған ақынның Сөзіне құлақ аспаған, бойыңа сіңірмеген, бойыңа сіңіретілік деңгейі де жоқ болған халықтың теріс амалдарын тізбектеп те айтып өтеді:

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Кайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Автор осындай өткір сөздер арқылы өз жан жағдайын білдіруі невротикалық дискурс аясында жүзеге асқан. Ақынның өз қайғысымен торығып, томаға тұйықталып қалмай, жанын жеген дертін өлеңге арқау етуі - бұл да күрестің бір тәсілі ретінде бағаланса керек. Өзінің рухани дертін, жалғыздығын, халқының түсінбейтіндігін, қабылдамайтындығын ашына айту - адресатына қайтара әсер етудің жолы, адресатқа психотерапиялық ықпал ету тәсілі болып танылады. Ақылмен айқанға, бастан сипап, іш тартып айтқанға көнбеді, еш нәтиже шығармады, ендігі тәсіл бетіне шығғырып, өткір айту, ауыр айту қалып отыр. Психотерапиялық, невротикалық дискурс нысаңындағы әрбір айтылған сөз, біздің жағдайымыздағы поэзиялық шығарма жайдан-жай айтылмайды: «Ведь в психотерапии говорить - это не столько обмениваться информацией, сколько осуществлять вмешательство, воздействовать на собеседника, владеть коммуникативной ситуацией, менять систему представлений клиента, его мысли и поведение» [5].

... Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым - тап шыным!

А.Құнанбаевқа дейінгі қазақ поэзиясында рухани жалғыздық туралы сөз еткен Ахмет Ясауи болса, Абай рухани жалғыздық сарынын психологиялық қатпарлармен тереңдетіп, адамның ішкі жан дүниесі, сыры, адам өмірінің мақсаты, елдің, ұлттың мақсаты, адамзат баласының адамгершілік мұраттары тұрғысынан байытып, жалғыздық тақырыбын жаңа деңгейге көтереді.

Ақынның «Келдік талай жерге енді» өлеңінде де невротикалық дискурс орын алған. Қан қысымы жоғары, ашынған ақын тайсалмай жалғыз басы қараңғы қалың көпшілікке қарсы шығады. Ашуы у болған ақын осы сөзіме тым құрығанда селт етерсін дегендей, мірдің оғындай өткір сөзін айтады:

Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар,

Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар [3, 157].

Абайдың халқына қаратып айтқан осындай ауыр сындарынан кейін кейде көпшілік арасында ақынды сынаған пікірлер де естіліп қалып жатады. «Абай халықтан үлкен емес, неге сонша қатты ауыр сөздер айтады» деген сияқты сөздерді бұқаралық ақпарат құралдарынан жиі кездестіреміз. Бұл сындарға жауапты былайша беруге болады. Біріншісі, Абай халық туралы не айтса да, көзі жеткендіктен және ақиқатты білгендіктен айтқан. Екіншісі, ақынның осыншама өткір сынай отырып айтуы, тыңдаушыға әсер етудің тәсілі ретінде қолданылған деп талдасақ болады.

«Менсінбеуші ем наданды», «Жүрегім, ойбай, сокпа енді!», «Қуатты оттай бұрқырап», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Жүректе қайрат болмаса», «Жүрегім менің қырық жамау», т.б. өлеңдерінде невротикалық дискурс орын алған. Ақын бұл өлеңдеріндегі өз басындағы рухани дертті сөз етіп, қабылдаушымен арасындағы қарым-қатынас мәселесі сөз болады. Ақын бұл өлеңдеріндегі эмоционалдық тон ашыну, жалғыздық зардабын тарту, түсінбестік аясында болғанымен, автор ашу- ызасын тежеп отырғандығы байқалады.

Абайдың көңіл-күй тақырыбында жазған өлеңдерінің ішінде ақын эмоциясы айқын білдірілген өлеңі - «Өзгеге көңілім, тоярысың».

Өздерін де ойлаңдар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы андарсың [3, 158], -

деген жолдарынан ақынның қоғамның деген өкпесі ызаға айналып, психикалық жағдайы невротикалық қалыптан шизофрениялық халге ұласқан. Невротикалық дискурсте жазылған көптеген өлеңдерінде ақын өзімен ақырын сырласып, философиялық ойға бой алдырып, салқын ақылға жеңдіріп былай деп жырлап:

Мен - қажыған арықпын,
Катын-бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртың анау баяғы.
Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы! -

тағдырға мойынсұнған, қажыған, шарасыздық танышқан сынды сынай білдіргендей болады. Ал «Өзгеге көңілім тоясындағы» ойлар ақынның надандық пен жамандыққа, әділетсіздік пен имансыздыққа төзбейтіндігін, мойынсұнбайтындығын аңғартып, агрессивті көркем тәсілді пайдаланады. Тіпті агрессивті тәсіл дегеніміз де орынсыз болар, шынтуайтқа келгенде ақиқат ақын жағында сынайлы. Ақын ол байламын тарихи салыстыру әдісімен көз жеткізіп айтып отыр, көрші елдермен салыстырғанда XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ елінің мәдени-ғылыми жағдайы ауыз толтырып айтарлық жағдайда емес еді.

«Күлімсіреп аспан тұр» өлеңінде экзистенциялық дискурстың белгілері баршылық. Өзіне, өміріне көңілі толмау, дүниенің мәнін жоғалту, Мәнсіздікке, Жалғыздыққа, Бостыққа, Абсурдке бой алдыру сарындары экзистенциялық дискурстың негізгі белгілері болып табылатын болса, ақынның мына өлең жолдарынан осы айтылған қасиеттердің бәрін байқауға болады:

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңілде.
Қайғырамын жатамын,
Нені іздеймін өмірде? [3, 185].

Экзистенциалдық әдебиет, бағыт Батыс Европада XX ғасырда пайда болды деп айтылады. Алайда біз Абай өлеңдерінен модернистік деп саналатын экзистенциалдық сарынын көреміз, экзистенциалдық әдебиеттің бастауында тұрған әлемдік деңгейдегі классик ақын деп санауымызға болады.

Қайтты ма көңіл бетімнен,
Яки бір қапыл қалдым ба?
Өткен күнге өкінбен,

Әм үміт жоқ алдымда.

Руханият пен ділдің, жанның тамағын ойлап алыс-жақынға, өткен-кеткенге шолу жасаған ақын өмірінің мәнін ұғынуға бел байлап, бағалауға тырысады. Поэтикалық сана шеңберінде сырлы әлем жетегінде жан тебіренген ақын тиянақты, тұрақты, баянды ешнәрсе таппағандай. Алайда біз бұл экзистенциалдық дискурстің де автотерапиялық көркемдік тәсіл екендігін ескеруіміз керек.

А.Құнанбаев бірлі-жарымды өлеңдерінде ғана болмаса, экзистенцияға көп бой алдыра бермейді. Абай өлеңдерінің көпшілік бөлігінде күрескер, прагматик.

Ақынның өмірінің соңғы кезеңдерінде қоғамдық тартыстың, жеке бас драмасының шиеленісе түскендігі белгілі. Абайдың өмірінің кенеттен 59 жасында үзілуі де, оның қоғамдық, шығармашылық қайраткерлігінің жүрекке, жүйкеге салмақ түсіргендігін дәлелдейтіндей. Жоғарыда талданған ақын өлеңдерінің туу тарихын тарихи-функционалды түрғыдан таратып талдап, түсініктер берітін болсақ, көп нәрсеге қол жеткізер едік. Автор өлеңдерінің қандай жағдайда, қандай интерактілердің себебінен туындағанын зерттеуді әлі күнде де қолға алуымыз керектей көрінеді. Көрнекті әдебиеттанушы Т.Есембековтің мына ойлары да абайтануда кемшін қалып тұрған мәселені айқындайтындай: «А.Құнанбаевтың өлең өрімдерін жүйелеп зерттеу көркем мәтінмен ғана шектелмеуі керек, ақын өмір сүрген ортадағы әдеби дәстүр мен сабақтастық, жалғастық, ақынның ішкі сезімі, сыртқы дүниеге қатысы, шығармашылық мақсаты мен нәтижесі сияқты мәселелер де ғылыми ойтүрткі бола алатынын білген жөн» [6, 35].

Абайдың соңғы өлеңдерінің бірі болып табылатын «Жалын мен оттан жаралған» деп аталатын өлеңінің соңғы шумағының:

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт! [7, 116] -

деп аяқталуы жай кездейсоқтық па екен? Бұл жолдарда да бағалау жатыр, сарказм сарыны байқал-ғанымен, идеялық жағынан өте ауыр, тебіреністі, терең, психологиялық жүгі ауыр ой. Ақын өз шығарма-шылығының соңғы аккордтарын невротикалық дискурсте аяқтап отыруы да, қоғамына көңілі толмаған ақынның тілегін болашақ адресаты түсінер, бағалар деген ниет жатырғандай ой қалдырады. Абай үнемі өзінің «қиялдағы оқушысымен», симулякрымен сөйлесіп, тілдесіп, соған иек артып отыратындай. Ақын бұл түрғыдан да өзінің классик ақындығын, сөз өнерінің, поэзияның, лириканың табиғатын ғажап шебер білгендігін көрсететіндей. Данышпан, хакім Абайдың мәңгілік таң қалып, таңырқап жарыса жазып, айтып жататын ғұламалығының бір көрінісі де болар.

1. Юнг К.Г. Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. В книге: *Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XX вв. Трактаты, статьи, эссе.* - М.: Изд. Московского университета, 1987. - 512 с.

2. Корман Б.О. *Изучение текста художественного произведения.* - М.: Просвещение, 1972.

3. Құнанбайұлы А. *Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.1.* - Алматы: Жазушы, 1995.

4. Абишева А.К. *Проблемы ценностного смысла в философии и психоанализ.* - Алматы: НИЦҒылым, 2002.

5. *Анализ психотерапевтического дискурса. [WWW-документ] URL. Электронды ресурс. <http://culture.niv.ru/doc/psychology/kalina/040.htm>.*

6. Есембеков Т.У. *Көркем мәтінді талдау негіздері.* - Алматы: Қазақ университеті, 2009.

7. Құнанбайұлы А. *Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.2.* - Алматы: Жазушы, 1995.

Резюме

В данной статье исследуются особенности и функции невротического дискурса в лирических произведениях великого казахского поэта-классика А.Құнанбаева.

Summary

This article explores the features and functions of neurotic discourse in the lyrical works of the great Kazakh poet and classic Kunanbaev A.

ҚАЛАМҒЕР ШЕБЕРЛІГІНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

*А.Ибраева - филол. ғыл.к.
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы*

Әр жазушының өзіндік қалыптасқан қаламгерлік ерекшелігі болады. Көптеген халыққа танымал ірі қаламгерлердің шығармаларын қолға алып үңіле түссең-ақ, кімнің шығармасы екенін айнытпай айтуға болады. Әдемі өрнек, сұлу сөзге тұнып тұрған М.Әуезов сөйлемдерін, өлең жолдарындай өзара ұйқасын тауып, үйлесіп, төгіліп тұратын, артық деп бір сөзін де алып тастауға көнбейтін Ж.Аймауытов сөз саптамын, есте ұстауға ерекше икемді, әрбір кейіпкерін «өмірдің өзінен ойып алған» Б.Майлин стилін басқа қаламгерлермен шатастыруға болмас.

Қандай да бір жазушы болмасын оның шығармашылығына қойылатын басты талаптардың бірі- сөз саптау тұрғысынан өзгеге ұқсамайтын ерекшелігінің болуы. Мұның өзі жазушының сөз қолданысына, сөздерді сөйлете білуіне, сөзбен сурет сала білуіне, сөз мағынасын жаңа қырымен жарқырата қолдана білуінде көрінеді. Бұл туралы жазушы Ғ.Мүсірепов былай дейді: «Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе - әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне-бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады» /1/ .

Ғ.Мүсірепов алғашқы шығармаларынан-ақ өзіне тән стильді танышқан қаламгердің бірі. Жазушы кез-келген жанрдағы жазған шығармаларында оқырманға ой тастауға, оның сезімін қозғауға күш салған. Көпшіліктің сөзді кім айтқанына емес, не айтқанына бас ұратынын қаламгер білсе керек. Оның қай шығармасы болсын телегей теңіз ой пікірге толы. Қаламгер өмір көріністерімен қатар, адамның ішкі жан-күйін ашық, айқын суреттермен бере білген. Фабиттің жазушылық стилі орынды қолданылатын эпитет, метафоралар мен метонимиялар, әсерлеу мен литоталар, аллитерациялар мен ассонанстар, психологиялық параллелизмдер, драмалық диалогтердің дәлелдігімен, сөйлемдердің айқын, лепті, қысқа тұжырымдылығымен, сөйлем құрылысын аса бай интонациялық бояуға құра білушілігімен де көзге түседі. Мысалы: «Қазақ солдатты» романын зер сала оқысақ: «Жансыз жатқан қоңыр төбелер», «Бесті шыбындар терезені тепкілеп қиратып барады», «Үңгір айналасындағы жақпар тастар жаңқадай жарылып жан-жақты атылады», «Секундті сегіз бөліп санап біз отырмыз» деген үзінділердегі құбылыстарды әсерлей суреттеумен аса кішірейтіп көрсететін литоталарды немесе суреттемек құбылысты әсерлі, бейнелі ету үшін автордың ассонанс пен аллитерацияны жиі қолданатын байқаймыз.

Ал, қаламгер туындыларын көркемдік ерекшеліктері жағынан қарайтын болсақ, әсем теңеулер мен эпитеттерді, сөз қолданысының метафоралық, метонимиялық тәсілдерін, ғажайып аллегориялық суреттерді көреміз.

Ғ.Мүсіреповтің сөздерді тіркестіру амалдарына көз жіберсек те, стиль өрісінің шексіз мүмкіндік- терін аңғарамыз. Ана тақырыбындағы бір ғана шағын әңгіменің ішінен біз мынадай суреттерді ұшырата- мыз: «тері тон мен жабағы күпісін тастай алмай жүрген қойшы - малшылар жүні түспеген көпей тайыншаға ұқсайды», балалар «көгендеген қозыға ұқсап, мұрынды тарта тастап, Әйтілес үйіндегі надан молдадан надавдық оқып отыр», «төрт бұрышы жемірілген ескі тоқым сияқты иманшартымды қолтығы- ма қысып аламын», «ірікті сабасындай ірікдеген молда мен саудагер Рамазанға соқыр Әйтілес ескі күндердің әңгімесін шертеді», «тот басқан әңгімені жанып- жанып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді», «ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алады», «сары қасқа ат шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғиды», «үркер жамбасқа келіп, сұлу шолпан маңдайға таянады», «қатып қалған саңлақтар ұршықтай ойнап, бөкендей бүктетіледі», «астымда құлан тұяқ құдай көк деген атым бар», «манадан өзегімді өртеп келе жатқан қыз содан кейін арқама жабысқан көлбақаға ұсап, сұп-суық болып сала берді», «көңілімізде көлеңкеде қалған жоқ», «екеуін екі тайға теңдеп алып жүрейін; қызы қатынға, шешесі отынға жарар», «соның суық ызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан кеткен жоқ», «сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты», «білектің күшін, найзаның ұшын не күші теңдеске, не иығы теңдеске жұмса», «жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес...» «қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаңда қатын...», «батыр - бауланды көріп жүрміз: сені -«батыр» деп жұмсай- ды, мені - «қатын» деп жұмсайды, айырмасы осы-ақ» /2/. Ғ.Мүсіреповтің әр алуан шығармаларында тұрақты тіркестер жиі ұшырасады. Жазушының *салпыетек күз, жылауық күз, қызыл іңір күз, өңез көз ас иесі, жыңды боран, айдама боран, жақ жұты - көп жан, жазагер отряд*

секілді сөз қолданыстары әрі

82

ұтымды, әрі әсерлі екенінде сөз жоқ. Кейде жазушының жалғыз эпитетінің өзі кейіпкердің жан дүниесін ашып салады. Осыған жалғас бір айта кететін нәрсе, Ғ.Мүсіреповтің кейіпкерлерге ат қою дағдысы болар деп білеміз. Әрине, фольклор сюжетіне, немесе тарихи оқиғаларға негізделген шығармалардың басты кейіпкерлері өз есімдерін сақтайтынын белгілі. Яғни, Ақан, Амангелді, Қозы, Баян, Қарабай, Қодар, Қыз Жібек, Төлеген т.б. өзгеріссіз алынады. Ал, енді солардың төңірегіне тыңнан қосылатын жаңа бейнелерге жазушы өз тарапынан ат қояды. Ғабеңнің осылайша жалқы есім деп қойған аттары кейде образдың пәрменділігі арқасында жалпыға кең тараған ұғымның баламасына айналып та кетеді. Осы ретте біз ең алдымен Жантық есімін еске сала кетпекпіз. Ғабең бұл есімді бір кезде «Қос шалқар» әңгімесінде де пайдаланған еді. Алайда, нағыз зұлымдықтың екі жүзділіктің символы ретінде ол «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесалары арқылы ғана танымал болды. «Түндік біткен шаңырақты сабалап, қараша үйлер тозығы жеткендігін айтып, зар қақсап, сықыр-сықыр етеді. «Кебіс табанынан ұшып келіп, айран бетіне шаншыла түскен тезек сынығы құйрығын шошайтып, Жәніш бәйбішені нұсқағандай болады».

- «Ана арқасында қайыс қамшы жыландай жүйткіп жүр».

- «Асыл жігер мен құр өктем күш кездесіп қалып, біріне бірі тізе бүгер емес».

- «Жайған алақандай жалпақ жапырақтарымен уыс-уыс қар уыстаған бір шок емен кәрлі қабағын кешпес кек, қайтпас ызғармен түйіп алыпты».

- «Қазақы арба ыңырысып барып айқайын түзеп жүре берді!».

- «Арба біткеннің артында жалт - жұлт еткен орақтар тұмсықтары салбырап, көк майсаға тістерін қайрап келе жатқандай».

- «Безектеген қос қоңырау ол ауылға күнде бір соқпай өтпейді» /2/.

Міне, осы үзінділердің қай-қайсысын алып қарасақ та талант құдіретімен жан біткен нақты болмыс дүниесін, объективті оқиғаларды көреміз.

Кей реттерде теңеу мен эпитеттерді ажырату оңайлыққа түспейді, ондай жағдайларда теңеулер эпитеттер түрінде келетіні бар. Келтірілген мысалдағы *құба тал* сөз тіркесі келбетті, мінезді қыз мағынасында беріліп отырғаны түсінікті. Сондықтан ол тіркесті *құба талдай қыз деп* қабылдауымызға болатын сияқты. Екінші сөзбен айтқанда, *құба тал* келтірілгелі отырған мысалдардағы *соқпа тас* қолданысынан ерекшелее, өйткені қатандығы мен қатыгездігіне байланысты *тас* сөзінің адам мағынасында, *жолалаушы* сөзінің кен мағынасында жұмсалып тұрғаны дау тудырмаса керек.

Ғ.Мүсірепов прозасында кейіптеудің көптеген түрлері қолданылып отырады. Мәселен, *самауыр әндетеді, боран қиқулайды, жел есінейді* т.с.с.: «Біріне - бірі сай асыл нәрселер жарасымын тауып, жымындасып тұрғандай». «Іңір де түсті, боран да лоқсып-лоқсып қалып, қиқулап жүре берді». «От жағылмаған екі темір пеш түксиіп тұр». «Алғашқы айларда шок - шок қарағанға тірелген сары балшық ыржиып жатқанда, қазақ жұмыскелері оны сары ауыз деп жүріп еді...». «Дала желі ұйқысынан енді ғана оянып, ақырын ғана есіней бастапты» /2/. Мұның барлығы да бейнелеп отырған заттар мен құбылыстардың, айналадағы көріністердің адам сезіміне лайықтап, түсінігіне сәйкестендіріп бейнелеу мақсатында қолданылған. Көркем сөз шебері Ғ.Мүсірепов әр сөз бен сөз тұлғасына ерекше назар аударуды әдетіне айналдырған суреткер ретінде дағдыдан тысқары тұлғаларды қолдануға саналы түрде барады. Мұны автордың сан алуандықты қолдайтыны, сондықтан стильдік даралық деп қабылдауға болады.

Басқа стильдік тәсілдермен салыстырғанда, Ғ.Мүсірепов дамытуды сирегірек пайдаланады. Соның өзінде ол дамыту ерекше қызмет атқаруының нәтижесінде оқырманның зердесінде сақталып та қалады. Салмақты жайдың өзін тәжірибелі жазушы юмор мен сатираның құралы ретінде өте ұтымды кірістіріп отырады: «Колхоз мүшелері сұраған сайын, басқарма бастығы жауап берген сайын, сұрауға сұрау қосылып, дәл осы сәтте білеуленіп болған кезі еді» /2/. «Кешегі теңселіп жүрген Қазі бүгін зыр жүгіріп жүр... Теңселгеннің әкесі мынадай: үйге кіргенде иығымен соқтықпаған, маңдайшаға басын соғып, қалпағын түсіріп алмаған, қалтасын босағаға іліп алмаған, иықтарынан шекпендері ұшып кетпеген төре аз болды» /2/.

Ғ.Мүсірепов шығармаларының барлығында дерлік, әсіресе, көлемді және шағын прозасында, қайталамаларды барынша мол әрі орныммен қолданып отырады. Оның алдында дәл осы мәселеден үлкен өнегеден үйренгені білініп те тұрады. Әлбетте, Ғабең ауыз әдебиетіндегі, Абай туындыларындағы, Ж.Аймауытов қаламынан туған қайталамаларды сол күйінде алған емес. Қаламгердің қайталаманы шебер жұмсайтыны қашаннан бері әдебиет сүйір қауымға жақсы таныс: «Ұрының куәсі көп, даудың куәсі көп, зорлықшының куәсі көп». «Ұлпан отауына кіре бере жылап жіберді. Күні бойы әлдене

алқымына тіреле беріп еді, ол көздің жасы екен: ағылды - кетті, ағылды - кетті, кете берді, кете берді». «Шәріп анау терезенің алдында тұрып сөйлейді. Сөйлей - сөйлей орнынан қозғалып, сөзін бітіруге жақындағанда, жылжи-жылжи үстелге келіп, үстелді бір-екі рет жұдырықтап жіберді... Иә, Шәріп сөйлегенше, оң жағындағы Кәрім мен сол жағындағы Рақима қосыла сөйледі» /2/.

Ғ.Мүсірепов - айтары бар, ойлы жазушы. Ой мен сезім - поэзияға ғана керек емес, прозаға да қажетті қасиет. Ол осыны қатты ескерген. Шығармаларының кез-келген сөз, сөйлемі адамның ұғым- түсінігін байытып, көкжиегін кеңейтеді. «Ақын қыран, қияға да қонады, ақын-адам, далаға да қонады. Ақын бойын да, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады да, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса, қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек-тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын-заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі-бүгіндік, бүгінгісі-ертеңдік. Ақын бойына адамгершілік қана жарасады. Екеуінің біріне ақау түссе, алдымен ақындық өледі». Немесе «Байлық деген - азап. Бай адам күні - түні, қысы - жазы малын ойлайды да, өзі де малға ұқсап кетеді. Мінез - құлқы малында, адамдығынан айрыла береді». «Дау қуған ел жауығар, дау қумаған сауығар», «Құс баласы аспанға қарайды, мал баласы жерге қарайды» /2/. Көп ретте жазушы өзінің өмірден түйген ойларын осылай тереңірек, түсіндіре айтып отырады. Енді бірде ой-пікірді: «Шала істеген іс жаман, шала піскен ас жаман». «Қымыз масы жайлауда туады», «Батыр бір оқтық, байлық бір жұттық», « Жақсы еркек жаман әйелді адам ете алмайды, жақсы әйел жаман еркекті адам қылады», «Үй иелері мырза болса, әйелдері қонақты киіз үй есіктерін ашып тұрып қарсы алады» /2/ деген сияқты қаңақты сөздерге айналдырып, түйіп береді. Мұның бәрі - адамға өмірлік сабақ, тәрбиелік өсиет боларлық ой түйіндер. Ғабит шеберлігінің ендігі бір сыры-ол жағымды кейіпкерлеріне оқырман сүйіспеншілігіне бөлеп, ықылас мейіріміне ие ететін жайдары, жайсаң мінез-қылық беріп парасатты пікір айтқызып отырады. Бірдей Есенеі боранға ұрынып, суға құлап, «жүйрік ат, сұлу қатын - ер қайратты» деп сүйген жарына зорға жетіп құлайды. Сонда Ұлпан «суыққа тоңбаған еркек Есенеі болар ма еді? Отыр, етігіңді шешейін» /2/ деп аяғына жармасады. Міне, бұл - ер қадірін білетін ақылды әйелдің қылығы. Еменәлі Есенеідің жонына сойыл салып қалғанда, Ұлпан қара шоқпарды жұлып алып, лақтырып жіберіп, «қатты тиген жоқ па?»- деп шалының арқасын сипалап, аялап жатады. Бұл да-жарына қамқор жақсы әйелдің ісі. Адам танитын азамат жазушы кейіпкерлерін сөз сайысына шығарғанда әрқайсысына өзінің кім екеніне, мінез-құлқына, көргендігіне, білім-сана деңгейіне қарай сөз беріп қақтығыстырады. Шондығұл жайлауға шыққан Еменәліге «Ағаңның бұйрығы бойынша» деп қонысын көрсеткенде, ол «Ағаңның бұйрығы дегенше, ана жалаңбұт келген тоқалдың бұйрығы деп турасын айтар едің-ау, сен, Ұлтанқұл болмасаң!», - дейді. Сонда Шондығұл: «Хан тұқымы деп, ойнастан туған бір кегер аяқ маймақтың құлы болып жүрген нағыз құл сенсің!» /2/ деп тарпа бассалды. Ал, Ұлпан мен Шынар сөйлескенде бір-біріне абысын-ажын назымен, сыпайы да сырлы үнмен сөйлеседі.

Ғабит шығармаларында авторлық ремарка, суреттеме, мінездеме сынды амал-тәсілдер бірсыпыра орын алады. Көрікті, көркем болып келеді, астарлы жолдарда кездеседі. Бір-ақ мысал: «Сейіттің әке - шешесі даланың бір айналсоқ қырғыны обадан өлген...»

Ғабит Мүсірепов кейіпкер толғаңыстарын шебер, бейнелі суреттейді. Ол Сикорскийдің ойын былай берді: «Оның үстіне, уәдесінде тұрып, Соколовтың келе қалғаны да сәтті жора сияқтанып еді. Полицей приставының дәл осы келе қалуында, мүмкін Рязановтың да қатынасы бар шығар... Бар, әрине... Бірақ, кенедей жабысып, түлкідей бұландап, әр нәрседен дәмелендіріп, уәдесін алған өзі ғой. «Жат қолында» романында да сөз қолданысы әр қырынан танылып отырады. Бұл жайтты автордың өзі ашық көрсетіп, не болмаса, жоғарыда ескерткеніміздей белгілі бір кейіпкерлерінің атынан байқатады. Сөз қолданысы жайындағы сондай құбылыстың бірі - сөз күшінің құдіретін таныта білу, бұрыннан белгілі сөздердің жаңа мән- мағынаға ие болғандығын аңғарту. Шын суреткер қалт еткен бір көріністі бей-жай қалдыра алмайды. Соған деген өзінің көзқарасын білдіріп, суреттеу тәсіліне бар шеберлігін салатын болады. Бұл ретте Ғ.Мүсірепов ерекше дараланып тұрады. Ол өзінің белгілі бір құбылысын суреттей білуде психологиялық үлкен талғам, нәзік сезіммен келеді .

Өмір көріністерін, адамның жан күйінің құбылыстарын прозада әдемі, ашық суреттермен бере білетін Ғабит Мүсірепов өзінің, әсіресе диалог құруға ұсталығын, репликадан кейіпкердің ішкі сипаты дәл сезілетіндей ұтқыр сөз құруға шеберлігін алғашқы жазған әңгімелерінде-ақ анық танышқан.

Сөйлеген сөзінен характердің сипаты сезілуі, образдың мәніне тілдің терең байланысты болуы проза

үшін керек басты шарт. Ғ.Мүсірепов прозасының көркемдік ерекшелігін жақсы танытатын

----- 84 -----

айрықша бір қасиет те осында. Жазушы сөзді образдың мәніне сәйкестіріп, дәл беріп отырады. Сұлу сезімді Ұлпанның, Кенжеғараның, мөлдір жанды Ақтотының, асқақ арманды Ақанның меруерттей тізілген әсем сөздері сол асыл адамдардың жан дүниесінің шынайылығын шебер суреттейді. Олардың адамгершілік қасиеттерінің жоғарылығын, жақсылықты, еркіндікті аңсаған жүректеріне ұялаған сенімдерінің беріктігін, бастарына қандай қатер төнсе де қайтпастай қайратты қалыптарын - осы асыл жандардың жалын атқан сөздерінен терең сезініп отырамыз.

Ғабит Мүсірепов стилі өмірді терең, көрікті ашады. Әр сөзі, әр тіркесі шебер қиысып, мәнерлесіп келіп сымбаттанып кетеді де, көп көрініс көз тұндырады. Ғабит стилі - суретке толы. Өйткені жазушы айналаға үлкен суреткерлік сезіммен қарап, ортаны, әлемді образ арқылы қабылдайды.

Ғабен қолдаңысындағы кейбір сөйлемдердің өзі табиғаты жағынаң нақыл сөздерге де айналып жатады. Бұл, әрине, автор ойының тапқырлығы мен ұшқырлығынан туындайды. Романдағы жазушы қолданған кейбір нақыл, мәтел сөздердің сипаты төмендегідей болып келеді: «Жаман иттің атын Бөрібасар қоймас болар». «Кұдай сыбырлағанды естісе, сайтан сыбырламасаң да естиді. «Етті өзбек пісірсін, қырғыз турасын, қазақ жесін», «Ойда он өгіздің мүйізі сырқыраса, қырда қырық өгіздің мүйізі сырқырайды», т.б. Міне, осындай ұғымдағы сөз өнерінің үлгісін өз көзі тірісінде Ғабен айқын көрсетіп кетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, көркем тілдің тазалығын сақтай білуге шақырды. Мұны болдырмаудың жолдарында өз көркем туындысының стилі арқылы көрсетті. Бұл ретте ол сұлу сөздерді теріп, жинақтап жатпайды, қарапайым сөздердің өзімен - ақ тамаша өрнек салады, көз алдына әдемі сурет әкеледі. Ал жағымсыз кейіпкерлерін суреттеуде ол қолданған теңеу-сипаттамалар олардың бет-пердесін сыпырып тастайды. Автор сөз күшінің құдіретін осылайша туындатып, өзінің шеберлік мектебін одан сайын шыңдап отырады.

Ғабит Мүсірепов - өз табиғатында көркем сөздің шебері деп танылған жазушы. Алайда оның қаламынан туындаған көркемдік шеберліктің сыры бар қырымен әлі толық ашылған жоқ, зерттеліп болған жоқ. Мүсірепов стилі - тұнып тұрған бай қазына. Ол бірден қолға түспейді, ойлануды, толғануды қажет етеді. Оның әрбір сөз қолдаңысында терең сыр, өзіндік бояу бар. Соларды түсіне білу қажет, аша білу қажет. Сонда ғана оның стилінен оның өзін танитын боламыз. Ал Ғабит Мүсіреповті тани білу деген сөз - қазақ әдебиетін, ондағы дара суреткерлердің шеберлік тәсілін түсінуге алып барары анық.

1. Мүсірепов Ғ. Күнделік. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 288 б.

2. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1980.

Резюме

В статье раскрываются художественные особенности творчества Г. Мусрепова.

Summary

The article reveals the artistic features of G. Musrepov.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ (ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ, ТҮРІК) ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ АЛҒЫС (БАТА, ТІЛЕК, ДҰҒА) СӨЗДЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ Э.Қапаған -

Қырғыстан Республикасы ҰҒА Бішкек гуманитарлық университетінің аспиранты

Фольклор - әлем халықтарының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарын, ұлттық-этнографиялық тұрмыс ерекшеліктері, наным-сенімдері, философиялық дүниетанымы, психологиялық жан ділі, т.б. - сан салалы қасиеттер жинқталған рухани құндылық қазынасы. Адамзат ұрпақтарының әуелгі пайда болуынан бастап қазіргі кездегі өркениет кеңістігіндегі жетістіктері - халық даналығы ықпалымен өркендеп келеді. Әлем өркениеті - ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан, даму жолы үздіксіз жалғасқан жолының жетістіктер көрсеткіші.

Түркі халықтарының (қырғыз, қазақ, түрік) фольклорындағы сөз өнері үлгілері (мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, аңыздар, тұрмыс-салт өлеңдері, батырлық және лиро-эпостық дастандар, тарихи өлеңдер мен эпикалық жырлар, айтыстар) - ұрпақтардың дүниетанымындағы ортақ көзқарастарды да, өзіндік айырмашылықтарды да саралап танытатынымен ерекшеленеді. Туысқан халықтардың ортақ дүниетаным көзқарастары ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінің фольклоры мен

Ұшқыр аттың арқасын жауыр қылма!
... Қызбен күреспе,
Қысырмен жарыспа! [3, 54-66-бб.].

Қырғыз, қазақ, түрік халықтарының фольклорындағы мақал-мәтелдерде негізі қаланған бата-тілек арнау сөздердің поэтикалық мағыналары адамдардың жақсы істерін мадақтау, ризалық алғысы аясындағы көңіл-күй сарындарымен өрнектелген. Адамдардың тұрмыстық қарым-қатынастары мәдениеті аясындағы қайшылықты мінез-құлық қасиеттерін салыстыра, шендестіре саралай отырып, жағымсыздықтан аулақ болу, ізгілікке, игілікке ұмтылу насихаты уағыздалады. Бата-тілек сөздердің адамдар арасындағы имандылыққа толы қарым-қатынастарды ұғындыратын ұлағаты ұғындырылады.

Түркі халықтарына ортақ дүниетаным аясындағы адамдардың әуелі өзіне, отбасына, одан кейін халыққа, жалпы адамзатқа жақсылық, бейбітшілік жасайтын адамгершілік қасиеттерін ұлықтау бата- тілек арнауымен айтылған:

... Көрікті тоның өзінде болсын,
Шырын асын өзгеге болсын,
Қонақты қолыңнан келгенше құрметте,
Абырой, атағың жұртқа жайылсын.
... Ұлым, менен үгіт үйрен, тәлім ал,
Ел ішінде білім тарат, ғалым бол!
... Жол сәтті болсын!
... Ұлық болсаң, кішік бол!
Халық үшін бәлік бол!
... Алыптармен ұрыспа
Бектерменен тіреспе [3, 66-б.].

«Түркі тілінің сөздігі» («Диуани лұғат ит-түрік») кітабындағы кейбір халық өлеңдері аумақтары да бата-тілек сөздер дәстүріндегі байырғы үлгілер тағылымын аңғартады:

... Жамандық жойылсын,
Әділ заң іске ассын!
Қой мен қасқыр дос болсын,
Қайғы-қасірет жоқ болсын.
... Киімің болса жақсы өзің ки,
Дәмді тағам болады өзгеге сый.
Құрмет қылсаң қонақты,
Асады даңқың халқыңа.
Жау жағынан көз алма,
Еліңе шапса душпаның,
Қарсы тұрып табанда
Кек алудан аянба!
Саған қарап күлсе біреу,
Жайнаған жүзің жасырма.
Сақ болғайсың тіліңе,
Жақсы сөзден тайсалма! [4, 64-65-бб.].

Түркі халықтарына ортақ ежелге әдеби жәдігерліктерде бата-тілек сөздердің ата-бабалар қалыптастырған жақсылық атаулыға алғыс сезіміне негізделген арнаулар тұрақты фразеологиялық құрылымдар үлгілері сипатында байқалады.

Қырғыз, қазақ, түрік, т.б. туысқан халықтарға ортақ фольклор мен әдебиет дәстүрлері тұтасқан мұраларда дидактикалық-философиялық мағыналы қолданыстар мол кездеседі. Мысалы, «Қорқыт Ата кітабы» фольклорлық-әдеби мұрамыздағы Қорқыт Ата мен кейіпкерлердің алғыс-мадақ пен бата-тілек тұтастығындағы философиялық мағыналы көркем кестелі поэтикалық мағыналы өрнектер халық даналығының көркемдік-эстетикалық қуаттылығын дәлелдейді. «Қорқыт Ата кітабындағы» «Қорқыттың нақыл сөздері» бөлімінде фәни мен бақи жалғастығындағы адамзат ұрпақтары ғұмырындағы қарама-қайшылықты қасиеттер, құбылыстар, шендестіріле бейнеленеді. Тіршілік қозғалысындағы адамдар мен қоршаған тіршілік қозғалысындағы тектес және қарама-қарсы мағыналы ұғымдар мен бағалаулар жүйесіндегі

үндестіктер мен қайшылықтар, қақтығыстар жүйелене баяндалған. «Қорқыттың нақыл сөздері» фольклордағы мақал-мәтелдермен, авторлық поэзиядағы ақын- жыраулардың толғау-термелерімен, би-шешендердің толғаңыстарымен үндес. Қорқыт Атаның бағалау мен бата-тілек тұтастығындағы ұлағат сөзі түркілік дүниетанымға тән ойшылдық-ұстаздық ұлағатын аңғартады:

«Мықты, жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне білмес, ол мінгенше, мінбесе игі. Шалып кесер өз қылышыңды мұқалтып шалғанша, шалмаса игі. Шала білген жігітке оқ пен қылыштан гөрі - бір шоқпардың өзі артық. Қонақ келмеген үйдің құлағаны артық. Ат жемейтін ащы шөп біткенше, бітпегені игі. Адам ішпес ащы су жылға қуып аққанша, ақпағаны игі. Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. Баба атын шығаратын дәулетті ұл болғаны игі. Жалған сөз дүниеде болғанша болмағаны игі. ... Үш отыз он жасқа (жүз жаса дегені) толып ұзақ өмір сүріңіз! Жаратқан Ием Сізге жаманшылық келтірмесін, дәулетіңіз баянды болсын, ей, хан ием!» [5, 12-б.].

Бата-тілектер - алғысқа, ризалыққа, толы көңіл-күйден туындайтын сөздер. Халықтың ата-бабалар қалыптастырған ұлағатты тәлім-тәрбиесін, еңбексүйгіштікті, батырлықты, мәрттікті жан діліне сіңірген үрпақтарға сүйсінген абыздардың-ақсақалдардың, ақын-жыраулардың, би-шешендердің, көсемдердің алғыс сезіміне толы жүрек лебіздерін арнауы - дәстүрлі жағдай.

«Қорқыт ата кітабындағы» «Дірсе ханұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» саласында Дірсе ханның жас ұлының дене күші қайратымен байлаудан босатылған, өзіне сүзуге ұмтылған асау бұқаны қолымен тіреп тоқтатып, басын кесіп бауыздаған жойқын қуатына сүйсініп, есімін Бұқаш деп қойып, Қорқыт абыз алғыс-мадақ сезіміне бөленген бата-тілек жырын арнаған:

Ей, Дірсе хан,
Бектік бер бұл ұланға,
Тақ бер астына, өнерлі екен!
Қазмойынды бедеу ат бер бұл ұланға.
Мінер болсын, өнерлі екен!
Қой қорадан он мың қой бер ұланға.
Соғым болсын, өнерлі екен!
Ару аналардан қымыз түйе бер ұланға,
Жүк артатын көлік болсын, өнерлі екен!
Алтын баулы отау бер бұл ұланға,
Көлеңке болсын басына, өнерлі екен!
Құс иінді торқа тон бер ұланға,
Киер болсын үстіңе, өнерлі екен! [5, 20-б.].

Дірсе хан ұлы Бұқаштың жаңа басталған алғашқы іс-әрекеттеріне риза болған халықтың сенімі ақталады. Күншіл, қызғаншақ қырлық жігіт нөкерлердің әззіл сөздеріне иланып, аңда жүріп өз ұлын өзі атқан Дірсе ханның сөзге ергіш ұстамсыздығы, артынша сол ісіне өкінген ханның күйініші, күйзелісі, аңдағы ұлын іздеген анасының зары, боз атты Қызырдың бала жарасын үш мәрте сипағаны, тау шешегі мен анасының сүтін жағып жазылатынын айтқаны, баланың жазылғаны - бәрі сюжеттік-композициялық шиеліністі оқиғалар желісін құрайды. Қарақшылардың зұлымдық тұтқынына түскен әкесі Дірсе ханды құтқарып, жауларды өлтіріп, тұтқывдап жеңген батыр бала Бұқашты Байындыр хан билік тағына отырғызғаннан кейінгі сюжеттік шешімнен кейін Қорқыт Ата берген алғыс-бата - түркі халықтарының батырлық, елдік-отаншылдық дәстүрлері қалыптасқан ататарих кезеңдері шындығын көз алдымызға елестетеді:

«Ақ өлім келсе, парызыңды өтерсің! Бақ-дәулет, ақыл-парасатыңды арттырып, Тәңірім қуат берсін!

Бата берейін:

Қаратауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін!
Күркіреп аққан суларың сарқылмасын!
Қаңаттарыңның ұшы қырқылмасын!
Бәйгеге жіберген Ақбоз атың мүдірмесін!
Қара болат қылышың мұқалмасын!
Шашақты найзаң сынбасын!
Ананың жатқан жері пейіш болсын!
Бабаңның жатқан жері жұмақ болсын!

Хақ жандырған шырағың жана берсін!

Тәңірің сені қара жүрек қарақшыларға мұқтаж етпесін, ей хан ием! [5, 28-29 бб.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» алғыс-бата-тілек сөздері түркі халықтарының (қырғыз, қазақ, түрік, т.б.) фольклоры мен әдебиеті мұраларының - тарихи-мәдени негіздерінің бірі. Ондағы барлық тақырыптық бөліктердегі сюжеттік-композициялық құрылымдардағы оқиғалар барысында, сюжеттік шешімдерінен кейін үнемі Қорқыт Атаның алғыс-бата сөздері тұрақты түрде айтылады.

«Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баяны» бөлімінде кәпірлердің батыр нөкерлерімен аңға кеткен Казанбектің ордасын басып алып, бала-шағасын, қазынасын олжалаған кәпірлерден солардың бәрін шайқаспен қайтарып алған кездегі қаармавдық-жауынгерлік ерлік істерге тебіренген, алғыс сезімімен шабыттанған сәттегі алғыс-бата-тілектердің түйдектеле төгілгенін оқимыз:

«Қорқыт Ата келіп, жыр жырлады. Осынау оғыз-наманы қорыта келіп, ол былай депті:

Қане, ей бектер, жарандар,
Дүние менікі дегендер!
Ажал алды, жер жұтты,
Фәни дүние кімге қалды!
Келімді-кетімді дүние
Ақыр соңы - өлімді дүние!
Қарлы қара тауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағаштарың кесілмесін!
Тасып аққан ағын суларың суалмасын!
Тәңірі сені қарақшыға мұқтаж етпесін!
Жүйрік ақ боз атың мүдірмесін!
Қара болат қылышың кетілмесш!
Сілтеген найзаң сынбасын!
Ақ сақалды бабаның жатқан жері ұрмақ болсын!
Ақ шашты ананың жатқан жері жәннат болсын!
Ақыр соңы ар-иманнан айырмасын!
Әумин дегендер Тәңірінің жүзін көрсін.
Хақ алдында бес ауыз сөзбен дұға оқыдық, қабыл болсын!
Алланың берген үміті кесілмесін!

Барша күңәңызды аты қасиетті Мұхаммед Мұстафаның нұрлы дидары үшін кешірсін, ей, хан ием!» [5, 44-б.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» Абыз-Баба бата-тілектерінің бәрі де композициялық құрылымындағы әр тақырыптағы сюжеттерінің аяқталуына қорытынды сипатымен ерекшеленеді. «Қам Бура Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» бөлімінің соңындағы Қорқыт Атаның бата сөзінде де әуелгі үлгілердей фәни өткіншілігі туралы шумақтардан кейін оқиға сарынына байсалды, салмақты ой үстемелейтін мағыналы ой тұжырымдары айтылған:

... Бата берейін хан ием,
Жері қара тауларың құламасын!
Көлеңкелі қаба ағашың кесілмесін!
Ақ сақалды бабаңның жатқан жері ұрмақ болсын!
Ақ шашты анаңның жатқан жері бейіш болсын!
Ұл мең қыздан айырмасың!
Ақыр соңында таза иманнаң айырмасың! [5, 74-б.].

Ал, «Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баяны» атты бөлімінің соңында осы бата-дұға қысқаша қайталанған нұсқамен берілген: «Қаңлы Қожаұлы Торалы әңгімесінің баяны» бөлігінің соңындағы бата («Ажал келгенде - таза иманнан айырмасын! Тәңірім сені қарақшыға мұқтаж етпесін! Алланың берген үміті үзілмесін! Хақ алдында бес ауыз сөзбен дұға қылдық, қабыл болсын! Барша күңәңызды Мұхаммед Мұстафаның жарқын жүзі кешірсін, ей, хан ием!») [5, 119-б.], да дәстүрлі сипатымен берілген. Ал, «Басаттың

Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» бөліміндегі сюжеттік шешімнен кейінгі мәтінде алғыс-бата айтылған:

«Қалың оғыз бектері жиналып, Салаыана Қиясына келді. Төбекөздің басын орталарына алды. Қорқыт Атаны шақырып, шаттық әуенін шалдырды, ол қабармаң жарандардың басынаң кешкендерін баян етіп, Басатқа алғыс айтты:

Қаратаудың асқарынан аса берсін,
Қанды-қанды сулардан өте берсін! - деді.

Ерлікпен ағанның кегін қайтарып, қанын алдың. Қалың оғыз бектерін ауыр азаптаң құтқардың. Алла жүзінді ақ етсін, Басат! - деді» [5, 129-б.].

«Қорқыт Ата кітабындағы» алғыс бата-тілек сарындары тұтаса өріле айтылған сөздер түркі халықтарына ортақ дүниетаным үндестіктерінің тарихи-мәдени негіздері желісін құрайды.

Туысқан халықтардың фольклоры мен әдебиеті мұраларында түркілік наным-сенімдер мен ислам діні ұстаңымдары тоғысуы құбылыспен сіңірген алғыс-бата-тілек сөздері поэзиялық және прозалық сипаттары араласқан үлгілерімен кейінгі дамуға жалғасты. Алғыс-бата-тілек сөздердің түркі халықтарына ортақ жәдігерліктердегі үлгілері сөз өнері мұраларындағы көркемдік-эстетикалық дүниетаным тереңдіктері болып ұрпақтар дүниетанымын дамытумен келеді.

1. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001 жылғы 18-19 мамыр. - Алматы: Ғылым ҒЗО, 2001. - 584 б.

2. Қашқари Махмұт. Түрік тілінің сөздігі («Диуани лұғат ит-түрік»): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. - Алматы: «Сөздік - Словарь», 2006. - 376 б.

3. Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері / Құрастырып, аударған Н. Оңдасынов. - Алматы: Өлке, 2003. - 280 б.

4. Ертедегі әдебиет нұсқалары /Құрастырушылар: Б.Кенжебаев, Х.Сүйінішәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов, - Алматы: Мектеп, 1967. - 208 б.

5. Қорқыт Ата кітабы / Түрік тілінен ауд. Б.Ысқақов. - Алматы: Жазушы, 1994. - 160 б.

Резюме

В статье рассматриваются культурно-исторческие основы фольклора турецких народов.

Summary

This article explores the cultural-istorceskie fundamentals of folklore turkskih peoples.

ШЕКСПИР И ЕГО ВРЕМЯ Е.Ж. Тулепбергенова

Творчество Шекспира - высочайшая вершина английского Возрождения и мировой драматургии. Оно вообрало в себя все сколько-нибудь значительное из великой эпохи человечества и сумело облечь мысли, верования, борьбу своего времени в образы потрясающей силы, отлить жизнь общества и человека в такие художественно обобщенные типы и коллизии, что мир произведений Шекспира живет и поныне.

Шекспир творил в царствование Елизаветы (1558-1603), когда в стране интенсивно развивались торговля и промышленность, укреплялась после победы над Испанией международная позиция Англии, расширялась ее колониальная экспансия. За два десятилетия с 70-е по 80-е годы небольшое островное государство сумело наверстать то, что было упущено в начале эпохи великих географических открытий. Его корабли проникли во владения турецких султанов, испанские и португальские колонии Нового Света, исследовали пути в Северном Ледовитом океане, побережье Северной Америки и Гренландии. Англичане основали свою первую колонию в Америке, добрались до Амазонки. Горизонты нации необыкновенно расширились. Успешная борьба с прежде безраздельно господствовавшей над океанами Испанией стимулировала национальное самосознание англичан. Победа над Великой Армадой в 1588 г. снискала Англии славу владычицы морей, породив огромную литературу в виде дневников и отчетов путешественников, трактатов о выгодах торговли и освоения новых материков.

Вера в собственную исключительность, божественное предназначение английской нации, ощущение молодости и энергии составляли специфическое мироощущение елизаветинской Англии, послужившие одним из источников ее культурного расцвета во второй половине XVI в. В эту эпоху английский двор, по признанию иностранцев, стал одним из самых пышных в Европе; его блеск проявлялся, однако, не в застывшей в камне

роскоши королевских резиденций, а в необыкновенно интенсивной культурной и интеллектуальной жизни, кипевшей в них.

В это время в Англии утвердились высокие стандарты образования придворной аристократии. Тон задавала сама королева Елизавета, воспитанница выдающегося педагога Р.Эшема, обладавшая глубокими познаниями в области философии и истории, талантливая поэтесса и музыкантша, владевшая латынью, греческим, французским, итальянским, испанским, а также немецким, голландским и шотландским языками. В ее лице страна обрела подлинного интеллектуального лидера; Елизавета окружала себя высокообразованными и одаренными людьми. Ее министры и фавориты были поистине универсальными ренессансными личностями - поэтами, философами, героями на поле боя и пиратами. Патронат искусствам и литературе был одной из сфер их постоянного соперничества. Составляя самую образованную прослойку общества, двор определял характер, темы и формы литературного творчества. Среди ведущих жанров литературы во второй половине XVI в. безусловно господствовали два: поэзия и драма [1; 226].

Не будучи законодателями в изобразительном искусстве, англичане заняли лидирующие позиции в области драмы. Театр стал тем искусством, в котором реализовалось все самое оригинальное и талантливое, что породила эта нация. Своего наивысшего пика английский театральный гений достиг в 80-е - 90-е годы XVI в.

Иностранцы, попадавшие в Англию во второй половине XVI в., бывали поражены интенсивностью местной театральной жизни, количеством театров, пьес и исполнявших их трупп, а также невероятным энтузиазмом публики. Именно особое умонастроение аудитории создавало здесь благоприятную почву для драматического искусства: немногочисленное, тесно сплоченное патриотической национальной идеей общество переживало в этот момент героический период своей истории, одержав победу над внешним врагом и утвердив приоритет своих религиозных ценностей. Национальный триумф вызвал всплеск интереса к отечественному прошлому: нигде в Европе не было такого спроса на пьесы-хроники, драмы исторического содержания. Глубокий патриотизм, историчность и высокая политизированность - характерные черты английской драмы XVI в.

Однако взлет елизаветинского драматического искусства был подготовлен всей предшествующей традицией. Театральная жизнь в Англии была интенсивной уже в XIII-XV вв.; здесь играли моралите, миракли, фарсы, интерлюдии [2; 56]. Реформация нанесла смертельный удар церковной литургической драме, призванной в основном разъяснять и иллюстрировать ход ведущейся на латыни службы.

Моралите ушли в прошлое, но интерлюдии и комические фарсы продолжали ставиться городскими корпорациями и странствующими актерскими труппами.

К началу XVI в. театр проник во все поры английской жизни: живые картины разыгрывались на городских улицах во время праздников, торжественных процессий и приемов иностранных послов; разрасталась драматическая часть рыцарских турниров; во дворцах постоянно играли не только приглашенные актеры-профессионалы, но и сами придворные. Любительский театр был вообще очень развит. Театральное искусство не замыкалось на национальных традициях и вкусах. В него проникали и новые веяния с континента, связанные с общим подъемом интереса к классической литературе и драме в том числе. Их проводниками стали университеты и ученая гуманистическая среда, которая занялась пристальным изучением античных театральных канонов: теоретических положений Аристотеля и Горация, образцовых комедий Плавта и Теренция, греческих трагедий в переложении Сенеки. В подражание им университетские любители создавали десятки пьес, написанных на латыни, на сюжеты из греческой или римской истории. При этом необходимо отметить, внедрение классических образцов не привело к отрицанию опыта английского национального театра, а завершилось в конечном итоге плодотворным слиянием обоих направлений. Восприимчивый к новым веяниям двор на время отдал предпочтение продукции ученых сочинителей, но скоро вернулся к своим обычным пристрастиям - старинным английским комедиям [1; 232].

Актерами в елизаветинской Англии были только мужчины. Труппа насчитывала обычно не более 12-15 человек. Подбор пьес и руководство всеми сторонами жизни труппы были обязанностью антрепренеров, самыми предприимчивыми и процветающими из которых были Барбедж, известный и как прекрасный актер, и Хэнслоу. Когда профессиональные труппы достаточно окрепли, возникла необходимость в специализированных помещениях - театрах. В 1576 г. было построено первое настоящее театральное здание,

